Бастауыш сынып мамандарын даярлаудағы маңызды саланың бірі - тіл даму теориясы мен әдістемесі курсы. Оның жоғарғы оқу орындарында басты мақсаты - студенттерге ана тілінің лингводидактикалық және психофизиологиялық негіздерді терең ұғындыру. Балалармен ұйымдастырылатын жұмыстың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдана білуге даярлау. Курсты оқу процесінде әдістемелік ойларды, шынайы педогогикалық ситуацияны дұрыс бағалай білу қабілеті, теориялық білімдерін түрлі жағдайларда қолдана алу қабілеттері қалыптасады.

Мектепте тілді оқыту ісінде ана тілі пәнінің үлесі орасан зор. Бұл пәнді жоғарғы оқу орындарында оқытудағы басты мақсат студенттерге ана тілінің ерекшелігін, маңыздылығын терең ұғындыру және балалармен ұйымдастырылатын жұмысты тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана білуге даярлау. Курсты оқу процесінде әдістемелік ойларды, шынайы педогогикалық ситуацияны дұрыс бағалай білу қабілеті, теориялық білімдерін түрлі жағдайларда қолдануы қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамуы грамматика мен оқу сабақтарындағы жұмыстармен шектелмейді. Бұл барлық пәндерді оқыту барысында, тіпті мектептегі оқу тәрбие жұмысының өн бойында үздіксіз жүргізіліп отыратын жұмыс.

Түйін сөздер: мектеп, мұғалім, ана тілі, тіл дамуы, тіл даму теориясы, сөздік қор, сөйлеу, әдеби тіл, тіл мәдениеті, қабілет, тексеру, түзету.

Аннотация

З.А.Бакирова¹

*¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясауи
(г. Туркестан, Казахстан)*

РАБОТЫ ПО РАЗВИТИЮ ЯЗЫКА ОСУЩЕСТВЛЯЮЩИЕСЯ В НАЧАЛЬНЫХ ШКОЛАХ

Обучение в начальной школе является одним из наиболее важной промышленности в процессе развития теории языка и методики. Основная цель высших учебных заведений – освоение лингводидактические и физиологические основы родного языка. Организация обучения - научиться использовать эффективные методы работы с детьми. Идея обучения является умение правильно оценить ситуацию, способность применять теоретические знания в различных формах.

Знание родного языка играет важную роль в начальной школе. Развития языка в общественной жизни, ее коммуникативный (как средства связи) и выразительный (как соединительная основа) функций осуществляют главную задачу преподавания предмета родной речи. Таким образом, предмет родная речь реализует развития устной и письменной грамотность у детей.

Учащиеся начальной школы на уроках чтения не ограничиваются работой над грамматикой и развитием речи. Воспитательная работа осуществляется непрерывно по всем предметом в начальной школе.

Ключевые слова: школа, учитель, родной язык, развитие языка, развитие теории языка,

Abstract

WORK ON LANGUAGE DEVELOPMENT IMPLEMENTED IN PRIMARY SCHOOLS

Z.A.Bakirova¹

*¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)*

Education in primary school is one of the most important industry in the development of the theory and methodology of language. The main goal of higher education institutions is linguistic development and physiological basis of the native language. Organization of training is to learn the usage effective methods of working with children. The idea of learning is the ability to properly assess the situation, the ability to apply theoretical knowledge in various forms. Knowledge of the mother tongue plays an important role in primary school. The development of language in public life, its communicative (as a means of communication) and expressive (as connecting base) functions perform the main task of teaching the subject of native speech. Thus, the object implements the native speech of oral and written literacy in children. Elementary school students in the reading lessons are not limited to work on grammar and language development. Educational work is carried out continuously in all subjects in elementary school.

Keywords: school, teacher, mother tongue, language development, the development of the theory of language, vocabulary, language, literary language, culture, language and the ability of checking and correction.

Кіріспе. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімдік деңгейімен айқындалады» деп айтылған. Егемендік алған тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениетке жетудегі бірден-бір дара жолы –білім жүйесі. Орта мектеп-білім жүйесінің басты буыны. Орта мектепте қаланған білім негізі оқушының болашағына жол ашады.

Қазіргі кезеңдегі басты мәселенің бірі жаңа технологиялардың дамуы кезеңінде болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуында ұстаздардың атқаратын рөлі ерекше. Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркениеттегі өз орны, ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы-ұстаз қолында»- деп атап көрсеткен болатын.

Болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлаудағы маңызды саланың бірі тіл дамыту теориясы мен әдістемесі курсы болып табылады. Бұл пәнді жоғарғы оқу орындарында оқытудағы басты мақсат студенттерге ана тілінің ерекшелігін, маңыздылығын терең ұғындыру және балалармен ұйымдастырылатын жұмысты тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана білуге даярлау. Курсты оқу процесінде әдістемелік ойларды, шынайы педогогикалық ситуацияны дұрыс бағалай білу қабілеті, теориялық білімдерін түрлі жағдайларда қолдануы қалыптасады.

Зерттеу әдістері. Ана тілі пәнінің мектептегі тілді оқыту ісінде алатын орны ерекше. Ана тілі пәні бойынша оқушыларды өмірге баулу жөніндегі міндеттер тілдің негізгі қоғамдық қызметіне, коммуникативтік (байланыс, қатынас құралы ретінде) және экспрессивтік (әсер, ықпал етуге дәнекер болу) қызметіне қарай жүзеге асырылады. Ана тілі пәні балаларды ауызша да, жазбаша да толық сауатты, тілді еркін пайдалана білетіндей етіп шығаруды түпкілікті нысана етіп ұстанады. Тіл дамыту жұмыстары деп баланың тілді қарым-қатынас құралы ретінде өз тәжірибесінде пайдалана білуге, үйретуге бағытталған жалпы іс-әрекет деп ұғынамыз да, ал тіл ұстарту деп белгілі бір тілдік заңдылықтар мен ережелердің немесе лингвистикалық, стилистикалық сөз өнері теориясының өз тәжірибесінде қолдана білуге үйрету жұмыстары деп түсінеміз. Тіл дамыту жұмыстары мынадай жүйе мен салалардан тұрады:

- сөздік жұмысы сөздік қорын молайту;
- стиль, стилистикалық ұғым мен дағды беру, стилистикалық тілдік құралдарды үйрету;
- тіл синонимдерімен жұмыс;
- тілдің көркемдегіш және бейнелегіш құралдарын үйрету;
- сөйлеу, айту дағдыларын жетілдіру;
- жазбаша тілін дамыту;
- әдеби тіл нормасынан мәлімет беру;

- тіл мәдениетін қалыптастыру
- тілдің грамматикалық құрылысын игеру, оны өз практикасында қолдана білуге баулу;

Мектеп табалдырығын бүлдіршіндер алғаш аттаған кезде басталатын сауат ашу және тіл дамыту - қазақ тілі бағдарламасы салаларының негізгі құрамның бөлігі. Сауат ашу және тіл дамыту кезеңіндегі оқу жұмысының мақсаты - оқушылардың есте сақтау қабілетін дамыту, оларды оқу мен жазуға үйрету, ойлау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту.

Яғни, бұл кезеңде жүргізілетін жұмыс түрлері оқушылардың тілін байытып, жалпы білімін кеңейту мақсатына ұштастырылады.

Тіл дамыту мен сауат ашу жұмыстары бірнеше кезеңнен тұрады. Әр кезеңнің өз мақсаты, соған сәйкес жүргізілетін жұмыс түрлері болады. Сауат ашу әуелі дайындық кезеңнен басталады. Дайындық кезеңінде мұғалім жеке баланы танып, білу мақсатында жұмыс түрін ойластыру керек. Осы кезеңде дыбыстар мен әріптерді меңгертуге байланысты орындалатын жұмыс түрлеріне жаттықтыру, даярлау, үйрету жұмыстары да жүргізіледі. Сауат ашудан кейін ғана оқушылар жазуға дағдыланады. Балалардың мектепке келіп түскен кездегі психологияның дене ерекшеліктері жөнінде мағлұматтарға сүйене отырып, мазмұндама мен шығарманы бірінші сыныптан бастауға мүмкіндік бар.

Зерттеу нәтижелері. Бастауыш сынып оқушылары мазмұндама мен шығарма жазу барысында мынадай дағдыларға бейімделеді:

1. Оқушылар оқылған мәтінді қабылдап, сол қабылдағандарын өз сөздерімен жазып, белгілеуге дағдыланады.

Бұл дағдыны меңгермей, шығарма жазуға көше алмайды. Осы жұмыстың барысында бірқатар сөз тіркесі мен сөйлемдер, бейнелі сөздер автоматты түрде оқушылардың есінде қалады. Шығарма жазбас бұрын мазмұндама арқылы бірқатар процестерге жаттығу қажет.

2. Шығармада ұсынылатын тақырыпты түсініп, оның жігін ажырата алу дағдысы. Мысалы: "Біз ағашты қалай отырғыздық?" тақырыбы бойынша өздерінің ағаш отырғызғанда не істегендерін әңгімелеу керектігін ажырататындай болу керек;

3. Шығарма жазу үшін материал жинау дағдысы, яғни материал жинау барысында балалардың кей біреуі үй ішінен сұрауы мүмкін. Бастауыш сынып балалары бақылай білуге, кітаппен жұмыс жасауға, суреттерді қарап, қабылдай білуге жаттықтырылып, бұл жаттығулар бірте-бірте дағдыға айналдырылуы қажет.

4. Жинаған материалдарын жүйелей алу дағдысы. Бұл дағдыға бастауыш сынып оқушылары алғашқы кезде мазмұндама арқылы үйретіледі. Қиындықты жеңу үшін балалар алдымен дайын мәтіннің жүйесін байқап дағдыланады яғни қандайда бір мәтіннің белгілі бір жүйемен құрастырылатынын ұғады, білген-көргендерін әңгіме етіп құрастырғанда оны жүйелеп алуға дағдыланады. Егер бұған дағдыланбаса, жинаған материалдарын қалай жазуды білмей, еш нәрсе жазбай отырып қалады, шығарма жазуға қызықтырудың орнына керісінше әсер етеді. Олардың шығармаға деген ынтасын кемітеді.

5. Оқушылардың өз ойын дұрыс білдіру деген - шығарма яки мазмұндама жазғанда белгілі тілдік норманы сақтау, әдеби тілдің ең керек элементін пайдалана білу, сөйлемдерінің бір-бірімен байланысып, тілі жатып келуі. Ал, ойын түсінікті білдіру дегеніміз - оқушының ойы дәл анық, көкейге қонымды болуы.

Шығарма мен мазмұндама жазу барысында балалар көптеген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін үйренеді. Олар арқылы балалардың лексикалық қоры байып, тілдері ұстарады. Дайындық жұмыстар көбіне грамматикадан өтіледі, материалға сай оқу сабақтары да жүргізіледі.

6. Оқушының жазғандарын тексеру, түзету, жақсарту дағдысы. Бұл дағдыға үйретуде де көптеген қиындықтар кездеседі. Оқушылар шығарма мазмұндама жазғанда көбінесе мұғалімге бірінші болып тапсыруға асығады да, жазғандарын қайта оқымайды, сөйтіп, жазған жұмыстарының бірде-бір сөзін, не тыныс белгісін, не әріп қатесін түзетпестен тапсырады. Бұл жөнінде мұғалімнің ескерткен сөзі де әсер етпейді.

Бұл дағдыға балаларды үйрету қанша қиын болғанымен, олар жазғандарына сын көзімен қарап, түрлі себептермен жіберген қателерін батыл түзету дағдысын бастауыш сыныптарда үйренуге тиіс.

7. Оқушының әңгімесін белгілі бір тұлғада (бастауыш пен баяндауыштың бір шактың тұлғада келуі) баяндай білу дағдысы.

Міне, шығарма, мазмұндама жұмыстарында берілетін дағдылардың бастылары осылар.

Талқылау. Бастауыш мектептерде жүргізілетін тіл дамыту жұмысы негізінен мынандай мақсаттарды көздейді.

1. Оқушылардың байқағыштық, ойлау қабілеттері мен тілін, дүниетанымын дамыту, әр нәрсені салыстыра талдап, салыстыру негізінде өз беттерімен қорытынды шығара білуге үйрету.

2. Оқушыларға қазақ әдеби тіл нормасына сай өз сезімін, ойын дұрыс жазып бере алатындай дағдылар беру.

3 Оқушыларды ана тілін сүюге, оның алтын қорын білуге және оны сезініп, құрметтей білуге тәрбиелеу.

4. Оқушылардың жазу тілін дамытуға септігі тиетін мазмұндама мен шығарма жұмыстарының оңай да тиімді түрлерін іріктеп алып ұсыну.

5. Оқушылардың іскерлік қабілетін арттыру. Осындай мақсаттарды жүзеге асыру барысында мұғалім белгілі бір әдістемелік талаптарға сүйенеді. Ол талаптар мынандай:

- Берілген тақырыпты ашып көрсете білу, оқушы өзінің жинаған материалын берілген тақырыптағы негізгі ойды көрсететіндей етіп іріктеуі қажет.

- Жазылған жұмыстың мазмұнды болуы.

- Оқушы материалды ешбір қайшылықсыз, белгілі бір ретпен жүйелі түрде баяндауға тиіс.

- Оқушылар сөзді, айтатын ойын дәлме-дәл, анық білдіретіндей етіп іріктеп, тандап қолданғаны дұрыс.

- Басында артық сөз, қыстырма сөз қолдану, бір сөздің бірнеше рет қайталануы сияқты кемшіліктерге жол бермеу шарасы жасалуы тиіс.

- Оқушы жазба жұмысында сөйлемдерді белгілі бір формада қарастыратын болсын, яғни бір сөйлем өткен шақта екінші сөйлем келер шақта тұрмау керек.

- Оқушылардың жазба жұмыстарында кейде жергілікті ауызекі сөйлеуде қолданылатын сөздер орын алады. Мұндай қателерден сақ болу жағы есте болуы керек.

- Жазба жұмыстарын жетілдіре білу дағдысын оқушылар міндетті түрде меңгеруі керек.

Қорытынды. Бастауыш сынып оқушыларының шығармалары мен мазмұндамаларында бұл көрсетілгендердің бірден түгел орындалуын талап етуге болмайды. Бірақ жазба жұмыстарын жүргізген кезден бастап-ақ бірте-бірте оқушылар жоғарыда көрсетілген талаптарды орындау жолына бағытталады.

Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту грамматика мен оқу сабақтарындағы жұмыстармен шектелмейді. Бұл барлық пәндерді оқыту барысында, тіпті мектептегі оқу тәрбие жұмысының өн бойында үздіксіз жүргізіліп отыратын жұмыс. Сондықтан мұндай күрделі мәселелердің барлық проблемаларын бір жолғы зерттеу жұмысында жан жақты талдап шығу мүмкін де емес.

Қорыта айтқанда, әр сабақта тіл дамыту кезеңдері, жұмыстары жүйелі түрде дұрыс ұйымдастырылған жағдайда балалардың сөздік қоры молайып, тіл орамдылығы артып, оқушылардың тұлғалық ерекшелігі дамиды және баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашылық қабілеті зор жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы

2. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2014

3. Рахметова С. Кіші жастағы оқушылардың жазбаша тілін дамыту. Алматы, 1978.

4. Сүлейменова Э.Д. т.б. Тіл ұстарту. Алматы, 1996.

5. Жапбаров А. Оқушылардың ауызекі сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру әдістемесі. Алматы, 2002.

6. Тұрдалиева Г.Ж. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. Астана, 2007.

7. Жапбаров А. Мектеп оқушыларының тілін дамыту әдістемесі. Алматы, 1997.

8. Ысқақов Б. Тіл дамытудың психолінгвистикалық негіздері. Алматы, 1997.

М.И.Адамбеков¹

¹к.п.н., профессор КазНПУ им. Абая,
г.Алматы, Казахстан.

ПРОБЛЕМЫ ВОЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ

Аннотация

В данной статье рассматривается проблема нравственного, патриотического воспитания остается одной из наиболее актуальных в решении задач, выдвинутых общеобразовательной школой. Сегодня становится ясно, что основам патриотизма, нравственности необходимо учить во всех образовательных учреждениях на всех ее ступенях, ибо проблемой современного подрастающего поколения Казахстана является духовный вакуум, в котором оно оказалось в этот тяжелый переходный период.

Ключевые слова: вакуум, поколения, дух, проблема, патриот, воспитания.

Аңдатпа

М.И.Адамбеков¹

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ.

¹Абай атындағы ҚазҰПУ п.ғ.к., профессоры,
Алматы қаласы, Қазақстан.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие мәселесі жалпы білім беретін мектеп ұсынып отырған міндеттерді шешуде ең көкейтесті болып отыр. Отан сүйгіштіктің, адамгершіліктің бастау негіздеріне білім беру мекемелерінің барлық сатыларында үйрету қажет, өйткені осы бір ауыр өтпелі кезеңде Қазақстанның қазіргі өсіп келе жатқан жастарының басты проблемасы, олардың рухани жұғандығы болып отыр.

Түйін сөздер: Адамгершілік, патриот, тәрбие, рух, Отан

Abstract

PROBLEMS OF MILITARY-PATRIOTIC EDUCATION OF JUNIOR GENERATION

M.Adambekov¹

¹ *Candidate of pedagogical sciences, Professor of the Kazakh National pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhshtan*

This article examines the problem of moral, patriotic education remains one of the most relevant in solving the problems put forward by the general education school. Today it becomes clear that the foundations of patriotism and morality must be taught in all educational institutions at all its levels, for the problem of the modern rising generation of Kazakhstan is the spiritual vacuum in which it found itself during this difficult period of transition.

Keywords: problems, military-patriotical, actual nowadays.

Школа и общество оказались не в силах решать важнейшие задачи духовно-нравственного, патриотического воспитания детей, подростков и молодежи. Одновременно с духовным вакуумом СМИ стала переполняться дешевая продукция с пропагандой насилия, половой распущенности, развращающей юные души. Все это не может не вызывать острейшую тревогу за судьбу современного подрастающего поколения, для которого оказываются размытыми и затухающими извечные идеалы добра, любви, преданности и чести. Эта ситуация усугубляется еще и тем, что она протекает на фоне острого социально-экономического кризиса и психологической напряженности, испытываемой обществом и каждой отдельной семьей, что затрудняет осуществление полноценного семейного воспитания, духовного общения и близости родителей и детей. Одна из сторон воспитания будущих граждан видится через воспитание чувства патриотизма и любви к родной стране уже на первых ступенях образования, то есть в дошкольном учреждении. Патриотическое воспитание детей является частью нравственного воспитания и осуществляется в детском саду через занятия, игровую деятельность, на праздничных утренниках, через работу с семьей.

К примеру, можно рассказать о нашей Родине - Республике Казахстан, дать детям понятие об СНГ, о столице Астане. Расширить представление о символах Республики Казахстан. Дети должны

узнавать герб, флаг, мелодию гимна и сами должны исполнять гимн страны.

Необходимо формировать у детей представление о жизни и достижениях страны, воспитывая чувство гордости и любви к родной земле, народу, чувство симпатии к произведениям великих казахских и русских поэтов, композиторов, художников.

Дети дошкольного возраста должны знать о существовании армии, ее необходимости и миротворческой миссии. Рассказывая детям о героических подвигах во время Великой Отечественной войны, о воинах Панфиловской дивизии, о подвиге Алии Молдагуловой, Маншук Маметовой, необходимо создавать образы новых защитников Отечества.

На наш взгляд, уровень гражданской ответственности у подрастающего поколения возможно повысить рядом мероприятий:

- изучать в организациях образования Постановление Правительства РК № 1340 от 1 ноября 1996 года «О начальной военной подготовке», послание Президента «Казахстан-2030» в аспекте военно-патриотического воспитания;

- провести мероприятия, посвященные Дню Победы, Дню образования Вооруженных сил РК, Дню защитников Отечества (соревнования по военно-прикладным видам спорта);

- рассматривать и анализировать на педсоветах организаций образования, совещаниях различных уровней состояние военно-патриотического воспитания молодежи;

- проводить занятия с учащимися и студентами по темам: «Конституция Республики Казахстан о защите Отечества», «Герои-казахстанцы», «Законы о защите» и т.д.;

- организовать встречи с участниками ВОВ и воинами-афганцами и участниками локальных конфликтов, акцентировать внимание на миротворчестве воинов; организовать встречи с работниками военкоматов, военной прокуратуры, офицерами и личным составом близ расположенных воинских частей;

- на лекциях и семинарах дисциплин социально-гуманитарного цикла глубоко изучить историю народно-освободительной борьбы, армии;

- постоянно работать над воспитанием у учащихся любви и гордости за символы государства (герб, флаг, гимн), шефствовать над памятниками;

- разрабатывать и издавать наглядно-агитационный материал (плакаты, стенды, брошюры), организовать смотр военно-технического творчества учащихся, проводить конкурс на лучшую военно-патриотическую песню;

активизировать работу Республиканской туристическо-краеведческой экспедиции «Атамекен» в изучении богатого наследия, традиций и обычаев народов, проживающих в республике и осуществлении экологического воспитания;

открыть и расширить сеть клубов, секций, кружков военно-патриотической направленности в общеобразовательных, профессиональных школах, колледжах, обучить учащихся и студентов действиям в чрезвычайных ситуациях;

- укомплектовать библиотеки литературой по военному делу, о выдающихся полководцах, об армии Казахстана;

- провести научно-практические конференции и семинары по обмену опытом, проблемам методики преподавания, вопросам воспитания и т.п., слет учащихся по вопросам военно-патриотического воспитания;

- организовать лечебно-профилактическую работу по подготовке молодежи в армию;

- привлечь СМИ к пропаганде военно-патриотического воспитания.

Существуют проблемы, требующие решения со стороны государства. Возникла необходимость в пересмотре действующей программы по начальной военной подготовке и разработке программ обучения молодежи НВП на учебных пунктах, создаваемых по решению местных исполнительных органов. Разработать и подготовить к изданию учебник НВП, соответствующий современным требованиям военной доктрины страны, являющийся обобщением всего опыта военно-патриотической работы в организациях образования, в соответствии с положением Республиканского учебно-методического центра для разработки и издания учебной литературы, методических пособий, стендов, плакатов для организации и проведения уроков НВП.

Принять меры к созданию и восстановлению учебно-материальной базы НВП в организациях образования с привлечением руководителей предприятий, организаций, бизнесменов и коммерческих структур и оборудовать в каждом районе (городе) оборонно-спортивные оздоровительные лагеря, превратив их в центры по подготовке молодежи к службе ВС РК, разработать проект типового

положения об оборонно-спортивном оздоровительном лагере. При этом осуществлять меры и обеспечить постоянный контроль за полным охватом юношей начальной военной подготовкой, улучшением подготовки и повышением квалификации преподавателей-организаторов НВП во всех организациях образования независимо от форм собственности. Анализируя проблемы НВП школы, нужно помнить, что сегодняшний школьник - это завтрашний призывник.

Заслуживает внимания программа эксперимента по проведению динамического наблюдения и изучения физического и нервно-психического состояния молодежи допризывного и призывного возраста, который проводится на базе Акмолинской области совместно с научно-исследовательским центром «Тамыр». Эксперимент позволит усовершенствовать и модифицировать систему подготовки молодежи допризывного и призывного возрастов с учетом требований к различным родам войск, разработать на основе научно-обоснованных нормативов индивидуальную программу физической подготовки молодежи. В результате станет возможным скорректировать школьные курсы общественных дисциплин и начальной военной подготовки на основе наработанных методик. Не во всех регионах республики налажена система военно-патриотического воспитания и допризывной подготовки молодежи.

Актуальной проблемой остается низкий уровень образования допризывников. Если в 1999 году на воинском учете состояло 32 155 призывников, имеющих 9 классов образования и ниже, то в 2000 году - уже 39 658. В то время как для комплектования ВС РК требуются грамотные, образованные военнослужащие, способные в короткие сроки овладеть современным вооружением и техникой. В связи со сложившейся ситуацией необходимо принять неотложные меры по повышению качества образования допризывной молодежи.

С низким качеством осуществляется работа по проведению медицинского освидетельствования в период диспансеризации подростков 15-16-летнего возраста в республике. В период призыва выявляются заболевания в запущенных стадиях, которые уже не поддаются лечению, в результате чего юноши признаются не пригодными к военной службе. И данный отрицательный показатель растет из года в год. Так, в 1999 году число больных составило 11 % из числа прошедших комиссию, в 2000 году - 13,8 % и в 2001 году - 14 %. С 1998 года выросло число призывников, имеющих ограничение по состоянию здоровья 4-5 степени в 2 раза. Так, в 1998 году на военном учете находилось 92 тыс. человек, в 1999 году - 107 тыс. человек, в 2000 году - 173 тыс., в 2001 году - уже 210 тыс. Данная категория призывников может только служить в оперативно-конвойных частях, строительных частях и практически в мирное время не призываются.

Здоровье стало главной проблемой призывного контингента в республике.

В 2000 году в результате принятых мер военными комиссариатами к уголовной ответственности через правоохранительные органы направлено 1058 материалов, из них на 856 призывников материалы остались без реализации, 186 отказано в возбуждении уголовных дел и осуждено 16 человек.

В 2000 году в розыске по республике находятся 22040 призывников, из них разыскано отделами внутренних дел - 5336 призывников, не разыскано - 9133 призывника. Весной 2001 года разыскано с помощью отделов внутренних дел 2152 призывника и работниками районных (городских) военных комиссариатов - 3754 призывника.

Состояние правового воспитания допризывной и призывной молодежи, профилактическая работа по искоренению фактов по уклонению граждан РК от призыва на срочную военную службу требуют коренного улучшения.

В районах и городах созданы и действуют 160 призывных участков.

Общее количество приписанных юношей в 2001 году составляет 131381 человек, из них не явились на призывные участки 3774 человека, не встали на учет - 1092 человека.

Итоги приписки говорят о том, что годность к военной службе призывников области ежегодно ухудшается.

Всего весной 2001 года в соответствии с планом комплектования и призыва в войска направлено 14 тыс. человек.

В целом, призыв на срочную военную службу проводится на удовлетворительном уровне.

Необходимо осуществлять текущий и капитальный ремонт призывных пунктов. Предусмотреть открытие призывных пунктов в областях: в Акмолинской - 7, Актюбинской - 1, Алматинской - 3, Атырауской - 1, Западно-Казахстанской - 4, Кызылординской - 5, Костанайской - 3, Мангистауской -

2. Павлодарской - 1, Северо-Казахстанской - 7.

Среди части юношества в настоящее время сохраняется негативное отношение к армии. Не срабатывает сложившаяся система кадрового, научно-методического, материально-технического и финансового обеспечения подготовки молодежи к воинской службе и воспитанию казахстанского патриотизма.

Анализ состояния проблемы требует более глубокого осмысления природы патриотического воспитания в современных условиях.

Не отменяя традиционные, во многом оправдавшие себя формы патриотического воспитания, необходимо наполнять их новым, более актуальным содержанием, учитывающим своеобразие современной социальной ситуации, региональные и национальные особенности.

На данном этапе основными целями и задачами патриотического воспитания должны стать:

- формирование и развитие личности на основе общечеловеческих ценностей, воспитание казахстанского патриотизма, готовности молодежи к защите Родины;
- создание условий, направленных на воспитание у молодежи отношения к воинской службе как почетному гражданскому долгу каждого гражданина Казахстана и бережного отношения к героическому прошлому нашего народа;
- обновление содержания патриотического воспитания на принципах равноуровневое и вариативности;
- кадровое и организационное обеспечение подготовки защитников Родины; создание системы подготовки, переподготовки и повышения квалификации руководящих и педагогических кадров;
- развитие технических и военно-прикладных видов спорта, широкое привлечение молодежи в военно-технические кружки, проведение Республиканских соревнований допризывной молодежи по техническим и военно-прикладным видам спорта;
- организация регулярного изучения состояния работы Акимов, военных комиссаров по подготовке молодежи к службе в армии, учет призывных ресурсов, постановку патриотического воспитания;
- привлечение юношей допризывного и призывного возраста к регулярным занятиям по физической культуре и спорту в организациях образования, развитие у молодежи силы и выносливости, стимулирование здорового образа жизни, работа по сдаче Президентских тестов, регулярное проведение спартакиад юношей призывного возраста;
- в целях активизации работы по профессиональной ориентации, пропаганде среди учащихся организаций образования военных специальностей на общественных началах создание при военных академиях патриотических школ и разработка положения о них;
- разработка положения о шефстве воинских частей и учреждений МО РК школами, профшколами и колледжами независимо от форм собственности;
- подготовка и издание серии книг, брошюр, наглядных пособий и плакатов по пропаганде здорового образа жизни, патриотическому воспитанию допризывной и призывной молодежи, ознакомлению ее с основами военного дела, а также широкая пропаганда традиций народов Казахстана, его Вооруженных Сил в средствах массовой информации;
- подготовка к изданию портретов национальных героев народов Казахстана, государственных деятелей и знатных людей РК, кавалеров «Халық Қаһарманы»;
- разработка и доведение до всех областных военных комиссариатов критерий оценки их работы по подготовке молодежи к военной службе;
- организация информационно-пропагандистской работы по формированию и утверждению в сознании граждан идей, направленных на консолидацию народа Казахстана на основе исторической памяти об общих усилиях и жертвах во имя победы;
- воспитание у молодежи любви к Родине, патриотизма, готовности к защите Отечества и чувства исторической преемственности поколений защитников страны;
- пропаганду важности сохранения мира, гуманности и неприемлемости войны и насилия в любых проявлениях; воспитание уважения к старшему поколению;
- укрепление авторитета Вооруженных сил РК; проведение адресных благотворительных мероприятий для ветеранов войны и тыла;
- организация приемов по случаю празднования Дня Победы, чествование ветеранов в трудовых коллективах.

Список использованной литературы:

1. Абдулин М.Г. 160 страниц из солдатского дневника
2. Аввакумов Н.В. Первые залпы войны
3. Бек А.А. Волоколамское шоссе

УДК 373.1.02:372.8

МРНТИ 14.25.09

К.А.Абдреимова¹

К.А.Жукенова²

Қ.Әбдрахман³

¹*Абай атындағы ҚАЗҰПУ, «Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау теориясы мен әдістемесі» кафедрасы, п.ғ.к., ассоц.профессор,
Алматы қаласы, Қазақстан.*

²*Абай атындағы ҚАЗҰПУ, «Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау теориясы мен әдістемесі» кафедрасы, п.ғ.к., доцент,
Алматы қаласы, Қазақстан.*

³*№29 орта мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімі,
Алматы қаласы, Қазақстан.*

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» САБАҒЫ АРҚЫЛЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Аталған мақалада жалпы білім беретін орта мектептердегі дене шынықтыру сабағы арқылы оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ олардың дене шынықтыру сабағына қызығушылығын туғызу жайлы мәселелер сөз болады.

Авторлар дене мәдениетінің негіздерін қалыптастыру үрдісінде дене мәдениеті ұғымдарының маңызды сипаттамаларын беруге тырысады. Дене жаттығуларының құралдары арқылы дене мәдениеті және спорт сабақтарына жағымды мотивацияны қалыптастыруға тырысады. Қазіргі кездегі дене шынықтыру сабағы дене мәдениеті жүйесіндегі негізгі бөлім болып табылады және оның түйінді мәнін көрсетеді.

Мақаланың мақсаты дене шынықтыру сабағында әр балада ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық қасиетті тәрбиелеу болып табылады.

Түйін сөздер: дене шынықтыру, дене жаттығулары, орта мектеп, ақыл-ой, адамгершілік, еңбек, эстетика, қасиет, тәрбие, мотивация, дене мәдениеті, сабақ, оқушы, қызығушылық.

Аннотация

ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА УЧАЩИХСЯ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ СРЕДНИХ ШКОЛ.

К.А.Абдреимова¹

К.А.Жукенова²

Қ.Әбдрахман³

¹*к.п.н., ассоц.профессор кафедры «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта» КазНПУ имени Абая,
г.Алматы, Казахстан.*

²*к.п.н., доцент кафедры «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта» КазНПУ имени Абая,
г.Алматы, Казахстан.*

³*учитель физической культуры средней школы №29,
г.Алматы, Казахстан.*

В данной статье рассматриваются вопросы формирования физической культуры учащихся через уроки физкультуры в общеобразовательных школах, а также создания устойчивого интереса к занятиям физическими упражнениями.

В процессе основ формирования физической культуры авторы пытаются дать характеристику ключевых понятий физической культуры. Посредством физических упражнений пытаются сформировать положительную мотивацию к занятиям физической культурой и спортом.

Современный урок физкультуры является основным звеном в системе физического воспитания и играет ключевое значение в нем.

Целью статьи является воспитание в ходе уроков физической культуры у каждого учащегося умственных, нравственных, трудовых и эстетических качеств.

Ключевые слова: физическая культура, физические упражнения, средняя школа, умственный кругозор, человечность, труд, эстетика, достоинство, воспитание, мотивация, физическое воспитание, урок, ученик, интерес.

Abstract

PHYSICAL CULTURE OF STUDENTS OF GENERAL SCHOOLS.

K.A. Abdreimova¹

K.A. Zhukonov²

A. Adrahman³

¹candidate of pedagogical sciences, associate professor of the department "Theories and methods of training teachers of physical culture and sports" KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan.

²candidate of pedagogical sciences, associate professor of the "Theory and methods of training teachers of physical culture and sports" KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan.

³teacher of physical culture of secondary school № 29, Almaty, Kazakhstan.

In this article formation of physical culture of pupils through physical education classes at comprehensive high schools and their creations of interest in occupations of physical culture is considered.

Physical training – pedagogical system of improvement of physical qualities of the person. In this regard the problem of physical culture includes several questions.

In the course of training of physical culture authors try to give the characteristic of concepts of physical culture. The physical education class for pupils, directly influences intellectual development.

Article purpose when carrying out physical education classes to cultivate at each pupil moral, labor and esthetic qualities, and also intellectual development.

Key words: Physical culture, physical exercises, secondary school, mental horizon, humanity, work, aesthetics, dignity, upbringing, motivation, physical education, lesson, student, interest.

XXI ғасыр – білім мен ғылым ғасыры. Ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен бастауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр», - деп атап көрсеткеніндей [1], қазіргі заман талабына сай білім сапасын арттыру жолында ұстаздардың құзыреттілігін қалыптастыра отырып, кәсіби дәрежелерін өмір талабына сай көтеріп дамыту – еліміздің білім беру саласындағы басты мақсаты.

Кез келген елдің болашағы – оның халқының денсаулығына байланысты екендігі – дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Ал денсаулықты өз қалпында сақтау үшін дене мәдениетінің орны зор.

Дене мәдениеті қоғамдық құбылыс ретінде пайда болып, қалыптасты және дамыды. Құрылу ерекшеліктері мен қызмет ету жүйесі жайлы өзінің заңдылықтары бар ғылымның саласы болып табылады. Дене мәдениетінің мәнін түсіну үшін алдымен олардың мағыналы мазмұнын анықтап алу қажет.

Атап айтқанда, дене мәдениеті – адамның денсаулығын нығайтып, күш-жігерін арттыруға, қозғалыс белсенділігін жетілдіру мақсатында қоғамның жасайтын және пайдаланатын рухани, материалдық құндылықтарының жиынтығы.

Қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың «Дене мәдениетіне жеңіл қарауға болмайды, дененің қанша керегі бар деп ойлау дұрыс емес. Дене – жанның қабы. Қап берік болса ішіндегі зат та берік болмақ. Дене – жанның құралы. Құрал мықты болса, иесі де мықты» деп пайымдауы өте орынды [2].

Дене мәдениетінің көптеген аурулардан және зақымданған кезден кейін жұмысқа қабілеттілікті қайтадан қалпына келтіруде және әрмен қарай денсаулықты жақсартуға көмегі зор екені белгілі.

Сондай-ақ, дене мәдениетінің рөлі спорт аласында анық танылады. Әрбір мемлекеттің өсіп-

өркендеуі мен даму көрсеткіштерінің бірі дене мәдениетінің жүйесі, спорт. Мемлекетті немесе белгілі бір ұлтты күллі әлемге танытатын да спортшылар мен олардың жетістіктері, көрсеткіштері. Әлемдік қауымдастықта елеусіз мемлекет жазушылары, ғалымдарымен ғана емес, сонымен қатар осы спорттың арқасында да бүкіл елге танылады.

Соңғы дене мәдениетінің маңызды қызметінің бірі – оның қоғамдық қызметі. Ол – қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастырудың ең басты құралы болып табылады.

Дене мәдениетінің аталған қызметтері жалпы білім беретін орта мектептерде оқушыларының дене мәдениетін қалыптастырудың негізгі қозғаушы күштері болып табылады.

Қазіргі кезеңде жалпы білім беретін орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастырудың бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде мектеп оқушыларының қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады.

«Дене мәдениеті» деген ұғым жалпы мәдениеттің жеке бір бөлігі. Тұжырымдап айтқанда дене мәдениеті жалпы халық мәдениетінің құрамдас бір бөлігі болып, қоғамның материалдық, рухани құндылығының жиынтығын құрап, ол адамдардың дене шынықтыру жүйесін жетілдіру үшін құрылып және оларға қызмет етуі тиіс [3].

Дене мәдениетінің қызмет ету жүйесі дене тәрбиесі деп аталады. Тәрбие дегеніміз адамдардың мәдени қызметінің аясы, оларға мәдениет жетістіктерін беру, игеру және жетілдіру болып саналады. Дене тәрбиесі – адамның дене сапаларын жетілдірудің педагогикалық жүйесі.

Осыған байланысты дене тәрбиесінің міндеті төмендегі мәселелерден тұрады:

1. Жалпы білім беретін орта мектептердегі дене тәрбиесінен білім беру міндеттері – қимылдың ептілігі мен дағдысын меңгеру және дене тәрбиесі жаттығулары көмегімен денсаулықты нығайту.

2. Жалпы білім беретін орта мектептердегі оқушыларға тәрбие беру міндеттері – адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға, өнегелі, көркемдік танымдарды үйретуге, дене бітімін жетілдіруге негізделген.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады.

Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады.

Жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алады. Осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолданудың нәтижесі жоғары. Алдымен «Дене шынықтыру пәні не береді?» – деген сұраққа: «Дене шынықтыру қимыл-қозғалысты береді, машықтандырады, дене мәдениетін қалыптастырады, денені шынықтырады, әсемдікке тәрбиелейді, жалпы дамыту жаттығуларын меңгертеді, Мемлекеттік стандарттық бағдарламаны жоспарлай білуді, нормативтік тест жаттығуларын игертуді үйретеді» деп жауап бере аламыз.

Дене шынықтыру сабағы оқушылардың ақыл-ойының жақсы дамуына тікелей әсер етеді. Әрбір өткізілетін дене шынықтыру сабағының мақсаты адамгершілік, еңбек және эстетикалық тәрбие беру арқылы оқушылардың бойында бұғып жатқан ізгілік қасиеттерін шындап, ақыл-ойын, парасат-пайымын дамыту, ойын өріске шығару болып табылады.

Тәрбие беруді мына төмендегі үш бағыт бойынша жүргізуге болады:

- оқушының өзіне деген көзқарасы;
- басқа адамдар мен коллективке байланысы;
- болған іске деген жеке пікірі.

Оқушының өзіне деген көзқарасын тәрбиелеу үшін өз-өзіне талап қоя білетін, принципті, ішкі тәртіпті, мәдениетті бала болуға жағдай және мүмкіндік туғызып, алдағы уақытта соны жіті бақылап отыру керек.

Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі жоғары класс оқушыларын іс- шараларды, болмаса кез келген ортаны ұйымдастырып, басқара алатындай деңгейде тәрбиелеуге міндетті. Оларды мақсатқа ұмтылып жеке білетін, еңбекті сүйетін, өзін-өзі ұстай білетін, өнертапқыштыққа құмар қылып, әрі кез келген қиыншылықтағы күрмеулі жіптің түйінін тауып шеше білетін, қолға алған ісіне батыл кірісе алатын, өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоятын жеке тұлғаны тәрбиелеп шығарсақ қана біз оларды бәсекеге қабілетті етіп баули аламыз. Ал бұл қасиеттердің экспериментке түсіп, анық шындалатын жері спорттық секциялар мен әртүрлі бағыттағы спорттық жарыстар.

Тәрбиенің дұрыс берілуі көбінесе мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне, оның моральдық және мәдениеттілігіне, ұжымда психологиялық дұрыс жағдай туғыза білетін шеберлігіне, біліктілігіне байланысты [4].

Дене тәрбиесі сабағындағы мұғалімнің ең басты қаруы – бұл қарапайымдылық. Оқушының бойындағы жауапкершілікті арттыра түсу үшін ұстаз оған сенім артуы тиіс. Оқушының өз бетінше шешім қабылдауына жағдай туғызған жөн. Бірақ, мұғалім әрбір оқушыны бақылап жүріп, оларға дер кезінде қажетті тәрбие беріп отыруы керек.

Оқушылардың еңбек тәрбиесіне көңіл бөле отырып, олардың қозғалыстық қасиетін дамыту мұғалім тарапынан дұрыс жолға қойылса, онда оқушының сабақтан тыс уақыттарда үй шаруашылығындағы дене қозғалысына аса пайдалы еңбекке деген жұмыс істеу қабілетінің артатыны да қазіргі таңда өз тәжірибемізден байқалып отыр.

«Дене тәрбиесі» деген сөз «дене мәдениеті» деген ұғымды білдіреді. Демек, біздің міндетіміз мәдениетті, еңбекқор адамды тәрбиелеу. Мәдениетті адам еңбектің қадірін жақсы біледі және өзінің де еңбегі жемісті болады.

Сонымен қатар дене шынықтыру сабағы оқушыларға эстетикалық тәрбие беруге септігін тигізеді.

Біріншіден, тазалыққа үйретеді, өз жұмыс орнын талапқа сай ұстайды, оған спорт залдың безендірілуі мен жабдықталуы жатады.

Екіншіден, спорт киімдерінің тазалығы.

Эстетикалық тәрбие сабақ сабақ кезінде музыканы пайдаланумен байланыстырылады. Дұрыс қозғалыс пен жүріс-тұрыс, әдемі дене бітімі де эстетикалық тәрбие берудің әсерінен болады. Оқушыларға епті, күшті, сымбатты болу әркімнің қолынан келетіндігін түсіндіру қажет. Ол үшін үнемі дене жаттығуларын жасауды, күн тәртібін сақтауды, спорттық секцияларға қатысуды, таза ауада жүріп дене бітімін шынықтыруды талап ету керек.

Қорыта келгенде, жоғарыда аталған мәселелерді жүзеге асыру барысында жалпы білім беретін мектептердегі дене тәрбиесі сабағын жүргізетін мұғалімдер көп ізденіп, дайындалып, сабақтарды мектеп бағдарламасының материалдарына сай жүргізуі керек. Сонда ған мектеп оқушыларының адами қасиеттері жақсы қалыптасып, өмірдегі өз орнын табуларына мүмкіншілік туады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. // Егемен Қазақстан, 19.01. 2006, №16
2. Жұмабаев М. Педагогика. –Алматы: Ана тілі, 1992. –270б.
3. Адамбеков К.И., Тастанов Ә.Ж., Әбілдібеков С.Ә. Таңдамалы спорт түрлерінің теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. –Алматы: «Полиграфия-сервис К⁰», 2011. -205б.
4. Калиакпаров Ж.А. Дене шынықтыру сабағында оқушылардың қимыл-қозғалыс үйлесімділігі мен дағдысын қалыптастыру // Қазақстан мектебі - 2000 ж. №7.

Т.А.Ботагариев¹

С.С.Кубиева²

Н.М.Мамбетов³

¹д.п.н., профессор, Проректор по учебно-методической работе, Актюбинский региональный государственный университет им.К.Жубанова,

г.Актобе, Казахстан

²к.п.н., старший преподаватель кафедры теоретических основ физической культуры,

Актюбинский региональный государственный университет им.К.Жубанова,

г.Актобе, Казахстан.

³к.п.н., и.о.ассоциированного профессора кафедры физической культуры и начальной военной подготовки, Атырауский государственный университет им.Х.Досмухамедова,

г.Атырау, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В ВУЗЕ ПО СПЕЦИАЛЬНОСТИ «ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА И СПОРТ»

Аннотация

В статье представлены следующие научные результаты. Определены научно-теоретические предпосылки применения современных методов обучения в вузе. Среди них выделены эффективность активных методов обучения в методике преподавания в высшей школе, значимость современных методик преподавания в вузе, применение кейс-стадий технологии в методике преподавания дисциплин в вузе. Выявлено мнение студентов и преподавателей о реализации активных методов при преподавании дисциплин в вузе. Определены структура и содержание кейса по предмету «основы спорта и профессионально-прикладная физическая подготовка» для студентов специальности «физическая культура и спорт». Здесь выделены такие компоненты как smart цель кейса, задачи кейса, результаты кейса, этапы построения кейса, ситуации, вопросы для формирования кейса, методические материалы для кейса, видеоматериалы для кейса, материалы для кейса, рефлексия студентов. Выявлена эффективность реализации данной технологии на занятиях. Она определялась позитивной динамикой уровня сформированности компетентностей у студентов и показателей их рефлексии.

Ключевые слова: кейс, студенты, вуз, мнение преподавателей об активных методах обучения, физкультура и спорт, ситуации, компетенции, методика преподавания, рефлексия студентов.

Аңдатпа

Т.А.Ботагариев¹

С.С.Кубиева²

Н.М.Мамбетов³

ЖОО-НДА «ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ СПОРТ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

¹ п.ғ.к., профессор, оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,

Ақтөбе қаласы, Қазақстан.

²п.ғ.к., дене тәрбиесінің теориялық негіздері кафедрасының аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы

Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,

Ақтөбе қаласы, Қазақстан.

³п.ғ.к., дене тәрбиесі және бастауыш әскери дайындық кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,

Атырау қаласы, Қазақстан.

Мақалада төмендегідей ғылыми нәтиже көрсетілген. ЖОО-нда оқытудың қазіргі заманғы әдістерін қолданудың ғылыми-теориялық алғышарттары анықталды. Жоғары мектеп әдістемесінде оқытудың белсенді әдістерінің маңыздылығы, соның ішінде кейс-стадий технологиясын пайдаланудың тиімділігі көрсетілді. Студенттер мен оқытушылардың ЖОО пәндерін оқытуда белсенді әдістердің жүзеге асырылуы туралы пікірлері берілді. «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы студенттеріне арналған «Спорт негіздері және кәсіби-қолданбалы дене дайындығы» пәні бойынша кейстің құрылымы мен мазмұны анықталды. Мұнда кейстің smart мақсаты, міндеттері, нәтижелері, кейсті дайындау кезеңдері, кейсті қалыптастыру, арналған жағдаяттар мен сұрақтар, кейске арналған

әдістемелік материалдар, видеоматериалдар, студенттердің рефлексиясы жинақталып берілген. Бұл технологияның пәнді меңгерудегі тиімділігі көрсетілді. Ол студенттердің құзіретіліктерінің қалыптасу деңгейінің позитивтік динамикасымен және олардың рефлексиясының көрсеткіштерімен анықталды.

Түйін сөздер: кейс, студенттер, ЖОО, оқытудың белсенді әдістері туралы оқытушылардың пікірлері, дене тәрбиесі және спорт, жағдаяттар, құзіреттіліктер, оқыту әдістемесі, студенттердің рефлексиясы.

Abstract

**MODERN METHODS OF TEACHING IN HIGHER EDUCATIONAL SYSTEM ON A SPECIALTY
«PHYSICAL EDUCATION AND SPORT»**

T.A.Botagariyev¹

S.S.Kubiyeva²

N.M.Mambetov³

¹Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vice-rector for educational and methodical work, K.Zhubanov Aktobe Regional State University,

Aktobe, Kazakhstan

²Candidate of Pedagogical Sciences, a senior teacher of the Department of Theoretical Foundations of Physical Education, K.Zhubanov Aktobe Regional State University,

Aktobe, Kazakhstan

³Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Physical Education and Initial Military Training Department, Kh. Dosmukhamedov Atyrau State University,

Atyrau, Kazakhstan

The article deals with the following research results: the scientific-theoretical background of modern methods of teaching in higher education has been identified. The effective active learning methods in teaching in high school and their importance have been highlighted among them, as well as the use of case-study technology in teaching disciplines in high school. Students and teachers' views on the implementation of active methods in teaching subjects in high school have been revealed. The structure and content of the case-study on the discipline «Fundamentals of sport and professional-applied physical training» for the students of the specialty «Physical Education and Sport» were determined. There have been marked such components as smart goal of the case, the problem of the case, the results of the case, the stages of construction of the case, the situations, and the questions for formation of the case, methodical materials of the case, video case study, materials of the case, a reflection of students. The effective implementation of this technology in the classroom has been revealed. It has been determined by the positive dynamics of students' competence formation levels and the performance of their reflection.

The key words: case, students, higher education, teachers' opinions on active methods of teaching, physical education and sport, situations, competences, methods of teaching, students' reflection.

Введение. В настоящее время современная ситуация в подготовке специалистов требует коренного изменения стратегии и тактики обучения в вузе. Главными характеристиками выпускника любого образовательного учреждения являются его компетентность и мобильность. В государственном общеобязательном стандарте высшего образования [1] под компетенциями понимают способность студентов к практическому применению приобретенных в процессе обучения знаний, умений и навыков в профессиональной деятельности.

Успешность достижения этой цели зависит не только от того, что усваивается (содержание обучения), но и от того, как усваивается: индивидуально или коллективно, в авторитарных или гуманистических условиях, с опорой на внимание, восприятие, память или на весь личностный потенциал человека, с помощью репродуктивных или активных методов обучения.

Данной проблеме посвятили свои исследования такие авторы как М.И. Кирикова [2], М.В.Полевая [3], Е.М.Федоскина [4], В.Ф.Володина [5], Е.П.Попова [6], Н.Ю.Рогун [7], Н.В.Семенова [8], Е.Н.Красикова [9], М.В.Плотников, О.С.Чернявская, Ю.В.Кузнецова [10], Л.В.Покушалова [11] и др.

Цель исследования – определить особенности применения современных методов обучения в вузе по специальности «физическая культура и спорт»

Задачи исследования. 1. Определить научно-теоретические предпосылки применения современных методов обучения в вузе.

2. Определить структуру и содержание кейса по предмету «основы спорта и профессионально-прикладная физическая подготовка» для студентов специальности «физическая культура и спорт».

3. Выявить эффективность реализации метода кейс-стади по предмету «основы спорта и профессионально-прикладная физическая подготовка» на занятиях со студентами специальности «физическая культура и спорт».

Методы и организация исследования: анализ научно-методической литературы, анализ документальных материалов, анкетный опрос, тестирование, методы математической статистики, педагогический эксперимент. Исследование осуществлялось в 2015-2016 учебном году и первом полугодии (сентябрь – ноябрь) 2106-2017 учебного года на базе Актюбинского регионального государственного университета им.К.Жубанова. Всего в исследовании приняло участие 30 студентов 3 курса специальности «физкультура и спорт». Педагогический эксперимент носил параллельный характер, т.е. исследование проводилось в экспериментальной и контрольной группе. Эффективность педагогического эксперимента определялась динамикой уровня сформированности компетентностей у студентов и показателей их рефлексии.

Результаты исследования. Анализ научно-методической литературы позволил обозначить следующие компоненты научно-теоретических предпосылок применения современных методов обучения в вузе.

Эффективность активных методов обучения в методике преподавания в высшей школе. По мнению М.И.Кириковой [2] суть активных методов обучения связана с формированием самостоятельных умений и навыков студентов. Это обеспечивается выполнением ими тех или иных задач, в процессе решения которых они самостоятельно овладевают умениями и навыками. Необходимость их применения связана с развитием творческих и коммуникативных способностей личности, формирования личностного подхода к возникающей проблеме. Е.М. Федоскина [4] считает, что применение активных методы развития когнитивной сферы в цикле **общепедагогических** дисциплин оптимизируют творческую активность, самостоятельную и познавательную деятельность студентов. В.Ф.Володиной [5] разработан комплекс методов активного обучения (применение учебных карточек, блок-схем и дидактических игр) по предмету «теория и методика физического воспитания». Данный комплекс обеспечивает формирование профессиональной готовности будущих учителей физической культуры. Е.П.Поповой [6] разработан комплекс игровых методов обучения, позволяющий повышать уровень обучающей деятельности студентов. Н.Ю.Рогуновым [7] разработана модель профессиональной подготовки на основе игровых методов обучения на всех уровнях подготовки: теоретическом, дидактическом и практическом (ролевые, деловые игры, блиц-игры, проблемно-деловые игры и т.п.). Н.В. Семенова [8] среди методов активного обучения выделяет проблемные семинары, дискуссии, деловые, ролевые и дидактические игры. Ею эти методы реализовывались с использованием современных практикоориентированных форм образования для формирования педагогического мастерства студентов в работе с детьми.

Значимость современных методик преподавания в вузе. М.В.Полевая [3] выявила различное отношение преподавателей к методике преподавания. По её данным, большинство преподавателей (60 %) считает, что методика преподавания влияет на восприятие учебного материала. Но при этом 80 % преподавателей используют соотношение 50/50 % для интерактивных классических методик. Она считает, что в обучении с современными студентами требуются инновационные подходы и методики.

Применение кейс-стадий технологии в методике преподавания дисциплин в вузе. По мнению М.В.Плотникова, О.С.Чернявской О.С., Ю.В.Кузнецовой [10] компонентами любого учебного кейса являются проблема, решение, ситуация и контекст. Проблема, это профессиональная ситуация, требующая решения. Решения в учебных кейсах помогают сформировать у студентов адекватное представление о современной практике работы с рассматриваемыми ситуациями. Контекст представляет описание условий возникновения и развития ситуации. Ситуация описывает объект – группу и организацию – людей, их взаимоотношения, интересы, позиции, правила и процедуры – все то, что формирует проблему. Е.Н. Красикова [9] считает, что кейс-метод позволяет сформировать умения анализировать ситуацию, планировать стратегию и принимать решения, развить навыки конструирования логики учебного процесса. Л.В. Покушалова [11] отмечает, что метод кейс-стади направлен на развитие общего интеллектуального и коммуникативного потенциала студентов и

преподавателей. Проблема его внедрения обусловлена двумя тенденциями. Первая определяется необходимостью формирования профессиональных компетенций выпускников, навыков мыслительной деятельности. Вторая тем, что специалист должен быть мобильным в различных жизненных ситуациях.

Как известно, на современном этапе в методике преподавания дисциплин широко применяется технология case-stadu [9]. Метод кейс-стади основан на активном обучении студентов с помощью реальных ситуаций. Учитывая это в нашем кейсе мы была следующая структура: название кейса, дисциплина, тема, smart цель кейса, задачи кейса, результаты кейса, этапы построения кейса, ситуации, вопросы для формирования кейса, методические материалы для кейса, видеоматериалы для кейса, материалы для кейса, рефлексия студентов.

Данный кейс мы разработали по предмету «Основы спорта и профессионально-прикладная физическая подготовка» для студентов 3 курса специальности «физкультура и спорт». Кейс мы назвали «Активные методы развития физических качеств студентов». Данный кейс мы реализовывали через применение метода круговой тренировки.

Очень важным является определение индивидуальной физической нагрузки через выявление максимального теста на каждой станции. Поэтому в *smart цели* кейса имеются следующие компоненты: s - научить студентов определять максимальный тест на каждой станции. m - максимальное количество упражнений за определенное преподавателем время (30 секунд) по каждому упражнению на каждой станции. a - посредством реализации проблемного метода обучения. r - формировать рефлексивный подход у студентов по отношению к определению индивидуальной физической нагрузки на каждой станции. t – 100 минут.

Задачами кейса мы обозначили следующие: 1) анализ реализуемой ситуации; 2) определить на каждой станции максимальное количество выполнения упражнений; 3) научиться делать самооценку своей деятельности при выполнении метода круговой тренировки; 4) При решении задач кейса формировать работу в сотрудничестве в группах; 5) защита результатов кейса; 6) На основе обсуждения результатов кейса обоснование наиболее эффективных из них

Под результатами обучения мы понимаем сформированность компетенций у студентов. Компетенция разрешения проблем – это правильность поставленной проблемы в соответствии с возможностями и способностями студента. Коммуникативная – это письменное и устное изложенное решение задачи, поставленной перед студентом. Информационная – это обработанная студентом найденная информативная информация, необходимая для решения поставленной задачи.

При формировании кейса нами были определены следующие этапы: 1) деление студентов на группы (3-5 человек) - 5 минут; 2) ознакомление с материалами кейса и ситуациями – 5 минут; 3) решение поставленной перед ними проблемы - 40 минут; 4) слушание докладов в группах – 15 минут; 5) определение цели построения кейса и регламента выполнения заданий – 5 минут; 6) сравнение и обсуждение решений, выработанных группами – 10 минут; 7) самооценка – 5 минут; 8) оценка решений кейса между группами – 5 минут; 9) обратная связь между преподавателем и студентами (рефлексия) – 10 минут.

Нами были разработаны 2 *ситуации*. 1 ситуация. Преподаватель физической культуры распределил студентов по станциям для выполнения упражнений. После этого он дал команду: «После моего свистка начинаем каждый на своей станции упражнение в течение 30 секунд» Студент Аубакиров А. начал быстро выполнять передачу мяча двумя руками от груди в стену и первым закончил упражнение, так как быстро устал. Он объявил преподавателю количество раз, за которое он выполнил это упражнение. Какие методические указания он не выполнил при определении максимального теста при реализации метода круговой тренировки?

2 ситуация. Перед началом выполнения станций «круговой тренировки» преподаватель раздал студентам карточки по выполнению комплекса упражнений на каждой станции. На них отображены последовательность выполнения того или иного упражнения (т.е. правильная техника выполнения упражнения). Студент после команды преподавателя быстро начал выполнять упражнения. Через несколько занятий он начал понимать, что техника выполнения им упражнения не улучшается.

Среди *вопросов для формирования кейса мы выделили основные и проблемные*. Основными формирующими вопросами являлись: 1) обоснуйте, почему только быстрое выполнение упражнения на каждой станции не является основным для определения максимального теста в методе «круговой тренировки». 2) какие компоненты являются определяющими для максимального теста в круговой тренировке. 3) как совершенствовать свой личный максимальный тест в круговой тренировке.

К предметным вопросам относились: 1) как определить максимальный тест при реализации метода круговой тренировки; 2) Какие методические указания надо выполнять при определении максимального теста; 3) Как Вы поняли, что для определения максимального теста для того или иного упражнения наряду с быстрым выполнением упражнения на станции необходимо точно исполнять технику его; 4) что необходимо делать для повышения параметров максимального теста.

В качестве *методических материалов для кейса* был разработан комплекс упражнений для круговой тренировки и использованы методические подходы разработки круговой тренировки.

В таблице 1 представлены результаты динамики уровня сформированности компетентностей студентов во время педагогического эксперимента.

Таблица 1 Динамика уровня сформированности компетентностей студентов во время педагогического эксперимента

Ключевые компетенции	Контрольная группа, n=20			Экспериментальная группа, n=20		
	1 уровень	2 уровень	3 уровень	1 уровень	2 уровень	3 уровень
	<u>До эксп.</u> После эксп	<u>До эксп.</u> После эксп	<u>До эксп.</u> После эксп	<u>До эксп.</u> После эксп	<u>До эксп.</u> После эксп	<u>До эксп.</u> После эксп
разрешения проблем	<u>52,4</u> 51,5	<u>43,4</u> <u>44,1</u>	<u>4,2</u> <u>4,4</u>	<u>54,4</u> 23,8	<u>42,6</u> 62,8	<u>5</u> 13,4
информационная	<u>64,6</u> 60,2	<u>27</u> 31,2	<u>8,4</u> 8,6	<u>65,2</u> 28,9	<u>25,9</u> 54,4	<u>8,9</u> 16,7
коммуникативная	<u>59,4</u> 56,8	<u>34,8</u> 37,3	<u>5,8</u> 5,9	<u>60,1</u> 35,7	<u>34</u> 51,4	<u>5,9</u> 12,9

Как видно из таблицы 1 после эксперимента в экспериментальной группе по сравнению с контрольной группой результаты возросли. Например, по компетентности разрешения проблем по 2 уровню результаты возросли с 42,6 % до 62,8 %, а по 3 уровню с 5 % до 13,4 %. По информационной компетентности результаты по 2 уровню возросли с 25,9 % до 54,4 %, а по 3 уровню с 8,9 % до 16,7 %. По коммуникативной компетентности по 2 уровню результаты возросли с 34 % до 51,4 %, а по 3 уровню с 5,9 % до 12,9 %.

В таблице 2 представлены результаты динамики показателей рефлексии студентов во время педагогического эксперимента.

Как видно из таблицы 2 в экспериментальной группе по сравнению с контрольной индекс удовлетворенности у студентов вырос. Так, до эксперимента в границы низкий от 0 до 0,4 из 20 студентов попали 7 человек, а к близко норме от 0,4 до 0,6 – 13 человек.

Таблица 2. Результаты динамики показателей рефлексии студентов во время педагогического эксперимента

Индекс удовлетворенности	Контрольная группа, n=20		Экспериментальная группа, n=20	
	До эксперимента	После эксперимента	До эксперимента	После эксперимента
Низкий от 0 до 0,4	8	7	7	-
Близко к норме от 0,4 до 0,6	12	13	13	5
Высокий выше 0,6	-	-	-	15

близко норме от 0,4 до 0,6 из 20 студентов попали 5 человек, а в границы высокая – выше 0,6 – 13 человек. Т.е. состояние большинства студентов было надежным, настроение приподнятым, с направлением к инновациям и новаторству.

ВЫВОДЫ

1 Научно-теоретическими предпосылками применения современных методов обучения в вузе являются: эффективность активных методов обучения в методике преподавания в высшей школе, значимость современных методик преподавания в вузе, применение кейс-стадий технологии в методике преподавания дисциплин в вузе.

2. Как молодые, так и опытные преподаватели придерживаются мнения необходимости применения интерактивных методик обучения, так как они лучше влияют на восприятие изучаемого материала.

3. Предложенные методические подходы по проведению дисциплин на специальности «физическая культура и спорт» позволяют формировать у студентов:

- Ключевые компетенции (разрешения проблем, коммуникативную и информационную);
- Делать самооценку своей деятельности

Список использованной литературы:

1 Государственный общеобязательный стандарт высшего образования: Постановление Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года № 1080

2 Кирикова М.И. Сборники конференций НИЦ. Социосфера. Выпуск № 23. – 2012.- С.49-59.

3 Полевая М.В. Современный преподаватель: взгляд на студентов и методики преподавания в вузе//Гуманитарные науки. – Вестник финансового университета. - Выпуск № 3 (19). - 2015. – т. I. – с.83-90.

4 Федоскина Е.М. Развитие личности студентов вузов физической культуры в процессе учебной деятельности на основе активных методов обучения: Автореф.дис....к.п.н.- Смоленск, 2006. – 24с.

5 Володина В.Ф. Формирование профессиональной готовности будущих учителей физической культуры посредством активных методов обучения: Автореф.дис....к.п.н.- Красноярск, 2007. – 23 с.

6 Попова Е.П. Игровые методы обучения профессиональной подготовке студентов институтов физической культуры: Автореф.дис....к.п.н.- Москва, 2004. – 22 с.

7 Рогунов Н.Ю. Профессиональная подготовка студентов факультета физической культуры с использованием игровых методов обучения: Автореф.дис....к.п.н.- Сходня, 2003. – 22 с.

8 Семенова Н.В. Педагогические условия реализации методов активного обучения будущего учителя: Автореф.дис....к.п.н.- Оренбург, 2002. – 23 с.

9 Красикова Е.Н. Кейс-метод в структуре и содержании методической компетенции лингвиста-преподавателя: Автореф.дис....к.п.н.- Ставрополь, 2009. – 23

10 Плотников М.В., Чернявская О.С., Кузнецова Ю.В. Технология case-study / учебно-методическое пособие. – Нижний Новгород, 2014. – 208 с.

11 Покушалова Л.В. Метод case-study как современная технология профессионально-ориентированного обучения студентов // Молодой ученый. — 2011. — №5. Т.2. — С. 155-157.

УДК. 37.02; 371

МРНТИ 371.504

Г.П. Мейрбекова¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

КӨРКЕМСӨЗ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Баланы жастайынан дейді халқымыз демек, балаға тәлім–тәрбие беру бала бақшадан басталады. Ана сүтімен кірген тәрбие, халқымыздың салт-дәстүрі бала бойына, санасына біртіндеп сіңе береді. Қазақ халқында балаға ұлттық тәрбие беру ана құрсағынан басталады. Адамды дүниеге келуінен бастап ол дүниеге шығарып салумен аяқталатын өмірі барысында, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер негізінде іс-әрекет пен қарым-қатынас жасау арқылы тұрақты және үздіксіз жүзеге асырылып отырады.

Мектеп жасына дейінгі сәбилердің дүние танымын кеңейтіп, ойын өрістетіп, тіл байлығын жетілдіру ісінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Көркем сөз өрнегін балаға тыңдатып, санасына сәуле түсіру, халық қазынасының музыкалық үнінен нәр алдыру оның ең сәби шағынан, ана әлдінен басталады.

Бар жақсысын баласынан аямаған халық - баланы сылаумен өсіре отырып, құлағына бесік

жыры әуенін құя берген. Бала есейген сайын ана сүтімен даритын сөйлеу тілін дамытып, тазалыққа, имандылыққа баулып, ізеттілікке, жомарттыққа, әсемдік, сезімталдыққа, ұқыптылыққа, әдептілікке үйретіп, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу - әрбір отбасы, ауыл-аймақ арманы болған.

Түйін сөздер: көркем сөз, көркем әдебиет, ұлттық құндылық, тәрбие, ұлттық тәрбие, тәлім-тәрбие, салт-дәстүр, тіл дамыту, тіл жаттықтыру, қарым-қатынас.

Аннотация

ФОРМИРОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ У ШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ВЫРАЗИТЕЛЬНУЮ РЕЧЬ

Г.П. Мейрбекова¹

*¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)*

Народная мудрость гласит: ребенка с пеленок, а значит воспитание ребенка начинается с десткого сада. Воспитание, народные традиции впитываются ребенком с материнским молоком. У казахов воспитание ребенка начинается в утробе матери. С самого рождения до самой смерти жизнь человека сопровождается с действиями, связанными народными традициями.

Художественная литература занимает огромную роль в расширении познании ребенка дошкольного возраста, в расширении его кругозора, языкового богатства. Слушание красивого художественного слова, проникновенных звуков народной музыки начинается с колыбельной песни матери, с самого раннего детства.

Воспитание образованного, щедрого, трудолюбивого, духовно богатого поколения - была мечтой каждой семьи, каждого аула.

Ключевые слова: художественное слово, художественная литература, народные ценности, воспитание, народные воспитание, традиция, развитие речи, общение.

Abstract

FORMATION OF NATIONAL VALUES OF STUDENTS THROUGH THE EXPRESSIVE SPEECH

G.P. Meirbekova¹

*¹Internationala Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)*

Natural wisdom says: the child from the cradle, and hence the education of the child begins with kindergarten. Upbringing, the natural traditions are absorbed by the baby breast milk. The Kazakhs education of the child begins in the womb. From birth until death the life of a man accompanied with actions connected with folk traditions. Artistic literature occupies a huge role in increasing the knowledge of preschool-age children, expanding its horizons, the language of wealth. Hearing the beautiful rhythmic words, soulful sounds of folk music starts with a lullaby song of the mother in early childhood. Upbringing of an educated, generous, hardworking, spiritually rich generation was the dream of every family, every village.

Key words: artistic expression, literature, natural values, education, natural upbringing, tradition, language development, communication.

Кіріспе.

Қазақ халқында балаға ұлттық тәрбие беру ана құрсағынан басталады. Адамды дүниеге келуінен бастап ол дүниеге шығарып салумен аяқталатын өмірі барысында, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер негізінде іс-әрекет пен қарым-қатынас жасау арқылы тұрақты және үздіксіз жүзеге асырылып отырады. Ол дегеніміз бесікке салу, шілдеhana тойы, тұсау кесу, ұлдың мұсылман болуы секілді баланың дүниеге келген алғашқы жылдарында және өмірінің соңғы күндеріне дейінгі жасалатын ұлттық тәрбиелік мәні бар салт-дәстүрлерді бала бойына дарыту. Осы іс-әрекеттердің мәнін балаға түсіндіре отырып оның қатысуымен орындалуы оған үлкен әсер беріп, бойына берік және нық сіңеді.

Қазақтың отбасылық тәрбиесінің мақсаты – «Сегіз қырлы, бір сырлы» азамат пен «абыройлы» қыз тәрбиелеу.

Әрбір келер ұрпақ өзіне дейінгі ағаларының жасаған қателіктерін түгел ескеріп, соның төңірегінде мүлдем қателік жасамай, сүрген өміріне өзі де, өзгені де өкіндірмей өсіп-өнсе, қанеки! Өзгені тұрмақ, күніге құлағына құйып отырған ата-анасының айтқанына көнбей, айдауына

жүрмейтін баланың қатары қаншама. Тіпті, соңғы бес-он жылда ержеткен жастарымыз өзіне қатыссыз, қызықтырмайтын нәрсеге құлақ аспай, елемуге дейін жеткен жоқ па!? Ар мен ұятты, абырой және иманды деген сөздер мен қасиеттерді ұстану түгілі оның түсінігін жетік меңгермеген «болашақ ұрпағымыздың» болашағы неде? Кейбір жастарымыз жүгенсіздік пен жігіттіктің, мейірімсіздік пен мәрттіктің, озбырлық пен батырлық секілді қасиеттердің орындарын ауыстырып алып, бір-бірінің баламасындай қабылдап алған. Осының нәтижесі - көпшіліктің арасында ауызын жимай, арсыздығын көрсетіп, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып жатқан ұрпақ. Оны көрген ата-әжелеріміздің «төбе шаштары тік тұрып», «дүние не болып бара жатыр?» деген сұрақ қоюда. Осындай теріс қылықтарды көрсетіп, адамшылдыққа жатпайтын қасиетті бойына сіңдіріп өскен ұрпақтың ертең отау құрып, үй болып, бала тәрбиелейтінін ойланғанда, мынау індеттен халқымыздың жуық арада арыла қоймайтынын, яғни көргенсіз ұрпақтан халқымыздың әлі талай қасірет шегетінін сезіп, оны көз алдымызға елестеткенде шошынасын [1, 11].

Зерттеу әдістері мен нәтижелері.

Мектеп жасына дейінгі сәбилердің дүние танымын кеңейтіп, ойын өрістетіп, тіл байлығын жетілдіру ісінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Көркем сөз өрнегін балаға тыңдатып, санасына сәуле түсіру, халық қазынасының музыкалық үнінен нәр алдыру оның ең сәби шағынан, ана әлдінен басталады.

Балаларға оқылатын шығармалар олардың ой-өрісіне, дүние танымына әсер етерліктей болу үшін мына мәселелерді мұқият ескеру керек:

1. Балаға әңгімелеп айтуға, оқып тыңдатуға, жаттап айтуға таңдалған материалдардың олардың даму деңгейіне, жас шамасына лайықты болуы. Отбасында тәрбиеленуші әрбір бөбектің күнделікті іс-әрекеті, оның неге қызығып әуестенетіні, оның алғашқы ұстазы ата-анаға белгілі.

2. Арнайы жинақталған суретті кітапшалар, әңгіме-ертегілердің, мақал-мәтелдердің баланың өмірден алған өсерін, білім-дағдыларын, түрлі әдет-дағдыларын айқындай түсіндіріп, тереңдете, кеңейте түсерлік дәрежеде болуы. Шығарманың баланы Отан сүйгіштікке, достық, жолдастыққа, ата-анаға, айналасындағы үлкен-кішіге, ата-әжесіне сүйіспеншілікке, мейірімділікке, бауырмалдыққа, адамгершілікке, мінез-құлыққа тәрбиелейтін дәрежеде болғаны жөн. Мұндайда ата-баба мұрасынан, билерден бізге жеткен тілек-бата, өнеге-өсиет сөздерінен төмендегідей мазмұнда айтылған ақыл-өсиеттерді оқып беруге болады:

Таза, мінсіз асыл тас,
Су түбінде жатады.
Таза, мінсіз асыл сөз,
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас,
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз,
Шер толқытса шығады. (*Асан Қайғы.*)
Алтын ұяң - Отан кымбат,
Құт-береке атаң кымбат,
Аймалайтын анаң кымбат,
Мейірімді апаң кымбат.
Асқар тауың - әкең кымбат.
Туып өскен елің кымбат,
Кіндік кескен жерің кымбат. (*Қаз дауысты Қазыбек.*) [2, 116].

3. Оқылатын шығарманың суртеттермен көрнекі бейнеленуі, шығарма кейіпкерлерінің мінез әрекетін, көркем образда бейнелену айқындылығы, нанымдылығы, шынайылығы. Психологтардың дәлелдеуінше балалар оқиғаның басталу, даму процесіне, оның шиеленісіне, оқиғадан-оқиғаның өрістеуіне, өзгерістер мен оның болу себептеріне, шешіміне, кейіпкерлер мінездерінің әр түрлі іс-әрекет үстінде көріну өзгешелігіне қызыға назар аударады.

4. Айналадағы балаға танымал дүние, табиғаттың тамаша көріністерін, жыл маусымдарына қарай құбыла түрленетін ғажайып өзгерістерін, пейзаждың суртеттерін, оның себептерін, табиғат пен адам арасындағы заңды байланыстарды балаға айқара ашып, көркем де түсінікті түрде сурттеп беретін, баланы сезімталдыққа, эстетикалық талғампаздыққа баулитын, оның зейін, қабылдау, таным әрекетін қалыптастыратындай болуы

кажет.

5. Әдеби шығармалардың тілі жеңіл де, көркем, балаға түсінікті, олардың сөз қорын жаңа сөздермен байытатындай болуы.

Талқылау.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең» - деп, ұлы Абай айтқандай өмірдегі бар асылын ұрпағына арнаған, оның келешегін әріден ойлап, толғанған қапысыз ұстаз халық нәрестенің дүниеге келген сәтінен-ақ шілдеhana, бесік тойы, тұсау кесу, тілашар рәсімдерін жасауды әдейі ойлап тапқан өлең-жырмен кестелеп, баланың құлағына әуен үнін жеткізе білген. Балаға арналған өлең, өсиеттер, бата-тілектер баланың өсу, есею кезеңдеріне қарай баспалдақтап күрделеніп отыратынына фольклорлық мұралардың өзі куәгер.

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын құса игі.
Өзіне келер ұятын,
Өзі біліп тұрса игі,
Жаудан бұққан немені,
Ортасынан куса игі. (*Төле би.*) [3, 88].

Бар жақсысын баласынан аямаған халық - баланы сылаумен өсіре отырып, құлағына бесік жыры әуенін құя берген. Бала есейген сайын ана сүтімен даритын сөйлеу тілін дамытып, тазалыққа, имандылыққа баулып, ізеттілікке, жомарттыққа, әсемдік, сезімталдыққа, ұқыптылыққа, әдептілікке үйретіп, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу - әрбір отбасы, ауыл-аймақ арманы болған. Тіл жеңіл, мазмұны түсінікті, ойната сөйлететін шығармаларды тыңдату, сөйлесу кезінде-ақ бала қиналмай жаттап алып айта береді.

Әлди-әлди ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем.
Қонақ келсе қой бөпем.
Қой тоқтысын сой бөпем.
Құйырығына той бөпем! - деп, айтылатын бесік жыры,
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Ұста болар ма екенсің,
Таңдайларың тақылдап,
Сөйлегенде сөз бермей,
Шешен болар ма екенсің? -

деп, сәбидің сегіз қырлы, бір сырлы азамат болуын көздейтін өлеңдер, малсақтыққа, үй жануарларына қамқорлыққа баулитын тілек-бата іспеттес шығармалар:

Тоқтышағым тоғыз тап,
Саулық қойым сегіз тап.
Сегізін де семіз тап,
Құла бием құлын тап,

Құлын таппа, құнан тап, - деп, тақпақтап айтылатын тіркестер жануарларды таныстырумен қатар мал төлден көбейетініне баланың зейінін аударып малсақтыққа баули, тілек-бата беруді үйретеді, төлдердің қалай аталатынын аңғартып, төлдердің өсу кезеңіне бала зейінін аударады. Осылайша ойнақты иіріммен тақпақтап айтып, өлең шумақтарын жаттап алуға, баланы сөзге тартып, тіл ұстартуға, құлын, құнан, саулық сөздерінің мәнісін түсініп айтуға меңзеп, санауға үйретеді. Көшпелі елдің, күш көлігі де, ішер тамағы мен киер киімі де болған төрт түлік жайында сан алуан өлең, жыр шумақтарын жасаған дана халық өздерінің арман тілегіне, жыл маусымдарымен үндестіре өлеңдетіп, табиғат, адам, қоғам арасындағы байланысты балаға түсінікті түрде өлең-жырмен, мақал-мәтелмен, жұмбақтармен, ертегі, аңыз-әңгімелермен сабақтастыра ұғындырып отырғанын халық фольклорынан аңғаруға болады.

Ы.Алтынсарин шығармаларының қай-қайсысы да баланы ой еңбегіне бағыттап, дербес әрекет жасауға үйретуді көздейді. Бала өзі тыңдаған шығарма мазмұны бойынша «неліктен?», «не себепті?», «неге?», «қалай?» деген сұрақтарға жауап іздестіру арқылы қарапайым ой қорытындыларын жасауға үйренеді. Өмірге қажеттігінің бәрі қоғам байлығы, адам еңбегімен жасалатынына көз жеткізіп, табиғат пен адам, адам мен жан-жануарлар тіршілігі арасындағы байланысты ұғынатын болады [4, 64].

Келесі кезекте қазақ жазба әдебиетінің негізін салған дана да дара Абайдың өнеге-өсиеттерін мектепке дейінгі кезеңнен-ақ бала құлағына құйып, зердесіне жеткізу - бүгінгі отбасы, балабақша, барша жұртшылықтың міндеті.

Осыған орай ұлы Абайдың аса бай мұрасынан баланы адалдыққа, адамдыққа, өнер-білімге, эстетикалық талғампаздыққа баулитын «Интернатта оқып жүр», «Әсемпаз болма әрнеге», «Білімдіден шыққан сөз» «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Желсіз түнде жарық ай», «Жыл мезгілдері» т.б. шығармаларынан үзінділер оқып беріп, тыңдату - көркем тіл өнерін үйрету болмақ.

С.Мәуленовтен «Дала», «Өмір көркі - сыйластық», «Батыр бала», М.Әлімбаевтан «Ыстық көл», «Менің ойыншықтарым», «Колька», «Жаттығу оңай-ақ», «Біз енді үлкенбіз» атты шығармаларымен қатар, Қ.Шаңғытбаев, С.Жиенбаев, Н.Жанаев, Ә.Дүйсенбиев, Қ.Мырзалиев сынды ақын-жазушылардың да туындылары таңдап алынды [5, 103].

Көркем сөз - баланың тілін ұстартып, жүйелі сөйлей білуге баулиды. Сәбидің мінез-құлқын қалыптастыруға негіз болады. Жоғарыда аты аталған ақын-жазушылардың шығармаларында балаларға лайықты ертегі, әңгіме, өлең-тақпақтарында өмірдің сан-қилы жақтары қамтылады. Кішіге қамқорлық, үлкенге жәрдем, достық пен инабаттылық, мейірбандық пен ыждаһаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелейтін үлгі-өнеге, өмір шындығын әдеби шығармалардан ғана көруге болады. Қ.Сапарбаевтың «Туған жердің ыстығы-ай», С.Жүнісовтің «Кімнің мекені жақсы» деген суретті кітапшалары баланы туған елге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімге баулиды. М.Гумеровтың «Орман дәрігер» жан-жануар дүниесінің еңбегін, бір-біріне жанашырлық қарапайым қамқорлығын, орман құсы тоқылдақтың пайдасын білдірсе, «Бәйге» деген әңгімесінде сәбидің өзіне тән балғын мінезін көз алдына елестетеді.

Олай болса, ақын-жазушылардың шығармаларын баланың жас ерекшелігіне байланысты таңдап алып, оқып беру, тыңдату, әңгімелеп айтқызу, оның сөз байлығын арттырып, көрген уақиғалар жайында еркін әңгімелеп беруге талаптандырады.

Баланы ана тілінде анық, таза сөйлеуге үйрету ісінде жұмбақ шештіру, жаңылтпаш, мақал-мәтел айтуға үйретудің маңызы зор. Жұмбақ шешу, жұмбақтап айтуға үйрету арқылы баланың логикалық ойы дамиды, өмірде көрген-білгенін есінде тиянақтауға негіз болады. Жаңылтпаш, мақал-мәтел - тіл дамыту, тіл жаттықтыру құралы. Бала сөзді дәл тауып, дұрыс қолданып дыбыстарды дұрыс айтуға үйренеді. Жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш оқып беру, айтқызу, көбінесе 5-6, 6-7 жастағы балалармен жүргізіледі. 3-4 жастағыларға үй жануарлары мен жемістер туралы шағын жұмбақтар айтылады.

Ата-ана тәрбиесін алмаған немесе алғысы келмеген, өзінің бойын өзі қалыптастырған, керегін алып қажетсіз деп санағанын ысырып тастаған, бойына адамшылдық қасиеттерді дарытудан алшақ болған, ата-анасының жақсылығын білмеген, үйреткенін өзінің өмір тәжірибесінде іске асырмаған және осылардың нәтижесінде әлеуметтік өмірде қалыптасқан баршаға ортақ ақылақ (мораль) талаптарын бұзып өмір сүретін адамдарды «көргенсіз» деп атайды. «Атасын көріп, қызынды бер, анасын көріп, қызын ал», - деген мақалды меңзеп тұрғаны: - «Атасы жақсы болса, ұлы көргенді, анасы жақсы болса, қызы көргенді» деген ой. Біздің қазақ халқымызда адам баласына, оның ішінде жастарға берген бағасында «көргенсіз» деген ең ауыр айып, ең жаман баға болып саналады. Ол адамшылдық оң сипат пен қасиеттерден, әдептілік пен ізеттен жұрдай дегенді білдіреді. Бұл сөз әлгі жетесіз, әдепсіз, ізеттен жұрдай жанның жеке басына ғана емес, оның ата-анасына, яғни әдептілік пен инабат үлгісін көрсетуге тиісті адамдарға да қатысты тағылатын кінә. Осыны әр отбасының ата-анасы, тәрбие берушісі ескеріп, жауапкершілікпен қарағаны болашағымыздың жақсы болуының басты кепілі. Қазақтың «Ата-бабаңа, ата-анаңа, еліңе сөз келтірме» деген тілегінде «көргенсіз болма», «көргенсіздің баласы» деген сөзді айтқызба деген талап жатыр. Осы талапты ата-аналар өз балалары алдына қойып тәрбие берсе, жоғарыда айтылған жағдайлар басымызға тумамайтыны сөзсіз.

Қорытынды.

Баланы жастайынан дейді халқымыз демек, балаға тәлім-тәрбие беру бала бақшадан басталады. Ана сүтімен кірген тәрбие, халқымыздың салт-дәстүрі бала бойына, санасына біртіндеп сіңе береді. Сөйтіп, мектеп табалдырығынан ұлт жанды азамат бүлдіршін адымдап аттайды.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. *«Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту методикасы» оқу құралы. Л.П.Федоренко, Г.А.Фомичева, В.К.Лотарев. Алматы. «Мектеп» 1981. 188 бет.*
2. *Қожахметова Х. Мәнерлеп оқу. Алматы. 1982, -156 бет.*
3. *Баймұратова Б.Б. Бақашадағы ересек балалар тілін дамыту туралы методикалық құрал. А., 1990. – 124 бет.*
4. *Баймұратова Б.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. А., 1976. – 56 бет.*
5. *Баймұратова Б.Б. Балабақшадағы даярлық топ балаларының тілін дамыту методикасы. А., 1991. – 187 бет.*

УДК. УДК 37.013
МРНТИ 370. 296

А.А.ЖУМАДУЛЛАЕВА¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

ОҚЫТУШЫЛАР БІЛІКТІЛІГІН КӨТЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМДЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Андатпа

Жоғары мектеп педагогикасы әр сабақтың өтуіне, жоғары білім мақсатын ескерумен оқытушының тиімді оқу әдістерін, құрал-жабдықтарын таңдауына байланысты қойылатын талаптарды белгілейді, яғни ЖОО педагогикасы жоғары білім алудың проблемаларын әдістемелік-теориялық деңгейде ғана шешіп қоймастан, жоғары білім мазмұны мен мақсатына жетудің нақты құрал-тәсілдерін де көрсетіп береді. Оқытушы міндеті осы құрал-тәсілдерді игеріп, оқыту. Осыған орай оқытушының педагогикалық дайындығы дараланып, өзінің объектив мәнін иелеумен теориялық-қолданбалы қажетікке айналады.

Педагогикалық білімдерді игерудің маңыздылығы мен қажеттігі ЖОО оқытушыларына қойылатын талаптарды саналы түсініп, қабылдаудан көрінеді. Баршаға аян, пән оқытушыларына қойылатын негізгі талап өз пәнін, фундаментал ғылым негіздерін түбегейлі де терең игеру, білу. Бұларға қосымша оқытушы педагогикалық дайындық саласына байланысты білімдерді де жете білуі шарт.

Түйін сөздер: оқытушы, біліктілік, білім, білік, педагогикалық білім, жоғары мектеп педагогикасы, психологиялық-педагогикалық мәдениет, оқу-таным, ЖОО оқытушылары, білім теориясы.

А.А.ЖУМАДУЛЛАЕВА¹

¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясауи
(г. Туркестан, Казахстан)

ВАЖНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ В СИСТЕМЕ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИЙ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ

Аннотация

Педагогика высшей школы определяет требования к каждому занятию, цели высшего образования, использование новых технологий преподавателям, и выбору средств преподавания, значит педагогика ВУЗ не только решает методико-теоретические проблемы образования, а так же указывает средство и приемы достижения цели и содержания высшего образования.

Задача преподавателя-обучение студентов, усваивая эти новые приемы. Помимо этого преподаватель должен обладать знаниями педагогической подготовки.

Ключевые слова: преподаватель, квалификация, знание, навык, педагогическое образование, педагогика высшей школы, психолого-педагогическая культура, учеба, познание, преподаватели ВУЗ, теория образования.

А.А.ЖУМАДУЛЛАЕВА¹

¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkistan city, Kazakhstan)

IMPORTANCE OF PEDAGOGICAL KNOWLEDGE IN THE SYSTEM OF TEACHERS' QUALIFICATIONS IMPROVEMENT

Abstract

Annotation: pedagogy of higher education defines the requirements for each lesson, objectives of higher education, the using of new technologies for teachers and for choice of means of teaching, then the teachers of higher educational institutions not only solves the methodical-theoretical problems of education, as well as indicating the means and methods of achieving the goals and content of higher education.

The task of the teacher is the training students, learning these new techniques. In addition, the teacher must have knowledge of pedagogical training.

Key words: lecturer, qualification, knowledge, skill, teacher education, higher education pedagogy, psychological-pedagogical culture, learning, cognition, teachers of higher educational institutions, theory of education.

Кіріспе.

ЖОО оқытушыларының педагогикалық қызметінің тиімділігін айқындаушы көп факторлардың бірі - оның жоғары психологиялық-педагогикалық мәдениеті. Бұл психологиялық-педагогикалық мәдениет ЖООдағы және одан соңғы арнайы дайындыққа орай қалыптасады. Ал, қазіргі жағдайда мұндай дайындықтың барысы мен деңгейі көңіл толарлықтай емес.

Баршаға аян нәрсе, ЖОО оқытушыларының арасында педагогикалық әдебиетке, педагогиканың өзіне деген немқұрайлы қатынас дәстүрлі қалыптасқан, ЖОО оқытушыларында педагогиканы оқып, үйренудің қажеттігі шамалы, себебі студент жас бала емес, ненің не екенін өздері де түсіне алады деген пікір орныққан. Мұндай орынсыз, қате көзқарастың пайда болуына өз уақытында К.Д.Ушинскийдің «өз пәніңді игер де, оны түсінікті жеткізе біл» деген әдістемелік нұсқауы және оған теориялық арқау болған. «Жоғары мектепте оқыту әдістеріне ғылымның өзін зерттеу әдістері жатады» деген жаңсақ тұжырымы себін тигізбей қоймады. Ал осы «түсінікті жеткізе білудің» мәні не? Зерттелетін ғылым әдістері оқу-танымға байланысты күрделі процесті басқаруға мүмкіндік бере ала ма? Бұл сұрақтардың жауабы - шешілмеген сыр.

Техникалық, басқа да педагогикалық емес ЖОО оқытушылар құрамы, әдетте, негізінен белгілі пән саласында білім алғандар мен оқытушылық қызметпен байланысы жоқ мамандыққа дайындалғандармен толығыды. Мұндай мамандар оқытушылық қызметін бастауда өз мамандықтарының ғылыми да прагматикалық проблемаларының маңыздылығын алға тартып, ал сол мамандық бойынша кадр дайындау мәселесіне мән бере бермейді. Осыдан оқытушылардың оқыту қызметі түртіп көру, үстірт сезімдік шешімдерден немесе тәжірибелі әріптестерінің әдістеріне еліктеуден әрі аса алмайды, осылай шамалап байқап, қателесе жүріп, бірте-бірте әдістік тәжірибе топтайды. Өкінішке орай, бұл пайдалы да қажетті оқыту қызметі оқыту мен білім беру процесін зерттеусіз, оқу заңдылықтары мен оқу процесінің жетекші белгілерін саналы игерусіз жүріп жатады. Атап кеткен жөн, қазірге кезде қалыптасқан аттестациялау, оқытушыларға ғылыми атақтар беру жүйелері ЖОО педагогикасындағы зерттеулерге жүргізуге бағытталмай, көбіне маманданған ғылым саласындағы ізденістерге негізделеді. Біліктілік асыру жұмыстары да мамандық саласындағы істермен ғана шектеліп жүр.

Зерттеу әдістері мен нәтижелері.

Зерттеу әдістері мен нәтижелері.

Қазіргі заман маманына қажет білімдер көлемі күннен күнге арта баруда, ал жоғары оқу орнындағы оқу мерзімі нақты жылдармен шектелген. Осыдан, оқытушы алдына оқу процесін жеделдестіру, мақсатты бағытта әртүрлі кәсіпті игеруші мамандарға қажет сапа мен қасиеттерді қалыптастыру міндеті қойылады. Қалаған маман өмір бойы өз білімін жаңалап, біліктілігін көтеріп баруға міндетті. Студенттік жылдарда ол өзіндік білімдену әдістерін игеруге, сындарлы ой жүргізуге, кәсіби мәселелерді шешуде жаңа тәсілдерді қолдануға үйренуі қажет.

Жоғары мектеп студенттерін тәрбиелеу мен оқыту бағытын, мазмұны мен әдістері жөніндегі мәселелерді ғылыми тұрғыдан шешпей, маман дайындау тиімділігін қамтамасыз ету мүмкін емес.

Қазіргі кезеңдегі жоғары мектептегі оқу процесі өз міндеттері, қарқындылығы мен мазмұны жағынан бірқанша қиындай түсті. Осыдан, әрқандай жоғары мектеп оқытушысы өз оқу-тәрбие қызметінде әрқандай тұлға қалыптастыру заңдылықтарын, принциптері мен әдістерін терең психологиялық талдауға салып, түсіне білуі қажет.

Күннен күнге айқын бола бастаған жағдай - психологиялық білімдерді қолданбай студенттерді тиімді кәсіптік қызметке дайындау, олардың оқуы мен тәрбиесін жоғары педагогикалық деңгейде алып бару, түлектердің нақты мамандануы мен ЖОО профилін ескермей, олардың теориялық және практикалық дайындығын ұштастыру өте қиын.

Жоғары мектеп педагогикасы әр сабақтың өтуіне, жоғары білім мақсатын ескерумен оқытушының тиімді оқу әдістерін, құрал-жабдықтарын таңдауына байланысты қойылатын талаптарды белгілейді, яғни ЖОО педагогикасы жоғары білім алудың проблемаларын әдістемелік-теориялық деңгейде ғана шешіп қоймастан, жоғары білім мазмұны мен мақсатына жетудің нақты құрал-тәсілдерін де көрсетіп береді. Оқытушы міндеті осы құрал-тәсілдерді игеріп, оқыту. Осыған орай оқытушының педагогикалық дайындығы дараланып, өзінің объектив мәнін иелеумен теориялық-қолданбалы қажетікке айналады.

Талқылау.

Педагогикалық білімдерді игерудің маңыздылығы мен қажеттігі ЖОО оқытушыларына қойылатын талаптарды саналы түсініп, қабылдаудан көрінеді. Баршаға аян, пән оқытушыларына қойылатын негізгі талап өз пәнін, фундаментал ғылым негіздерін түбегейлі де терең игеру, білу. Бұларға қосымша оқытушы педагогикалық дайындық саласына байланысты білімдерді де жете білуі шарт. Осы заман ЖОО оқытушысы негізгі теориялық-педагогикалық проблемаларды түсіне отырып, педагогикалық ұғым, категориялар қорын тануы қажет, педагогикалық технология мен педагогикалық процесті құраушы элементтерді (мақсат, мазмұн, әдіс, жабдық, бақылау, бағалау және т.б.) байланыстыратыны тиіс. Осыларсыз ЖОО оқытушысының педагогикалық қызметі өз нәтижесін бермейді [1, 24].

Әрқандай ғылым өзінің зерттеу аймағы, пәніне ие. Ғылыми да, нақты түсінімдік те тұрғыдан педагогика пәні ретінде интегралды және дифференциалды тәрбие мәселесі қабылданған. Мұнымен қатар педагогиканың екінші тарапы да жоқ емес, ол білім беру, игерту процесі. Екеуі де шындық, дегенмен бірінші, тәрбие қызметінің іске асуы екінші білім беру-игерту жұмыстарының негізі екенін ойдан шығармаған жөн.

Тәрбие - жаңа әулетті қоғамдық өмір мен өндірістік еңбекке дайындау мақсатында оларға әлеуметтік тарихи тәжірибені жеткізіп, игерту процесі. Адамзат қоғамының қызметі ретінде тәрбие тарихи жинақталған құндылықтар қорын: білім, мораль, еңбек тәжірибесі, заттасқан байлықтарға иелік ету мен оларды әрі қарай дамыту жолдары ж.т.б. - келер ұрпаққа өткізу міндетін атқарады. Ал мұның орындалуы ұйымдастырылған түрде (білім мекемелер жүйесінде), сонымен бірге қоршаған ортамен араласу және оның ықпалы негізінде іске асады. Тәрбие - кең мағынадағы жалпыланған түсінік [2, 122].

Білім алу - жүйелестірілген ғылыми білік, ептіліктер мен дағдыларды игеру процесі және сол процестің нәтижесі.

Білім алу үш түрлі мағынада қарастырылуы мүмкін:

1. Жүйелілігіне орай білім белгілі құрылымдыққа ие болып, сатыларға келтірілген әртүрлі ғылыми және оқу мекемелерін (мектепке дейінгі, бастауыш, орта, орта арнайы, жоғары, дипломнан кейінгі) қамтиды.

2. Процесс ретінде білім уақыт аралығында жүргізіліп, осы процеске қатысқан адамның бастапқы және оқудан соңғы қалпын танытады; білімдік өзгерістер мен қайта жаңғыруды қамтамасыз етудің технологиялық мазмұнын білдіреді.

3. Білімнің нәтижесі ретінде оқу орнын бітіру және ол бойынша алынған сертификаттың айғағы есептеледі.

Осы түсініктерді талдай отырып, «білім» категорисының ішкі мазмұнын тану және оның неден құралатынын айқындаймыз [3, 77].


Оқу - педагогикалық процестің нақты көрінісі. Оқыту барысында арнайы дайындалған тұлға (педагог, оқытушы) басшылығында адамға білім берудің қоғам қабылдап, белгілеген міндеттері орындалады да, ол тәрбие және даму процесімен ажыралмас байланыста жүргізіледі.

Оқыту ісі - мазмұндық және іс-әрекеттік (процессуалдық) екі сипатқа ие. Мазмұндық тарапы - педагогикалық проблемалардың бірі ретінде оқу барысында не ұсыну қажеттігін анықтайды. Процессуалдық тарапы - ұйымдастыру формалары, әдістері және құрал-жабдықтары арқылы оқу мазмұнын іске асыру, тыңдаушыларға жеткізу жолдары.

Оқудың шынайы педагогикалық процесс болуы үшін оның келесі сапалары міндетті: 1) белсенділігі; 2) проблемдігі; 3) дамыту ықпалы [4, 224].

Даму - адамның қоршаған дүниені тану, ондағы өз орыны мен міндетін, орта, планета, ғарыш әлемінің үйлестігін қамтамасыз ету бойынша адамдық парызын сезіну процесі.

Тәрбие, оқу, даму - өзара байланыса, кірігумен білім құрамын түзеді.



ЖОО оқытушыларын психологиялық-педагогикалық дайындау бағытында қалыптасқан жағдайдың және бір себебін ескерген жөн.

Ежелден келе жатқан дәстүрлі, классикалық педагогика теориясы өз назарында жалпы білім беруші мектепті ғана ұстап, жоғары мектепте қолданымы аз білім негіздерін оқытуға арналған.

Жоғары мектептің арнайы мәселелерін шешіп беру педагогикалық білімдердің енді ғана өркендей бастаған жаңа саласы - жоғары мектеп педагогикасына жүктелген. Жоғары білім беру теориясы (жоғары мектеп педагогикасы) нақты мамандық иелерін дайындауға арналған проблемаларды шешудің ғылыми негіздерін айқындап, оқытушыларға өз кәсіби қызметін басқарудың жолдарын игертуі қажет. Осыдан, жоғары мектеп педагогикасы қазіргі кезең оқу процесіне қойылатын талаптардың ғылыми негіздерін нақтылап, оның заңдылықтарын ашып, оқуды нақты білім негіздерін игеру деңгейінен болашақ мамандардың дамуы мен кәсіптік кемелденуін басқару деңгейіне көтеру міндетін орындауы шарт [5, 48].

Педагогикалық қызметті тиімді орындау үшін қазіргі заман педагогі педагогикалық іс-әрекет құрылымын, оның негізгі бірліктері мен тәлім-тәрбиелік әрекет-қимыл түрлерін және оларды жүзеге асыру үшін қажет кәсіптік маңызға ие ептіліктер мен психологиялық сапа, қасиеттер табиғатын жете танып, білу.

Жоғары мектеп оқытушылары бірнеше қызметті орындайды, олар: оқыту-үйрету, тәрбиелеу, ұйымдастыру мен зерттеушілік. Бұл қызметтердің бәрі өзара байланысты тұтастыққа ие, солай да болса, оқытушылардың көбінде аталғандардың бірі басқаларынан басымдау келеді. Дегенмен, жоғары мектеп оқытушысының басты, ерекше қызметі - бұл өзара ұштасқан педагогикалық және ғылыми жұмыс. Зерттеу қызметі оқытушының жан дүниесін байытып, оның шығармашылық мүмкіндіктерін өрістетіп, оның ғалымдық деңгейін арттыра түседі. Сонымен қатар, педагогикалық нақты мақсат-мүдделер оқу материалының тереңнен сарапталып, жүйелене түсуіне, ондағы негізгі идеялар мен тұжырымдардың мүлтіксіз, түсінімді өрнектелуіне арқау болады.

Жоғары мектептің барша оқытушыларын салыстырмалы түрде үш топқа жіктесек, қателеспейміз:

1. Педагогикалық қызмет бағытын көбірек ұстанатындар;
2. Ғылыми ізденіс-зерттеу бағытын ұстанғандар;
3. Педагогикалық және ғылыми бағыттарды бірдей ұстанғандар.

Педагогикалық қызметті орындауда оқытушының кәсіптік біліктілігі оның оқу-тәрбие

жағдайларын талдау негізінде педагогикалық міндет, мәселелерді танып, көре білумен алға тарту және оларды шешу, іске асырудың әдіс-тәсілдерін таба білуден айқындалады. Студенттермен оқу-ізденіс жұмыстарын ұйымдастыру барысында кезігетін сан-қилы жәйттерді күні ілгері байыптау қиынның қиыны. Әрдайым жаңа, өзіндік ерекшелігіне ие, жедел ауысудағы жағдайларға сәйкес шешімдер қабылдап баруға тура келеді. Осыдан педагогикалық іс-әрекеттің шығармашыл сипаты аса маңызды.

Қазіргі заманғы педагогика тәрбие мазмұны, формасы, әдістері жөніндегі проблемаларды зерттей отырып, әртүрлі тәрбиелік ықпалдар технологиясын құрастыру мен жалпыадамзаттық құндылықтар ауқымында өтетін жеке адам дамуын негізгі назарға алады. Бұл міндеттің іске асуы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатында оның адамға бет бұруы мен демократиялануында тәрбие ролінің аса маңыздылығын мойындаумен байланысты.

Қорытынды.

Тәрбиенің ең жоғары да ізгі функциясы - адамзат тәжірибесінің жинақталған қорын жаңа әулетке жеткізу - білімден беру нәтижесінде іске асады. Білім - тәрбие құбылысының бір бөлігі болумен аға ұрпақ топтаған ғылыми және мәдени құндылықтар қорын құрайды. Әулеттер тәжірибесін ұсыну мен оны игеру білім жүйесіне бірігіп, арнайы ұйымдастырылған оқу мекемелерінде нақты мақсатқа, бағдарламаға, құрылымдарға орайластырылады, арнайы дайындалған педагогтар тарапынан орындалады.

“Білім” сөзі адамның белгілі шастық сатыға сәйкестендірілген, тәрбиенің қандай да бітімдік, нәтижелік ұғым - бейнесін танытады. Бұл тұрғыдан білімдену – адамның әулеттер тәжірибесін білім, ептіліктер мен дағдылар күйінде игерудің нәтижесі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. К.Ангеловский. Учитель и инновации. Книга для учителя. Пер.с македонского. -М., 1991
2. Ю.К.Бабанский. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований: Дидактический аспект.-М., 1982 Внутришкольное управление: Вопросы теории и практики. /Под ред. Т.И.Шамовой – М., 1991
3. И.Ф.Исаев. Теория и практика формирования профессионально-педагогической культуры преподавателя высшей школы. – М., 1993
4. Л.С.Подымова. Подготовка учителя к инновационной деятельности.-М., 1995
5. Н.Р.Юсуфбеков. Общие основы педагогических инноваций: Опыт разработки теории инновационного процесса в образовании.-М., 1991

УДК. 796.07; 796.034.2
МРНТИ 796 (=512.122)

Г.Б. Копжанов¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ «Дене мәдениеті және спорт» мамандығының I курс магистранты
(Алматы қаласы, Қазақстан)

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫ – ҰЛТ МӘДЕНИЕТІНІҢ АЙНАСЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақтың ұлттық спорт ойындарының маңыздылығы қарастырылады. Ұлттық спорт ойындарының жеткіншек ұрпақ тәрбиелеудегі маңыздылығы атап көрсетілген. Мақалада дене шынықтыру пәні мұғалімдердің назарын өткен дәуірдегі ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық ойындарының маңыздылығы мәселесіне аудару міндеті қойылып отыр. Сондай-ақ, әр кезеңде ұлттық ойындарды зерттеген ғалымдардың еңбектері қысқаша атап көрсетілген.

Түйін сөздер: ұлттық, спорт, ойын, тәрбие, дене тәрбиесі, тарих, салт-дәстүр

Г.Б. Копжанов¹

¹магистрант I курса КазНПУ им. Абая специальности «Физическая культура и спорт»
(г.Алматы, Казастан)

НАЦИОНАЛЬНЫЕ СПОРТИВНЫЕ ИГРЫ – ЗЕРКАЛО КУЛЬТУРЫ НАРОДА

Аннотация

В данной статье рассмотрена важность казахских национальных спортивных игр. Подчеркнута важность национальных спортивных игр в процессе воспитания подрастающего поколения. В статье ставится задача привлечь внимание учителей физической культуры к проблеме важности национальных спортивных игр в процессе воспитания молодого поколения прошлой эпохи. Также, в статье приведена краткая информация об ученых, в разное время исследовавших данный вопрос.

Ключевые слова: национальный, спорт, игра, воспитание, физическая культура, история, традиции

G.Kopzhanov¹

¹*the 1st course master of specialty “Physical education and sport”
(Almaty, Kazakhstan)*

NATIONAL SPORTS GAMES - THE MIRROR OF THE CULTURE

Abstract

This article considers the importance of Kazakh national sports games. The importance of the Kazakh national sports games in the process of the younger generation's upbringing is emphasized in the article. The article aims to draw the teachers' attention to the problems of physical education in upbringing the younger generation in the previous times. Also, the article contains a brief information about scientists who have studied this problem at different times.

Key words: national, sport, game, upbringing, physical education, history, traditions

Әлемдегі барша ұлттың, халықтың өзінің тарихына, ұлттық болмысына, мәдениетіне, тұрмыс-тіршілігіне, табиғи ерекшеліктеріне қарай сол ұлтқа ғана тән жеке құндылықтары болады. Ұлттың дамуына ерекше ықпал ететін сол құндылықтардың аса маңыздыларының бірі ұлттық ойындар десек қате айтқанымыз емес. Әр халықтың ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар мұқият зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Ал енді «ұлттық» дегеніміз не? «Ойын» дегеніміз не? Осы ұғымдарға қысқаша тоқтала кетейік. Ең алдымен «Ойын» ұғымы — бұл адамның мінез-құлқын өзі басқаруымен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізіндегі іс- әрекеттің бір түрі.

«Ойын» сөзі мағынасының түп-төркіні қуаныш, әзілге сәйкес келеді. Мысалы, Ежелгі Рим халықтарында «ойын» сөзінің мағынасы *қуаныш, мереке* сөздерінің мағынасымен ұштасып жатыр, еврей тілінде *әзіл* мен *күлкіні* білдіреді, ал қазақ тілінде жас баланың іс-әрекетін, ересектер арасындағы әзілді, қалжыңды меңзейді.

«Ұлттық» ұғымы ұлттың өзін-өзі тануынан көрініс табатын ҰЛТТЫҚ санада басымдыққа ие көзқарастар...

Егер осы екі ұғымды қосып алатын болсақ бір ұлттың баға жетпес қазынасы болып шыға келері сөзсіз.

Қазақ халқының ұлттық ойындарында ежелгі заманнан келе жатқан тастан, ағаштан, аң сүйектерінен, бертін келе металдан жасалынған құралдар қолданылған.

Ғасырлар бойы балалар мен жастарды ерте жасынан ұлттық ойындарымен тәрбиелеу, қоғамдағы қарым-қатынасқа, қоршаған айналаға дұрыс қатынасу қалыптасуына әсер етті. Қазақтардың өнегелік-этникалық сұраныстарына сәйкес адам бозбала жасында күнделікті қоғам өмірінде қарқынды қатынасуға тәрбиеленетін.

Қазақтардың салт-дәстүрі бойынша, бозбала тәрбиесімен ерлер айналысатын. Ұлдар ойындарында үлкендерге ұқсасып, олардың шаруашылық әрекеттерін жасайтын, ал қыздардың ойындарында тұрмыстық және отбасылық қатынастар көрінетін.

Көшпенді мал шаруашылығының өмірі жан-жақты денелік дамуды қажет етті. Сондықтан ұлттық ойындар ереже түрінде ойнап тұрып өзінің іскерлігі мен күшін көрсетіп, өте ырықты болды.

Қазақтың тайпалары өзінің тәуелсіздігі үшін күресіп, көптеген соғыстарды жүргізуге мәжбүр болды. Жігіттер өз ойындарында шабуылшы және қорғаушы аттыларға бөлініп, әскери

әдістерге ұқсатып ойнайтын.

Сонымен, ұлттық ойындар спорт түрлері сияқты әр түрлі тарихи кезеңдерде халықтың өмірінде нақты және объективті болып келді. Ұлттық ойындар дене тәрбиесі пәнінің бағдарламасына енгізілген. Қазақтың ұлттық ойындарының мазмұны мен түрлілігі біздің күнімізге дейін жетті.

Осы мәселеге байланысты зерттелген ғылыми еңбектерді біз хронологиялық шектігіне қарай бірнеше топқа бөліп қарастырамыз.

1. Орыстың отарлау саясаты кезеңіндегі алғашқы орыс әскери шенеуніктері мен миссионерлерінің көшпенділер хақындағы зерттеу жұмыстары;

2. Кеңес заманы кезеңіндегі Орта Азия және Қазақстан халықтарының ұлттық ойындары туралы жазылған ғылыми еңбектер;

3. Мектеп жасына дейінгі балаларды дене шынықтыруға баулу әдістерін педагогикалық сипаттағы бағыт-бағдарлама тұрғысынан зерттеген жинақтар.

4. Тәуелсіз егеменді елдер кезеңіндегі (1992 жылдан бүгінге дейін) аталған тақырыпқа қатысты ізденістер.

XX ғасырдың басында өмір сүрген этнограф М.Гуннер қазақтың ұлттық ойындарын былайша жіктейді:

1. Жалпы ойындар;
2. Қарсыласу мен күресу сипатындағы ойындар;
3. Ашық алаңайдағы ойындар;
4. Қыс мезгіліндегі ойындар;
5. Демалыс ойындары;
6. Ат үстіндегі ойындар;
7. Аттракциондық-көрініс ойындары.

Ұлттық ойындардың сан ғасырлар бойы жоғалмай, бүгінгі күнге дейін жетуі осы салада еңбек жазған ғалымдар мен ізденушілердің еңбектерінің арқасында деп білеміз. Ұлттық ойындарды зерттеген ғалымдарды атап өтетін болсақ, XIX-XX ғасырларда қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин. Сондай-ақ өзге ұлт ғалымдары Ә.Диваев, А.Алекторов, М.Гуннер ұлттық ойынның даму кезеңдерін белгілеп, классификациясын жасаған. Ал еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық құндылықтардың қайта жаңғырып, ұрпақ тәрбиесіне қайта оралуына еңбек сіңірген қазақ ғалымдар М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Балғымбаев, Ә.Бүркітбаев, Е.Мұхиддинов, А.Құралбекұлы мен С.Әкімбайұлы т.б. есімдерін атауға болады. Әрине, аталған ғалымдардың ғылыми еңбектері мен зерттеу жұмыстарына зерттеу жұмысымыздың барысында толық, тоқталып айтамыз.

Ұлттық ойындар әрине зерттелді, түрлі деңгейде талданып, талқыланды. Көптеген ғалымдар еңбектер жазды. Бірақ елдігімізді алып, түп қазынамызға үңілген сайын ұлттық құндылықтардың әлі де ашылмаған беттері бар екені айдан анық. Сол себепті де біздің жүргізетін зерттеу жұмысымыз ұлттық ойындардың қайта жаңғыруымен, жаңаша дамуымен өзекті болып отыр. Ұлттық ойындарды жаңа заман талаптарына сай, жаңа форматқа бейімдеп көрсету мақсаты қойылып отыр. Ұлт ойындары - ата-бабамыздан бізге жеткен өткен мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары / Оқулық. - Алматы, 1991.
2. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары / Оқулық. - Алматы, 1994.
3. Ә.Бүркітбаевтың авторлығымен 1985 жылы жазылған «Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні»
4. М.Балғымбаевтың «Қазақтың ұлттық спорт ойыны түрлері» (Алматы, 1985)

С.САХИТЖАНОВА¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АҒАРТУШЫЛЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕР

Андатпа

Мақалада Әлихан Бөкейханның «Қазақ» газетіне жариялаған еңбектеріндегі ағартушылық ой-пікірлері туралы айтылады. «Алаш» қозғалысының көшбасшысы ретінде ол ағарту ісі ілгері баспайынша, саяси, әлеуметтік, экономикалық мәселелерді шешудің мүмкін болмайтынын түсінді. Алаш зиялылары ағарту ісін дамыту жолдары, мәдениеті алдыңғы қатарлы елдерден үлгі алудың маңызы туралы үнемі мақалалар жазып, жарияланып жатқан еңбектерге баға беріп, оқырмандарын қазақ халқының тарихымен, жаңа кітаптармен таныстырып, халықтың саяси санасын ояту мәселесін көтеріп отырды.

Ә.Бөкейханның ағартушылық ойлары мен идеялары бүгінгі таңда да өз өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Түйін сөздер: ағарту ісі, халыққа білім беру, бала оқыту жайы, кәсіби мамандарды даярлау.

С.САХИТЖАНОВА¹

¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)

ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИЕ МЫСЛИ АЛИХАНА БУКЕЙХАНА

Аннотация

В статье рассматриваются просветительские идеи Алихана Букейхана. Как лидер движения «Алаш», он понимал, что без просвещения невозможно разрешение ни политических, ни социальных, ни экономических проблем. Лидеры движения были объединены благородной идеей просвещения народа и распространения идей гуманизма. В своих статьях они осуществляли поиск путей обучения, призывали брать пример, учиться у народов с передовой культурой, знакомили с историей казахского народа, выступали с рецензиями, где давали объективную оценку публикуемым работам, знакомили с новыми книгами, поднимали проблему формирования политического сознания. Мысли и идеи А.Букейхана не потеряли своей актуальности, значимости и в наши дни.

Ключевые слова: просветительская работа, народное образование, обучение детей, подготовка профессиональных кадров.

S.SAKHITZHANOVA¹

¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

EDUCATIONAL THOUGHTS OF ALIKHAN BOKEYKHAN

Abstract

This article deals with the problem of Alikhan Bokeykhan's educational ideas. As the leader of «Alash» activity he understood that without education it is impossible to solve any political, social and economic problems. Leaders of this activity were united for the grateful idea to educate people and to spray the idea of humanism. In their articles they explored ways of training, learned from the people with leading culture, introduced with the history of Kazakh people, came out with oppositions where were given objective evaluation for published works, got acquainted with new books, raised forming political consciousness problems. Nowadays thoughts and ideas of Alikhan Bokeykhan still don't lose their actuality and topicality.

Key words: educational work, national education, to teach children, teacher training course

Кіріспе.

Алаш зиялылары өркениетті қоғамға білім беру ісін жетілдіру арқылы жетуге болатынын, халықты саяси ағарту үшін оның білімге құштарлығын арттыру, сауатсыздықты жою қажет екенін, яғни саясат пен ағарту ісінің тығыз байланыста болатындығын түсінді. Қазақ зиялыларының бүкіл өмірі мен қызметі осы мақсатқа арналды деуге болады.

Алаш қайраткерлері орыстандыру саясатынан, қоғам басына түскен қасіреттен құтылу үшін білім алып, өркениетті елдердің қатарына қосылу қажет екендігін білді. Оған Міржақып Дулатовтың сөздері дәлел бола алады: «Нам необходимо всеми силами и средствами стремиться к просвещению и общей культуре».

Қазақ қауымының өз ішіндегі жерге иелену, отырықшы болу, егіншілікпен айналысу, бала оқыту, мұсылмандықты сақтау, европалық дәстүрге бет бұру, билікке халық қамын жейтін білікті адамдарды сайлау, ауызбіршілікті сақтау, алым-салықты төлеуді бір ізге түсіру, мал-жанның дұрыс санағын жүргізу, мектеп ашу, медресе салу, газет шығару сияқты көкейкесті мәселелерді саралаған мақалалармен қоса, Ә.Бөкейхан қаламынан халықаралық жағдайға, басқа мемлекеттер өміріне, дүниежүзілік соғысқа, Ресейдегі ерекше маңызды саяси-әлеуметтік қозғалыстарға, партияларға, жиындарға, құрылтайларға, бас қосуларға, съездерге арналған еңбектер де туды.

Зерттеу әдістері мен нәтижелері. «Қазақ» газетіне жариялаған өзінің «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында сол кездегі бала оқыту жайы туралы ашына жазады: «Қазақ ішінде әр жерде бала оқытатын адамдардан бала оқытуға программа (жосық) көрсетілсе екен деген өтініштер келеді. Бұл күнде қазақ арасындағы оқу жосықсыз нәм жосық жасауға болмайды да. Өйткені қазақтың бастауыш мектебінде оқитын кітаптар белгіленбек түгіл әлі шыққан да жоқ. Жаңа ғана әліппе шыға бастады. Оның да қайсысы оқылары белгіленген жоқ. Әліппеден әрі оқитын кітаптар әлі шыққан жоқ. Дін жайынан оқытатын, есеп оқытатын, жағрапия нәм тарихтан қысқалап хабар беретін кітаптар әлі жоқ. Сондықтан программа деген сөз әзір ертерек. Әуелі біз бала оқытатын кітаптарымызды түзеп, сайлап алып, сонан соң неден бастап, неге шейін оқытатынымызға жосық белгілеуге дұрыс». Яғни қазақ бастауыш мектебіне арналған әліппеден басқа да оқулықтарды шығарудың кезі келгенін, сосын барып білім мазмұны анықталатынын айтады.

Келесі мәселе қазақ мектебіне сабақ беретін мұғалімдер, олардың дайындығына қойылатын талаптарды былай көрсетеді: «Бұл сөзді қоя тұрып, мұнан бұрынырақ ескеретін бір жұмыс бар. Ол мынау: бір нәрсені істегенде сол істі істей білетін адам істесе шапшаң да, жақсы да істейді. Бұл жалғыз қол ісі емес, ми ісінде де солай. Мал бағатындар мал бағуын жақсы білерге керек, ел бағатындар ел бағуын жақсы білерге керек, бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерді өзі жақсы білерге керек, екінші - баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап өсіп жеткенінше, тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халының хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы педагогика ғылымын білу керек. Бұл күнгі ғылымда жұрттарда бала оқыту жұмысы бала оқыту ғылымын оқып шыққан адамдардың қолында. Сол ақылға да дұрыс. Судья судьялық ғылымды оқығаннан болғанда, доктор докторлық ғылым оқығаннан болғанда, мұғалім мұғалімдік ғылымын оқып шыққан адамдардан болуы тиісті». Яғни, бала оқытуды кез-келген сауаты бар адамға емес, баланың жас және дербес ерекшеліктерін, дамуы мен психологиясын жақсы білетін, педагогикалық арнайы білімі бар мұғалімдерге жүктеудің маңызын көрсетеді.

Бала оқыту ісінің, болашақта қазақ даласының басқа дамыған елдер сияқты түзеліп кетуі үшін қазақ балаларын оқытуды тезірек қолға алудың маңызын былай жеткізеді: «Біз болысымыз басқа жұрттың болысындай елді баға алмайтынын айтып жатырмыз, билеріміз де судьядай ғылымдық жоқтығын айтып жатырмыз, дәрігерлеріміз, бақсыларымыз доктордай ауруды емдей алмайтынын айтып жатырмыз, халқымыздың басқа жұрттай білімді емес, надандық мәнінде айтып жатырмыз. Бұлардың мәнін айтқанда бала оқытуымызда қандай мән барын да айтып, әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастау керек. Неге десек, болыстық та, би іске де, халық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізге түсінбей, айтқанымызды тыңдамай, істегенімізге қосылмай өтер. Олар өтіп, кейінгі жастардың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойын бұрып қайрылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс».

Ә.Бөкейхан батыс елдерінің даму тенденциясын үнемі назарда ұстап, мейлінше өз

оқырмандарына жеткізуге тырысты. Сөйтіп, халықтың көзін ашып, жақсы өмірге деген талпынысын тудыруға асықты. Ал бұл талпыныс оқу-біліммен, кітаппен келетінін ол жақсы түсінді. «Қазақ» газетіндегі «Кітапхана» деген мақаласында Нью-Йорк қаласындағы Астор мен Карнеги салғызған кітапханамен оқушыны таныстырып, бұл кітапханада тіпті соқырларға арналған кітаптар да бар екенін және кітап алып оқитын балаларды аса құрметтейтінін жазады.

Ә.Бөкейхан дамыған елдердің мәдениеті, экономикалық дамуымен қатар білім беру жағдайы, кәсіби мамандарды даярлау туралы үнемі баспасөз беттерінен қадағалап отырған және олардың оқу-білімнің арқасында дамып отырғандығын қарапайым қазаққа түсіндіріп отырған: «Еврей анау, армян анау деп мұсылман өкпелейді. Бұлардың озып жүргені осы балаларын оқытқандарынан емес пе?», - деп жазады ол «Оқу министрінің есебінен» деген мақаласында («Қазақ», 1915, №130, 28 мамыр. 1-2 б.). Осы мақалада 1912 жылғы оқу министрінің патшаға берген есебін талдап, оқырмандарға Ресейдегі жоғарғы оқу орындарының саны, ондағы оқитын студенттер контингенті туралы айта келе, мынадай қорытынды жасайды: «Мына жоғарыда есепті ақылға салып қарасақ, көрініп тұр: жастардың іздегені мал. Бұлардың көбіне адвокат, судья, дәрігер, чиновник болу мақсат; тарих, дін ғылымдары көпке ғұмыр жүзінде опа бере қоймайды. Күншығыс халықтарының тілдерін оқып та, өмірде бәйге алып, ешкім жарымайды. Оқуды халықтың көбі бүгінгі дүние үшін оқиды». Яғни, бұл жерде жастардың қандай да бір кәсіпті таңдауы көбінесе өзінің қызығушылығы тұрғысынан емес, болашақ өмірде материалдық жағынан тарықпайтындай, жалақысы жоғары мамандықтарды көбірек таңдайтынын цифрлар арқылы дәлелдейді.

Талқылау. «Алашорда» үкіметі құрылған алғашқы күнінен бастап ұрпақ тәрбиесіне, ел болашағына зор көңіл бөлген. Жас ұрпақтың туған тіліне деген сауаттылығын арттыру үшін, ана тіліндегі оқулықтарды жасауға кіріскен. Бала тәрбиесіне, оқуына осындай қиын заманда жаңаша бетбұрыс, бұл болашаққа деген сенім еді. Білімді жастар, еліне салауатты да сауатты қызмет етеріне деген үміт болатын-ды.

Осыған қоса, іс-қағаздарын ана тілінде жүргізу туралы мәселе айқын жолға қойылды. Білім беру ана тілінде болуы керек делінген. Басылымдардың қазақ тілінде болуына ерекше назар аударған

Өз елін алдыңғы қатарлы дамыған елдердің қатарынан көргісі келген Ә.Бөкейхан балаларды жаппай оқытудың рухани мәдениеттің көтерілуіне де тигізер ықпалын жақсы біліп, өзінің «Рухани мәдениет қарауылынан» деген мақаласында әлемнің дамыған елдеріндегі ғылым-білімнің дамуын қазақ тұрмысымен салыстырып былай дейді: «Рухани мәдениеттің бір белгісі жұрт баласына жалпы оқу, газета, кітап оқып, ғылым жолын тану, қол жеткені ғылым жолында ізденіп, адам баласына жақсылық жол ашу». Яғни, ғылым-білімді игеру арқылы, адамзат жақсы өмірге жете алатынын дәлелдейді.

Ә.Бөкейхан қазақ халқының саяси сауатын ашып, көзін оятуда, құқықтық ағарту жұмысын жүргізуде мұғалімнің ролін жоғары бағалады. Саяси сауатсыздығының, өз құқығын білмеуінің себебінен сары далада талай еңбекшінің еңбегі жебірге жем болып, адамгершілік аяққа басылып, қазақ кедейі әлі өз тағдырына өзі қожа бола алмай, қазақ әйелі әлі күндіктен құтыла алмай жүргенін айта келе, қалың бұқараның көкірек көзін ашу, саяси санасын ояту жұмысын мұғалімдерге жүктеп, оларға сенетіндігін білдіреді: «... Бұл бәлелерден қазақ бейнетқорлары оянбай, шаруасын терлетпей, өз тағдырына өзі қожа болмай тұрып құтылып болмайды. Ояну үшін оятушы керек, үйретуші керек, басшы-көтермеші керек. Қазақ даласында бұл жұмыс бүтіндей оқытушының мойнында».

Алаш қозғалысына қатысқан азаматтардың басым көпшілігі ұлт мүддесіне арналған күнделікті аршынды іс, қарымды әрекеттермен айналыса жүріп, қуғын-сүргін азабына қарамастан, әдебиет, публицистика, ғылым, аударма салаларында орасан бай мұра қалдырды. Кейін колдарынан билік кетіп, халыққа қызмет етудің бір-ақ жолы – оқу-ағарту саласы ғана қалған аз уақыт тыныс шақта ұлт тілінде ғылымның барлық жүйесі бойынша оқулықтар жасауға кірісті.

Халыққа білім беру, ағарту ісі- Ә.Бөкейханның ең басты мақсаттарының бірі. Бірнеше тармақтан тұратын «Алаш» партиясы программасы жобасының тоғызыншы тармағы «Ғылым-білім үйрету» деп аталып, онда былай делінген: «Оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық Һәм ақысыз болуы; жұртқа жалпы оқу жайылуы. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқуы; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуы; оқу жолы өз алды автономия түрінде болуы; хукімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылуы; ел ішінде кітапханалар ашылуы».

Қорытынды. Бүкіл саналы ғұмырын халқына, халқының азаттығына арнаған Әлихан Бөкейхан өзінің еңбектерінде қазақтың өз ішіндегі алауыздықты, жалқаулықты жойып, ілгері сүйрейтін ең басты нәрсе білім, оқу екендігін дәлелдейді. Ол қазақтың басын біріктіріп, ерікті ел

болуын көксеріп, ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, дамыған елдердің қатарына, өркениетке жеткізуді армандады. Осы мақсатқа жету жолына өз бойындағы бар қасиетін, ақыл-ойын, жігер-күшін, білімін, бар саналы өмірін арнады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Дулатов М. Ахмет Байтұрсынович Байтұрсынов//Альманах алем. Алматы: Жазушы. 1992.-84с.
- 2 Қыр баласы. Қазақша оқу жайынан//1913, № 14 - 16.
- 3 Қыр баласы. Кітапхана// Қазақ. 1913, №16 – 4 б.
- 4 Қыр баласы. Оқу министрінің есебінен// Қазақ. 1915, №130 – 1-2 б.
- 5 Қыр баласы. Рухани мәдениет қарауылынан//Қазақ. 1915, №118.
- 6 М.Қойгелдиев/құрастырушы/Бөкейханов Ә. Шығармалар.- Алматы: Қазақстан, 1994.- 261 б.

УДК 002.6
МРНТИ 372.358 045

А.А. КУРАЛБАЕВА¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

М.НИШАНБАЕВА²

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНІҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЫҚПАЛЫ

Аңдатпа

Мақалада интернет желісінің бастауыш сынып оқушыларына ықпалы қарастырылады. Қазіргі кезеңдегі қоғамның даму жағдайы бала тұлғасының әлеуметтенуі балалар іс-әрекеттерінің ерекше ұйымдастырылған, әлеуметтік тұрғыдан тәуелді, қоғамдық және тұлғалық маңызға ие болатын баланың өзін-өзі анықтауға, ұсынуға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық құбылыстармен түсіндіріледі.

Қазіргі кезде жастардың белгілі бір бөлігі компьютерлік интернетке тәуелділігінің ықпалында, ал бұл катерлі психикалық ауру болып табылады. Сондықтан да қоғам бұл мәселенің қауіптілігі мен маңыздылығын түсінуі қажет.

Түйін сөздер: интернет, компьютер, смартфон, ноутбук, нетбук, планшет.

А.А.КУРАЛБАЕВА¹

¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г, Туркестан, Казахстан)

М.НИШАНБАЕВА²

²Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г, Туркестан, Казахстан)

ВЛИЯНИЕ ИНТЕРНЕТА УЧЕНИКАМ НАЧАЛЬНОГО КЛАССА

Аннотация

В статье рассматривается влияние интернета ученикам начального класса. В настоящее время развитие общества объясняется социально-педагогическим особенным организацией действий определённых личностей ребёнка, зависимостью с точки социального зрения, определением общественной и личностной важности ребёнка.

В настоящее время определённое количество молодого поколения зависит от компьютерного интернета, а это считается опасным психическим заболеванием. Поэтому общество должно понять опасность и важность этой проблемы.

Ключевые слова: компьютер, смартфон, ноутбук, нетбук, планшет.

A.A.KURALBAYEVA¹

¹International Kazakhstan-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

M.NISHANBAEVA²

²International Kazakhstan-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

THE IMPACT OF THE INTERNET PRIMARY SCHOOL PUPILS

Abstract

The article considers the impact of the Internet primary school students. At present, the development of society is explained by socio-pedagogical features of organization of actions of certain individuals of the child, dependent from the point of view of the social, the definition of social and personal importance of the child. Currently, a certain number of the young generation of the Internet depends on the computer, and it is considered a dangerous mental illness. Therefore, society must understand the danger and importance of this problem.

Keywords: computer, smart phone, laptop, netbook, tablet.

Кіріспе.

Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің біріне айналды. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми – техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді.

Елбасы атап көрсеткендей «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» - жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісіне оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Қазіргі уақытта «қоғамды ақпараттандыру», «Білім беруді ақпараттандыру» деген сөз тіркестері біздің сөздік қорымызға еніп кетті. Олай болса, қоғамды ақпараттандыру дегеніміз не? Қоғамдық ақпараттандыру дегеніміз – ғылыми техникалық прогресс жетістіктерінің күнделікті тұрмысқа ауқымды енуінің нәтижесі, яғни адам өміріне іс - әрекеттің интеллектуалды түрлерінің жан – жақты әсер етуі мен ролінің жоғарылауына байланысты объективті процесс.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық - коммуникативтік технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Осы мақсатта негізгі құрал компьютер болып табылады. Біраз уақыт бұрын тек байланыс көзі болған бұл ұялы телефондар да қазіргі уақытта құрылысы, құрылымы жағынан да кез келген компьютерді басып озбаса кем соқпайды.

Зерттеу әдістері мен нәтижелері.

Қазірде ұялы телефон (смартфон, коммуникатор), компьютер (ноутбук, нетбук, планшеттер) т.б. ақпараттық-коммуникациялық технологияны жүзеге асырушы құралдарды қолданбайтын адам, әсіресе жастар, жасөспірімдер кемде-кем, адамдар қызмет орнында да, үйде де компьютермен жұмыс істей береді. Оның өмірімізге, кеңінен енгені соншалықты, бала біткен ойыншықпен емес, компьютермен ойнап, өзінің өміртанымын ғаламтордағы желі ішінде қалыптастырады.

Шын мәнінде, балалар виртуалды әлемнің арқасында уақыт еншісінен тысқары қалып, айналадағы шынайы тіршілікке деген қызығушылығының төмендейтіні белгілі. Ғаламтордың зиянынан сақтандыру үшін кез келген ата-ана баласына оны пайдаланудың шарттарын айтып түсіндіруге, ондағы ақпараттардың үнемі шындыққа жанаспайтынын, оған сын көзімен қарау қажеттігін, ол ақпараттарды кітаптағы, энциклопедиядағы ресми газет-журналдардағы ақпараттармен салыстырып, қабылдау керектігін ескертуге тиіс. Және де ғаламтордағы зорлық-зомбылыққа, қылмысқа, жыныстық бұзылуға тәрбиелейтін бағдарламалардан, діншілдік, нәсілшілдік туралы ақпараттардан сақтандыру – ата-аналар мен ұстаздардың да негізгі міндеттерінің бірі екендігін естен шығармағанымыз абзал.

Ғаламтор - (ағылшын тілінде Internet) - ақпарат беру және сақтауға арналған компьютерлік желілердің біріктірілген әлемдік жүйесі.

Оның шығу тарихына да қызық. «1957 жылы Кеңестер Одағы жасанды жер серігін ғарышқа ұшырған соң, АҚШ Қорғаныс министрлігі «егер соғыс бола қалған жағдайда Америкаға сенімді ақпарат алмасу жүйесі керек болады» деп есептеген. Ондай жүйені АҚШ-тың Орталық барлау басқармасының қызметкерлері ойлап тапқан деседі. Бұл мақсатта Лос-Анджелес, Юта және Калифорния штаттарындағы университеттерге және Стэнфорд зерттеу орталығына компьютерлерді бір-бірімен жалғайтын желі жасау тапсырылады. ARPANET деп аталатын жоба 1969 жылы 29 қазанда төрт мекеменің компьютерлерін телефон арқылы байланыстырады. Содан соң ARPANET дамып жетіліп, оны түрлі сала ғалымдары пайдалана бастайды. 1983 жылы бұл атау «Ғаламтор желісі» деген ұғыммен алмастырылды».

Бұл күнде ғаламтор желісін тұрақты пайдаланушылар саны бүкіл әлем бойынша 2,4 млрд адамнан асыпты. Бұл - жер шарын мекендейтін халықтың үштен бір бөлігінен астамы ғаламтор қызметіне жүгінеді деген сөз.

Қазіргі кезде жастардың белгілі бір бөлігі компьютерлік интернетке-тәуелділігінің ықпалында, ал бұл қатерлі психикалық ауру болып табылады. Сондықтан да қоғам бұл мәселенің қауіптілігі мен маңыздылығын түсініп, дабыл қағуда. Ғаламтор желілердің негативті әсері кәмелетке толмағандардың тәуелділігін қалыптастыру және қылмыстың өршуіне ерекше қауіп тудырып отыр. Интернет пен компьютерлік ойындардың пайда болуымен тәуелділіктің жаңа түрлері де пайда боды: интернетке тәуелділік пен ойынға тәуелділік. Әрбір төртінші пайдаланушы компьютердің жанында аптасына 20 сағаттан аса уақытын өткізеді. Мұнымен бірге психиатрлардың америкалық ассоциациясының мәліметтері бойынша күніне компьютерде екі сағаттан аса уақыт ойнау компьютерлік тәуелділік деп танылады. Тәуелділік - бұл психикасының бұзылуы, ол уәждеумен, шешімдер қабылдаумен, оқумен, тежелуді бақылау деп аталатынмен, рақаттануды іздестірумен байланысты химиялық үдерістерге араласу жолымен мидың жұмыс істеу қағидаттарына ықпал етеді. Құмар ойындары мен жеңсіздік сияқты мінез-құлықтың құштарлық-психологиялық тәуелділік формасының мәні; есірткілер немесе алкоголь сияқты заттарға құмарлық бір мезгілде психологиялық тәуелділік формалары болып табылады.

Интернетке-тәуелділіктің басқалардан ерекшелігі - ағзаны әлсіреуіне немесе өзгеріске ұшырауына соқтыратын химиялық тәуелділік емес, ағзаға әсері бойынша ол құмар ойындарға тәуелділікке жақын. Дәстүрлі тәуелділік түрлерінің пайда болуына жылдар қажет болса, профессор К.Янгтің мәліметтері бойынша Интернет-тәуелділікке көп уақыт қажет емес, мәселен тәуелділердің 25 пайызы интернетпен жұмыс істей бастаған жарты жыл ішінде, 58 % - жарты жылдан соң, ал 17 % - 1 жыл уақыт аралығында интернет құлына айналған.

Санкт-Петербургтегі В.М.Бехтерев атындағы психоневрологиялық институтының ғалымдары компьютерге үйірсеңдіктің он белгісін көрсетіп берді. Олар:

- компьютер алдында бір ойынды ойнап бірнеше сағат отыру;
- ата-аналарымен кикілжіңге бару;
- үйге кешігіп келу;
- сабаққа үлгерімі нашарлап, сабаққа жиі бармай қалу;
- баланың бұрынғы достарымен қарым-қатынасы азаяды;
- өзі сияқты компьютерге үйірсеңдіктермен ғана араласады;
- күнделікті ақшаға сұранысы көбейеді;
- берген уәдесін орындамайды; ашуланшақ, мазасыз- дану мінездері пайда болады;
- ұйқысы бұзылып, зейіні мен есте сақтау қабілеті нашарлайды;
- көз жанары төмендейді, басы ауырады, омыртқасы бұзылуы басталады.

Осы белгілердің бесеуі бала бойында анықталса, «компьютер ойынына тәуелділік ықтимал» деген анықтама қойылады. Ал егер жеті немесе одан да көп белгі байқалса, ол тәуелділіктің құлы деп саналады.

Кіші мектеп жасындағы балалардың ақпараттық сауаттылығын, компьютерлік бағыныштылығын тексеру мақсатында М. Әбеннова атындағы жалпы орта мектебі мен №2 Хамза атындағы жалпы орта мектебінің бастауыш сынып оқушылары және бастауыш сынып мұғалімдері арасында сауалнама жүргізілген болатын. Нәтижесінде мұғалімдердің көпшілігі компьютер, ұялы телефонды жиі қолданады, Интернетке онлайн шығуға басым көпшілігінің мүмкіндігі бар, интернет ресурстарын пайдалану уақыттарын өздері басқара алады. Ал оқушылардың 32 %-нда компьютер бар, олардың барлығы компьютерді ойын ойнау үшін, мультфильм көру үшін пайдаланады екен. оқушылардың 10 %-і үй тапсырмаларын орындауда интернет ресурстарына жүгінеді екен.

Интернетке-тәуелділік психологиялық тәуелділік формаларының бірі болғандықтан, бұл мәселені қарым-қатынастың психологиялық аспектісі тұрғысынан қарастырамыз.

Сонымен зерттеу барысында қарым-қатынас құралы ретінде интернетке жүгінудің келесі себептері анықталды:

- кез-келген ақпараттардың, оның ішінде 7-11 жас аралығындағы балалар тәрбиесіне кереғар әсер ететін бейәдеп ақпараттардың да қол жетерлік деңгейде болуы;
- қоршаған ортасында адамдармен дұрыс қарым- қатынас жасай алмауы себебінен басқа байланыстар табу;
- адамдар арасындағы қарым-қатынастың қалыпты нормаларын сақтауды қажет етпейтін анонимді желі болуына байланысты агрессияны шығару жолдары т. б. болуы мүмкін.

Зерттеу барысында интернетке тәуелді балалар өздігінен білім алумен айналыспайды, бос уақытында кітап оқымайды. Көбінесе осы санаттағы балалар ата-аналардың жеткілікті назарсыз қалады.

Компьютерде аз уақыт, 1-сағаттан аспайтын жұмыс істегеннің өзінде жасөспірімдердің 73%-ының көзі және жалпы өзі де шаршайтыны белгілі болып отыр, ал басқа сабақтарда 54%-ы ғана шаршайды екен. Компьютерге қызығып, эмоционалдық деңгейі көтерілген оқушы шаршағанын байқамай, ары қарай жұмыс істей береді. Клавиатурадағы төмен диапазоннан тарайтын электромагниттік сәулелер саусақ арқылы ағзаға әсер ететін көрінеді. Нәтижесінде, компьютермен көп жұмыс істеген адам жүйке ауруына ұшырайды. Және де компьютердің алдында көп отырғандар саусақ ауруларына да шалдығады.

Талқылау.

Интернетпен, телекоммуникациялық және интеллектуальдық компьютерлік технологияларға негізделген, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар адамзат алдында осы уақытқа дейін аса қол жетімді болмаған мол ақпарат көзін игеруге мүмкіндік береді. Ақпараттық қоғамның қалыптасып, дамуы адамдардың іскерлік белсенділігі мен өндіріс дамуының қаршындап алға басуына алып келеді. Адам интернет көмегімен өзіне қажетті ақпаратты тез, жылдам тауып, электрондық энциклопедиялар мен анықтамалықтарды, баяндамалар жинағын қарап, мол ақпарат көзімен жұмыс жасай алады.

Ақпараттың қолжетімділігі мен қарым-қатынастың ыңғайлылығы үшін пайдалы болғанымен де, ғаламтордың жасөспірім денсаулығына зияны өте көп:

А) Ең алдымен, баланың көру қабілеті төмендейді, себебі, бұлшық еттері қатаймаған жасөспірімнің көздері шаршайды.

Ә) Компьютер алдында көп отыру жас балдырғанның омыртқа сүйегін зақымдайды. Қозғалыссыз отыру, қолмен ғана бірыңғай жұмыс істеу, содан ағзаға салмақ түсуі баланың жүйке қызметін бұзып, мойнына тұз бен суықтың жиналуына (остеохондроз) әсер етеді.

Б) Жамбас сүйектің үнемі қозғалыссыз қалуы қабынуы (простатит) мен тоқ ішектегі тамырдың кеңеюі (геморрой) ауруына ұшыратады.

В) Ми қызметіне де кері әсер етеді, ойлау қабілетінің төмендейді, көңіл бөлу мен есте сақтаудың кемиді, бас ауруы мен ұйқысыздық, көңіл күйдің құлазуы жиі байқалады.

Г) Гормональдық тепе-теңдікті бұзады, иммунитетті нашарлайды.

Г) Әр түрлі құмар ойындары, зиянды бағдарламалардың көптігі. Алаяқтар мен хакерлер жастарды ғаламторға тәуелді етіп, бұлыңғыр қарым-қатынас, жыныстық байланыс жасауға шақырып, виртуальды әлемге қызықтырып, ақыл-ойы әлі қалыптаспаған ұл-қыздарымызды еліктіріп, есінен айырады.

Қорытынды.

Дені сау саламатты ұрпақты тәрбиелегіміз келсе, қоғам болып отбасынан бастап, мектеп, арнайы орта және жоғары оқу орындарының барлық білім алушылары мен педагогтарының алдында үлкен міндет тұр. Ол - адамдар арасындағы қарым-қатынас мәселесі, яғни тұлғаны әлеуметтендіру мәселесіне басты назар аударғанымыз жөн. Егер әр адам бала кезінен өз ортасында ізгі қарым-қатынастар негізінде тәрбиеленсе және сүйікті ісімен айналысып, мәселен спорт, музыка, техникалық үйірмелер, дебат клубтары немесе шебер қолдар үйірмелері т. б. тәуелділік мәселелеріне тосқауыл қойылар еді. Сонымен бірге, ғаламтор желісін қажетіне қарай, шамамен пайдалана білу мәдениетін қалыптастыру да көп ойланатын дүние.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тәжіғұлова Г.О., Мәлібекова М.С. Ақпараттық технологиялар теориясы. –Қарағанды, 2004, 119б.
2. Перед телевизором дети проводят больше времени, чем за уроками //«Интер-Мед Новости» от 13.02.2003.
3. «Молодой ученый» ежемесячный научный журнал №11 (81.1) 2015г
4. Использование современных информационных и коммуникационных технологий в учебном процессе: учебно-методическое пособие / Авторы-составители: Д. П. Тевс, В. Н. Подковырова, Е. И. Апольских, М. В. Афонина. — Барнаул: БГПУ, 2006.
5. Белинская Е., Жичкина А. Современные исследования виртуальной коммуникации: проблемы, гипотезы, результаты., 2004.

УДК 37(094)
МРНТИ: 14.43.47

Ш.Болатқызы¹

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің
аға оқытушысы
(Алматы қаласы, Қазақстан)

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА – ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Аңдатпа

Мақалада халықтық педагогика этнопедагогиканың қайнар көзі болып табылатыны туралы айтылған. Автор этнопедагогиканың негізі ұлттық тәрбиенің басты ерекшеліктеріне тоқталған. Этнопедагогика халықтық тәрбиенің тарихы мен теориясын зерттейтін, халықтық педагогикалық көзқарас туралы ғылым екендігі туралы айтылған. Сонымен қатар автор, халықтық педагогиканың бала тәрбиесінде алатын орны және оның негізгі құралдары баяндалған. Халықтық педагогика құралдарының бірі және бірегейі болып табылатын қазақтың ұлттық ойындарына кеңінен тоқталып, халықтық тәрбие тәжірибесіне жан-жақты талдаулар жасалған. Қазақтың ұлттық ойындарының балалардың дене дайындығын қалыптастырудағы рөлі қарастырылған. Ұлттық ойындар тек қана дене тәрбиесін дамытатын құрал болып қана қоймай, ол жас ұрпақтың ойын, санасын, мәдениетін де дамытады, тұлғаның қалыптасуы мен дамуында маңызды орын алады. Сонымен қатар ұлттық тәрбие жас ұрпақтың бір-біріне деген көзқарасын, дүниетанымын арттыруда, ұлтаралық қатынастарды нығайтуда маңызды рөл атқаратындығы туралы айтылған.

Түйін сөздер: этнопедагогика, халық педагогикасы, педагогика, халықтық педагогикасының құралдары, ұлттық құндылық, тәрбие, тұлға, тәжірибе, қағида, қалыптасу, даму, даму кезеңдері.

Ш.Болатқызы¹

¹ старший преподаватель КазНПУ им.Абая
(г.Алматы, Қазақстан)

Народная педагогики как источник этнопедагогики

Аннотация

В данной статье рассматривается народная педагогика как источник этнопедагогики. Также автор излагает основные особенности национальной воспитания. Этнопедагогика наука, изучающая историю и теорию воспитания, эмпирический опыт этнических взглядов на исконные ценности семьи, рода, племени, народности, нации. В статье раскрывается основная роль народной педагогики в воспитании ребенка, определяются её основные средства. Проанализирован опыт народного воспитания. Также рассматривается роль казахских национальных игр в формировании физической подготовки детей. Игра является одним из важнейших средств физического воспитания детей. С помощью подвижных игр обеспечивается всестороннее физическое развитие ребенка, также она способствует физическому, умственному, нравственному и эстетическому развитию ребенка.

Ключевые слова: этнопедагогика, народная педагогика, педагогика, средства народной педагогики, народное ценность, воспитание, личность, опыт, принцип, формирование, развитие, этапы развития.

Folk pedagogy as a source ethnopedagogics

Abstract

This article examines the national pedagogy as a source of ethnopedagogics. The author also outlines the main features of national education. Ethnopedagogy is a science that studies the history and theory of education, empirical evidence, ethnic views on the core values of family, clan, tribe, people, nation. The article reveals the main role of folk pedagogy in the upbringing of the child, determined by its fixed assets. The experience of national education. Also examines the role of the Kazakh national games in the formation of physical training of children. The game is one of the most important means of physical training of children. With the help of mobile games provided by a comprehensive physical development of the child, as it promotes physical, mental, moral and aesthetic development of the child.

Keywords: ethno pedagogy, folk pedagogy, pedagogy, traditional pedagogy, folk value education, personality, experience, principle, formation, development, stages of development.

Жас ұрпақты тәрбие жүйесіндегі этникалық өзгешеліктер мен ұлттық құндылықтар туралы білімдермен қаруландыратын, көпғасырлық тәрбие әрекеті нәтижесінде жинақталған педагогикалық байлықты игертетін педагогика ғылымының саласы этнопедагогика болып табылады. Этнопедагогика («этнос» гректің *ethnos* – тайпа, халық, «педагогика» -*paidagógiké* – бала тәрбиесі туралы ғылым) бұл халықтың ұлттық ерекшеліктеріне байланысты жас ұрпақты тәрбиелеудегі өзіндік тәжірибесі, олардың педагогикалық көзқарастары, құндылықтары туралы ғылым саласы. Этнопедагогика терминін ғылымға тұңғыш енгізіп, этнопедагогиканың даму тарихы мен халық педагогикасының дамуына орасан зор үлес қосып, ұзақ жылдар бойы зерттеумен айналысқан көрнекті ғалым Г.Н.Волков: «Этнопедагогика дегеніміз халықтың жас ұрпақты тәрбиелеу тәжірибесі туралы, олардың педагогикалық көзқарастары туралы ғылым», - деп анықтама берген болатын. Этникалық педагогика тарихи жағдайда қалыптасқан ұлттық мінездегі ерекшеліктерді зерттейді. Халық педагогикасы халықтың ауыз әдебиетінде, салт-дәстүрлерінде, ырымдарында, балалар ойындары мен ойыншықтарында мәңгі қалған педагогикалық мағлұматтар мен тәрбиелеу тәжірибиесінің жиынтығы. Сонымен қатар ол халыққа қажет қасиеттерді қалыптастыру үшін пайдаланылатын педагогикалық мақсаттың, міндеттердің, әдіс-құралдардың, тәсілдердің жиынтығы мен өзара байланысы», - дейді Г.Н. Волков. Ал қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері мен даму тарихын зерттеген, «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы» (2003ж.) сияқты бірнеше құнды еңбектердің авторы С.Қ. Қалиев: «Этнопедагогика бұл халықтың тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы», - деген анықтама береді.

Қ.Жарықбаевтың: «Этнопедагогика – ұлттар мен ұлыстардың атадан балаға мирас болып қалған, тәлім-тәрбиелік тәжірибелерінің: дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып және тағы басқа қыры мен сыры туралы ғылым», - деген тұжырымы көптеген ғалымдардың зерттеулерінде көрініс табуда. Сондай-ақ халықтық педагогиканы зерттеудің ғылыми және теориялық мәселелерімен айналысқан К.Ж. Қожахметова этнопедагогиканы былайша түсіндіреді: «Этнопедагогика – педагогика ғылымдары жүйесінің бір бөлігі. Қ.Бөлеевтің пікірінше, «Этнопедагогика – халықтық педагогиканы зерттейтін педагогика ғылымының саласы». Қазақ этнопедагогикасы – педагогика ғылымы мен этнография, қазақ философиясы, этнопсихология, этнос теориясы, педагогика тарихы, қазақ тарихы, фольклористика, этникалық мәдениет нысанасы, қазақ этностық тәрбие жүйесі болып табылатын мәдениеттану түйісер тұста қалыптасқан, біртұтас жүйелі білім беруге болатын, адам өмірінің өн бойында, отбасында және білім беру мекемелерінде жүзеге асырылатын дербес педагогикалық оқу пәні» болып табылады. Демек, халықтық педагогика – тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің бастауы, халықтың рухани құндылығы, мұрасы. Халықтық тәрбиенің мақсаты - халықтың балаға деген сүйіспеншілігі мен ынтасын арттыру, баланы еңбекке баулу мен дағдыландыру, дені сау жеткіншек тәрбиелеу, баланың ақыл ойын дамыту, баланың адамгершілік епн имандылық санасын қалыптастыру, оны сұлулықты сүюге дағдыландыру, халқын, елін, жерін, табиғатын сүюге тәрбиелеу мәселелерін шешу болып табылады. Халықтық педагогика элементтеріне эмпирикалық білімдер, мағлұматтар, идеялар, көзқарастар, ұғымдар, өсиеттер тәрбиелік әсер ету құралдары жатады. Этнопедагогика арқылы жастар ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерді, салттарды және жүріс-тұрыс нормаларын игереді. Этнопедагогика жастардың ішкі жан дүниесін, оның рухани адамгершілік бейнесін қалыптастырады. Этнопедагогика ұрпақ тәрбиелеудің ұлттық жолдарын, мәдениеттің ұлттық негіздерін үйрететін ғылым. Сонымен қатар қазіргі педагогикалық тәжірибедегі халықтың озық ойларын іске асыру

мүмкіндігін, тәрбиенің қазіргі мақсаттарын ескере отырып халықтың өміріндегі педагогикалық маңызын анықтайды. Этнопедагогика педагогика ғылымының негізгі бөлімі ретінде өзіне этнопсихология, этномәдениет, этнофилософия ғылымдарын біріктіретін білімнің интегративті саласы болып табылады.

Өткен ғасырлардағы педагогика тарихына көз жіберер болсақ, XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүріп, қазақтың ұлттық тәлімгерлік ой-пікірлері мен салт дәстүрлері жайында тұңғыш зерттеу еңбектерін жазған Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев сияқты демократ ағартушылар, ал XX ғасырдың бірінші жартысында педагог-ғалымдар Ә.Диваев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, Н.Құлжанова, М.Әуезов, сондай-ақ 1970-1995 жылдар аралығында М.Ғабдуллин, Б.Момышұлы, М.Әлімбаев және т.б. болды.

Қ.Сейталиевтің «Педагогика тарихы» атты еңбегінде жоғарыда айтылған авторлардың еңбектерін жоғары бағалай келе: «Бұл еңбектер қазақ халқының тарихына қатысты ежелгі, қазіргі жазба деректерді, шежіре жылнамаларды, ел ауызындағы аңыз-әңгімелерді түгелге жуық қамти отырып, бұрын-соңды айтылған болжамдар мен қисынды тұжырымдардың аражігін ажыратып береді. Көне қытай, араб, парсы жұрттарының жазба деректеріне, түрік, манғол шежіре жылнамаларына сүйене отырып, қазақ халқының сақ, үйсін, қаңлы, ғұн секілді ежелгі елдердің ұрпағы екендігіне көз жеткізеді. Сөйтіп, бұл еңбектер қазақтың арғы ата-бабасынан мұралыққа қалған қасиетті қара қонысында отырған байырғы ел, марка мәдениеті, бай тарихы бар көне халық екендігін дәлелдеп берген», - делінеді.

Қазақ этнопедагогикасының даму кезеңдерін үш кезеңге бөліп қарастырамыз.

Бірінші кезең – XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүріп, қазақтың ұлттық тәлімгерлік ой-пікірлері мен салт дәстүрлері жайында тұңғыш зерттеу еңбектерін жазған Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты демократ ағартушылар мен орыс, батыс саяхатшысы, этнограф ғалымдарының қолжазбалары.

Екінші кезең қазақ этнопедагогикасының ғылым ретінде пайда болып қалыптасу кезеңі. XX ғасырдың 20-30 жылдарында этнопедагогиканы ғылыми тұрғыда арнайы қарастырып сөз еткен Ә.Диваев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, Н.Құлжанова, М.Әуезов және т.б. болды.

Үшінші кезең XX ғасырдың 2-ші жартысымен XXI ғасырдың басы (С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, Ә.Табылдиев, К.Ж.Қожахметова және т.б.). Бұл кезең қазақ этнопедагогикасының қайта жанданған, даму кезеңі болып табылды.

Әр ұлттың өзіне тән тіршілік кәсібі, тарихы мен мәдениеті бар. Ол мәдениет сөйлеу тілінен, ойлау жүйесінен айқын көрініс табады. Сондай-ақ ұлттық мәдени ерекшелік сол халықтың өмір сүру тәсілінен, діни саным-сенімінен, әдет-ғұрпынан, салт-санасы мен дәстүрінен өзекті орын алады. Салт-дәстүрлер ұлттың ұлт болып қалыптасуымен бірге туып, бірге дамып келе жатқан тарихи және көне процесс. Ол ұрпақ тәрбиесінен, мәдениет тұрмысы мен шаруашылық тіршілігінен көрініс бере отырып, адамның дүниеге келуімен бірге өрбіп, о дүниеге аттанып кеткенше тербететін алтын бесігі іспеттес. Ұлттық салт-дәстүрлерге ана тіліне деген сүйіспеншілікті, ұлттық өнер түрлерін атап өтетін болсақ, ән-күй, зергерлік қол өнері, бейнелеу сурет өнері, ұлттық ойын мен спорт түрлерін, ұлттық тағамды, киімді, мерекелерді, тарихи ескерткіштерді және т.б. жатқызуға болады. Салт-дәстүрлер халықтардың тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарасына байланысты туып, қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, өзгеріп, жаңарып отырады. Салт-дәстүр сабақтастығы ұлттар арасындағы қарым-қатынаспен тығыз байланысты. Бір ұлтта бар салт-дәстүрлер, ұлттық ою-өрнек, тағам, спорттық ойын түрлері екінші бір ұлтта да белгілі ұқсастықпен және өзіндік ерекшелігімен көрініс береді. Мысалы, қазақтың көкпар тарту ойыны кейбір өзгешелігімен көрші өзбек, түрікмен, қырғыз елдерінен де кездеседі. Киіз уй тігу көшпелі халықтардың бәріне ортақ. Алайда, оның құрылысында, ою-өрнек әшекейінде әр ұлтқа тән ерекшелік белгілер байқалады. Палау, мәңгі, борщ, пельмен көпшілік ұлттарға ортақ тағам болғанымен, әр ұлттың өзіндік дайындау технологиясымен ерекшеленеді.

Қазақ халқының ұлттық ерекшелігі ой толғаныс қазынасында ұрпақ тәрбиелеу әдістері, салт-дәстүрі мен халық педагогикасының өзіндік ерекшелігінде. Халық педагогикасының негізгі мақсаты – өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпаты еңбек сүйгіштікке, өнерге баулу, жанұя, ауыл-аймақ, Отанның ар-намысын қорғай білетін, жаны жайсаң, арлы азамат тәрбиелеу болды. Осы мақсатты іске асыру жолында жанұя мүшелерінен бастап, ауыл ақсақалдары, көне көз қариялар мен ақын, жыршы, жырау, әнші, күйші, термеші сияқты өнер адамдарының бәрі белсене

араласып ұжымдық тәрбие ісін жүргізушілер болып келгені көпке аян.

Қазақ ұлтының дамуы мен қалыптасуына зор үлестерін қосқан хандар мен сұлтандар, билер мен жыраулар, батырлар мен ақындар: Жәнібек, Керей, Асан қайғы, Мұхаммед-Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри, Қасым, Есім, Хакназар, Тәуке, Қазтуған, Бұқар жырау, Шалкиіз және т.б. болды. Асанқайғы бар ғұмырын халықпен бірге өткізген. Ол үнемі ел кезіп сыншыл көзқарасты қалыптастырған, дәстүрлерді құрметтеген ақылды, дана, сәуегей баба атанған. Оның пайымдауынша: «Таза мінсіз асыл тас, су түбінде жатады. Таза мінсіз асыл сөз, ой түбінде жатады». Мысалы, Асанқайғы сөздің нарқы мен парқын біліп, қадірін түсінген. Өмір сүрудің негізгі мәні туралы айта келіп, жақсылардан үлгі алып, жамандардан бойды аулақ салудың қажеттігін, жас ұрпақтың ата-анасын, үлкендерді силап қастерлеуін, олардың ақылын тыңдап үнемі басшылыққа алуын, ізгі ниетті жайсаң жан болу қажет екендігін насихаттайды. Бұқар жырау өскелең ұрпаққа ақыл ой, адамгершілік, имандылық тәрбиесін беруге, ерекше мән беріп, шешендік өнерді жастар тәрбиесінің басты өлшемдерінің бірі деп есептейді. Халықтық педагогиканың негізгі құралы, мол қазынасы ұлттық ойындар қазақ халқының мәдени мұраларының ішіндегі ең маңызды орынға ие түрі болып табылады. Қазақтың ұлттық ойындары - адамның дене, ақыл-ой адамгершілік қасиеттерінің шындалып өсуіне жан-жақты әсер ететін әмбебап құрал. Тәжірибелерден көрініс тапқандай қазақтың ұлттық ойындары балаларды тәрбиелеуде үлкен ептілік қабілеттерін жетілдіруге көп әсерін тигізеді.

Халқымыздың сан ғасырлық ұрпақ тәрбиесі халықтық салт-дәстүрлер мен ауыз әдебиеті үлгілеріне негізделгенімен, оның да өзіндік мақсат-мүдделері, негізгі ережелері мен қағидалары бар.

Халық педагогикасының негізгі қағидаларына арнайы тоқталатын болсақ, олар:

1. Келер ұрпақтың ақылды, намысқор, арлы, өміршең азамат болуын тілеу.

2. Баланың жастайынан еңбексүйгіш, елегезек азамат етіп тәрбиелеу.

3. Халық педагогикасында адамгершілік қасиеттерді баланың бойына дарыту ізгілікке, имандылыққа, адалдыққа тәрбиелеу және ар-ожданды қастерлеу негізгі қағида болып есептелген.

4. Гуманизм мен патриотизм – халықтық тәрбиенің басты қағидаларының бірі. «Отан от басынан басталады» деп есептеген ата-бабамыз отбасының, ананың, Отанның намысын қорғауды, қарттарға, ауру, кемтарларға көмек көрсетуді, басқа ұлт өкілдерін силауды отбасы тәрбиесінің өзекті қағида деп бағалаған.

5. Тіршіліктің тұтқасы, өмірдің шам-шырағы, өнер мен ғылым деп есептеген. «Өнерлі өлмейді», «Білегі жуан бірді жығады, білімі жуын мыңды жығады», дегенді насихаттап ертегі, өлең-жыр, мақал-мәтел, аңыз-әңгімелер ұсынған.

6. Табиғи ортаны аялауға тәрбиелеп келген. Ол туралы бірнеше жұмбақ, өлең-жыр, ертегі, аңыздар шығарған. Бұл қағидалар өнегелі, өнерлі, үйлесімді де жан-жақты дамыған «толыққанды» адамды тәрбиелеуді көздеп келген.

Халық педагогикасының қағидалары ғылыми педагогиканың ережелері мен заңдылықтарының қалыптасуына негіз болған. Халықтық тәлім-тәрбиелік білімдердің, ұлттық құндылықтардың мазмұнын тәжірибе арқылы ұғымдар, қағидалар, көзқарастар мен идеялар жиынтығы құрайды.

Пайдаланылғын әдебиеттер тізімі:

1. *С.Қалиев. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы, 2003.*
2. *Ғ.Сұлтанова. Педагогика. – Алматы, 2007.*
3. *Қ.Сейталиев Педагогика тарихы. – Алматы, 2008.*
4. *Көшербаева А.Н., Ғ.К.Шолпанқұлова, М.Б.Тленбаева, Б.Т.Махметова Этнопедагогикалық білім негіздері. – Алматы, 2009.*
5. *Ә.Табылдиев. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы, 2001.*

УДК 37(094)

МРНТИ 14.01.85

Ж.А.ҚАСЫМБЕКОВ¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

М.Б.ЖАЗДЫҚБАЕВА²

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕЙСТІҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада кейс стади әдісі интерактивті әдістің бір түрі ретінде білімгерлер үшін өте тиімді әдіс болып саналады. Бұл әдістің көмегімен студенттер өз беттерінше теорияны меңгере отырып, практикалық дағдыларға да үйренеді, сонымен қатар өз ойын жүзеге асыру мүмкіндігіне де ие болады. Студент ситуацияға талдау жасау арқылы болашақ маман ретінде қалыптасып, сабақты қызығып оқуға тырысады.

Кейс стади әдісі - оқытушының креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды.

«Case» сөзі ағылшын тілінен «жағдай», «жағдаят» деп аударылса, «технология» –қандайда бір ғылымда қолданылатын интеллектуалдық құралдардың, әдістер мен тәсілдердің жиынтығы. Шетелдік әдебиеттерге, еңбектерге жүгінетін болсақ, оларда бұл технологияны «case study method» деп берген, ал ол сөзбе сөз аударғанда «кейс стади амал-тәсілі» деген ұғымды береді.

Дәстүрлі бағыттардың жаңа бағытпен алмасуы білім берудегі мақсат пен құндылықтардың өзгерісіне әкелетіні айтылды.

Кілім сөздер: Кейс, оқыту, технология, жағдаят, әдіс, ойлау, талдау, амал-тәсіл.

Ж.А.КАСЫМБЕКОВ¹

¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)

М.Б.ЖАЗДЫҚБАЕВА²

²Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)

ПРАКТИЧЕСКИЙ ОБУЧАЮЩИЙ МЕСТО И ЗНАЧЕНИЕ ПРОЦЕССА ОБУЧЕНИЯ

Аннотация

В данной статье рассматриваются кейс как своего рода метод тематическое исследование представляет собой интерактивный метод является очень эффективным методом для студентов. С помощью этого метода, студенты учатся справляться со своей собственной теории с практическими навыками, а также быть в состоянии осуществить свою игру. Студенты формируются в качестве специалиста в будущем на основе анализа ситуации, пытаюсь прочитать интересный урок.

Разработка метода социологического исследования преподавания творческого мышления, создает условия для возможности создания специального творческого содержания урока.

«Позиция» «Sase» английский, «окружающая среда» переводится как «технологии», используемой в науке - интеллектуальных инструментов, набор методов и приемов. По данным зарубежной литературы произведений, у них есть технология «метод социологического исследования», что буквально означает «путь на примере подхода» концепции.

Традиционно, новое направление образовательных целей и ценностей и приводят к изменениям в обмене. Это и управленческая деятельность, и работа с кадрами, и работа с родителями. Игровые технологии - вот фундамент всего дошкольного образования.

Ключевые слова: Семья, изучение, технология, инновация, метод, родитель, задача, сотрудничество.

Zh.A.KASYMBEKOV¹

¹International Kazakhstan-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkistan city, Kazakhstan)

M.B.ZHAZDYKBAYEVA²

²International Kazakhstan-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkistan city, Kazakhstan)

PRACTICAL TRAINING PLACE AND IMPORTANCE OF THE LEARNING PROCESS

Abstract

This article - This article discusses the case as a kind of case study method is an interactive method is very effective method for students. With this method, students learn to deal with his own theory with the practical skills and be able to implement their game. Students are formed as a specialist in the future on the basis of analysis of the situation, trying to read an interesting lesson.

Development of a method of sociological research of teaching creative thinking, creates the conditions for the possibility of creating a special creative content of the lesson.

«Position»«Sase» English, «the environment» is translated as «technology» used in science - intellectual tools, a set of methods and techniques. According to the works of foreign literature, they have the technology, «a method of sociological research», which literally means «the way of the example of the approach» concept.

Traditionally, the new direction of the educational goals and values and lead to changes in the exchange. This management activity, and human resources, and work with parents. Gaming technology - that is the foundation of all pre-school education. This and management activity, and work with personnel (frames), and work with parent.

Keywords: Family, study, technology, innovation, method, parent, mission, partnership.

Кіріспе. Кейс –стади амал-тәсілі немесе оқытудың нақты жағдаяттар әдісі (метод конкретных учебных ситуаций») XX ғасырдың басында Америка Құрама Штаттарының Гарвард университетінің бизнес мектебінде пайда болған. Кейс-стади амал-тәсілі термині алғаш рет американдық ғалым Коплендтің еңбектерінде пайдаланылған. Копленд 1921 жылы оқытудың нақты жағдаяттар жинағын шығарып, кейс-стади амал-тәсілін қолдану жолдарын көрсеткен.

Қазір кейс-стади амал-тәсілін педагогикалық оқыту үрдісіне енгізу әдіс-тәсілдерін: Л.Барис, В.А.Ясвин, К.Кристенсен, Э.Хансен, М.В.Коротков, М.В. Кларин, А.И.Наумова, А.М.Зобина, М.С.Керимбаева, В.А.Канн-калик, Н.Д.Никандров, Б.Н.Киселева, И.В.Липсина, Г.А.Полонский, Д.Экинсон, И.Уилсондар қарастыруда[1].

Кейс амал-тәсілінде басты назар білімгерлердің ұсынылған реальды немесе қиялдық (алдын-ала құрастырылған) жағдаяттарды талдауы және осы жағдаятқа өзіндік баға беруі, өзінің ой-пікірін нақты әрі толық айтып беруі т. б. Шәкірттің жеке тұлғалық қабілеттерін жетілдіруге аударылады.

Демек, білімгерлердің ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда кейс-стади амал-тәсілін қолдану - қазіргі білім беру талабына білімгердің сабаққа деген қызығушылығын туғызатын жеке педагогиканың жаңа инновациялық жүйесі.

Зерттеу әдістері. Кейс әдісін қолдану барысында студенттің іс - әрекеті екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – кейс (жағдай) тандап алу және сұрақтар құрауға арналған шығармашылық жұмыс.

- жағдайларды тақырыпқа сәйкес тандап алу;
- мақсат пен міндетті анықтау;
- жағдайды құрастыру және суреттеу.

Екінші кезең – оқытушының аудиториядағы іс - әрекеті. Аудиториядағы кейс әдісін қолдану кезеңі.

- кейске кіріспе;
- жағдайдың талдануы (шағын топтарда);
- пікірталас;
- қортынды шығару.

Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларына мән беріп, оны меңгермегенше сауатты, жан жақты маман дайындау мүмкін емес[2].

CASE-терді құрудың келесі негізгі сатылары белгіленген: мақсаттарды анықтау, әр түрлі жағдайларға критерилерді тағайындау, қажет ақпарат көздерін белгілеу, CASE – тегі алғашқы материалдарды дайындау, сараптама жасау, оны қолдану бойынша әдістемелік материалдар дайындау. Оқу процесіндегі кейстермен жұмыс жасау технологиясы келесі сатылардан тұрады:

1) кейс материалдарын зерттеушілердің жеке өзіндік жұмысы (мәселені сәйкестендіру, негізгі баламаларды тұжырымдау, ұсынылған әрекетті немесе шешімді ұсыну);

2) негізгі мәселені енгізуге және оны шешуге байланысты шағын топтармен жұмыс.

3) жалпы дискуссиядағы (оқу тобы шегінде) шағын топтардың тұсаукесерлері және тәжірибе нәтижелері.

Кейстің құрылымы:

Кейстердің көптүрлілігіне қарамастан олардың барлығының типтік құрылымы болады.

Ережеге сәйкес кейс келесілерден тұрады:

- Жағдайлар – кездейсоқ жағдай, түйінді мәселе, шынайы өмірден оқиға.

- Жағдайдың контексті - хронологиялық, тарихи, орын контексті. Әрекеттердің немесе жағдайға қатысушылардың ерекшеліктері.

- Автор ұсынған жағдайға түсініктеме беру.

- Кейспен жұмыс істеуге арналған сұрақтар мен тапсырмалар.

- Қосымшалар.

Кейсті құрастыру сатысы:

Білім мақсаттары жүйесінде кейстің орнын анықтау.

Кейс тақырыбына тікелей қатысы бар институционалды жүйені іздеу.

- Жағдай моделін құру немесе тандау.

- Сипаттауды құру.

- Қосымша ақпараттарды жинау.

- Ақырғы мәтінді даярлау.

- Кейстің тұсаукесері, талқылауды ұйымдастыру.

Зерттеу нәтижелері. Кейс стади әдісі интерактивті әдістің бір түрі ретінде білімгерлер үшін өте тиімді әдіс болып саналады. Бұл әдістің көмегімен студенттер өз беттерінше теорияны меңгере отырып, практикалық дағдыларға да үйренеді, сонымен қатар өз ойын жүзеге асыру мүмкіндігіне де ие болады. Студент ситуацияға талдау жасау арқылы болашақ маман ретінде қалыптасып, сабақты қызығып оқуға тырысады[3].

Кейс стади әдісі - оқытушының креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды.

«Case» сөзі ағылшын тілінен «жағдай», «жағдаят» деп аударылса, «технология» – қандайда бір ғылымда қолданылатын интеллектуалдық құралдардың, әдістер мен тәсілдердің жиынтығы. Шетелдік әдебиеттерге, еңбектерге жүгінетін болсақ, оларда бұл технологияны «case study method» деп берген, ал ол сөзбе сөз аударғанда «кейс стади амал–тәсілі» деген ұғымды береді.

Дәстүрлі бағыттардың жаңа бағытпен алмасуы білім берудегі мақсат пен құндылықтардың өзгерісіне әкелді.

Кейс стади тәсілін нақты жағдаяттар талдау әдістемесі деп те атауға болады. Кейстің зияткерлік өнім ретінде шығатын қайнар көзі бар. Бірінші қайнар көзі өмір болып табылады. Кейстің негізі ретінде екіншіден білім беру жүйесі қарастырылады. Ол кейс стади тәсіліне интегралданған басқа әдістердің мақсаттары мен міндеттерін айқындайды. Ал кейстің үшінші негізі – ғылым.

Сызбада кейспен жұмыс жасауға ұйымдастырылған түрлі әдістерді интегралдаудың мүмкін жолдары көрсетіледі.

Студенттердің танымдық белсенділігін ынталандыруы. Қажетті құзыреттіліктердің дамуына ықпал етеді, ақпарат көздерімен жұмыс жасай алуы, мәселені шешуде балама іздеуі және т.б. Түрлі практикалық дағдылардың дамуына әсер етуі[4]. Ұсынылған мәселені шешуде қажетті білім комплексінің бекітілуі. Бұл оқыту әдісін қолдану қандай дағдылардың дамуына әкеледі?

Талқылау. Ақпаратты топтастыру, талдау, саралау қажеттілігі-аналитикалық дағды. Шын жағдаятпен салыстырғанда кейсте берілген проблеманың қиындығы төмендетілген деңгейі-практикалық дағды. Кейс жағдаятын тек бір ғана логикамен шешу мүмкін емес – шығармашылық дағды. Топпен бірігіп, өз ойын, пікірін білдіріп оны қорғау қажеттілігі-коммуникативтік дағды. Адамның өз-өзін ұстауын бағалау, тыңдай білу, пікір-таласта ұқсас, сәйкес пікірді қолдау немесе қарсы пікірді дәйектеу, өз-өзін ұстау мәнері-әлеуметтік дағды. Пікір-таласта келіспеушілік басқаның және өзінің ойын талдауға, түсінуге итермелейді, яғни - өздік талдау.

Кейске қойылатын талаптар қандай?

Кейстің мазмұны құрастыру мақсатына нақты, тура сәйкес келуі. Тиісті күрделілік деңгейінің болуы. Болашақ мамандыққа байланысты оның кейбір аспектілерінен мысалдардың болуы. Өте жылдам ескіріп қалмауы. Пікір-таласты тудыра алуы. Аналитикалық ойлауды дамытуы.

Бүгінгі күнге өзекті болуы. Ұлттық бейненің болуы. Бірнеше шешімге келу мүмкіндігінің болуы[2-256].

Қорытынды. Жағдаятты түсінуге көмектесетін бірыңғай ақпарат комплексі түрінде болуы. Ұсынылған мәселені шешуге түрткі болатын сұрақтар жиынтығының болуы. Жақсы құрастырылған

кейс белгілі бір іскерліктер комплексінің қалыптасуына немесе олардың одан ары қарай дамуына негіз болуы.

Педагогикалық кейс үлгісін ұсынып отырмыз Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы білімгерлеріне арнап. Кейс ойдан не нақты болуы мүмкін.

Мысалы: Анар жерден түйме тауып алды, түсі ақ сырты көктеу. Лақтырып жібергісі келді, ойланып тұрды да қалтасына сала салды. Мүмкін керек болып қалар, деп ойлады.

- Оқушы қыз Анардың қасынан бірдеңені іздеп жатты, орындықтың астына қарады.
- Ақ - сырты көкшілдеу түймені көрмедің бе?,- деп сұрады Анардан.
- Көрдім, - деді Анар, - міне ол.
- Оқушы қыз қуанышты, бірақ анар тауып алғанын қайтару керек екенін ойламады.
- Мүмкін ол сенің түймең емес шығар, мен қайдан білемін, деп жалтарды.
- Қалай менікі емес.



- Міне, төртеуі қадаулы, ал бесіншісі, көріп тұрғандай жоқ.
- Жоғалттым.
- Мен бәрібір бермеймін. Мен тауып алдым, ол менікі, деп сенімді айтты Анар. Анасы оған үнемі ешқашан тапқан затты қайтармау керегін еске салатын, оның мәні «Адам тапқанымен өмір сүреді, қанағат етеді».

1. Анардың іс-әрекетіне психологиялық-педагогикалық негіздеме беріңіз.
2. Адамгершілік тұрғысынан оның іс-әрекетін қалай айтар едіңіз?
3. Анардың жеке басында осындай қасиет кімнің арқасында қалыптасқандығын шешіңіз.
4. Баланы қалай адалдыққа тәрбиелеуге болады, сіздің педагогикалық көзқарасыңыз?

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Тұрғынбаева Б.А. Кіші жастағы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.// Алматы, 1997.кітап

2 Интеллектуальное воспитание детей дошкольного возраста. Под ред. Н.Н.Поддякова, Ф.А.Сокина //М., 1984.

3Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері// – А.: Білім, 2008.кітап

4К.Ж.Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. //Оқулық.Тараз.Тар МУ.2003.кітап.

УДК 796.5
МРНТИ 77.29.33

А.Н.ИЛЬЯСОВА¹

¹д.п.н., профессор кафедры «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта» КазНПУ имени Абая.

(г.Алматы,Казахстан)

М.Г.АЙДАРБЕКОВА²

² *ст.лаборант кафедры «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта» КазНПУ имени Абая.*
(г.Алматы,Казахстан)

З.М.БЕКТУРОВА³

³ *уч.мастер кафедры «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта» КазНПУ имени Абая.*
(г.Алматы,Казахстан)

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ СПОРТИВНОГО ТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В этой статье рассматривается развитие туристической отрасли в Казахстане. Актуальность данной статьи определяется тем, что спортивный туризм являлся и продолжает являться неотъемлемой частью жизни большей части населения всего мира, оказывая положительное влияние на организм человека, поддерживая здоровье и хорошую физическую форму. Данная работа посвящена рассмотрению главной особенности развития, актуальности, развития новых направлений, многовековых исторических традиции, виды и перспективы дальнейшей деятельности спортивного туризма в Казахстане.

Ключевые слова: туризм, спортивный туризм, инфраструктура, отдых, курорт, туристическая деятельность, виды туризма, инвестиций.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СПОРТ ТУРИЗІМІНІҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

А.Н.Ильясова¹

¹ *Абай атындағы ҚазҰПУ Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау кафедрасының п.ғ.д., профессоры*
(Алматы қаласы, Қазақстан)

М.Г.Айдарбекова²

² *Абай атындағы ҚазҰПУ Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау кафедрасының аға лаборанты*
(Алматы қаласы, Қазақстан)

З.М.Бектурова³

³ *Абай атындағы ҚазҰПУ Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау кафедрасының оқу шебері*
(Алматы қаласы, Қазақстан)

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстандағы туристік саланы дамыту қарастырылады. Аталған мақаланың өзектілігі спорттық туризмнің адам ағзасына жағымды әсер етіп, жақсы дене формасын және денсаулықты сақтауға ықпал жасайтындығын және оның бүкіл әлемдегі елді мекендердің көптеген бөлімінің бөлінбес бөлшегі болып келгендігін және әлі де бола беретіндігін анықтайды. Қарастырылып отырған жұмыс дамудың басты ерекшеліктерін, өзектілігін, жаңа бағыттардың дамуын, көпғасырлық тарихи дәстүрлерді, Қазақстандағы спорттық туризмнің ары қарайғы іс-әрекеттерінің перспективасы мен түрлерін қарастыруға арналған.

Түйін сөздер: туризм, спорттық туризм, инфраструктура, демалыс, курорт, туристік қызмет, туризм түрлері, инвестиция.

A. Ilyassova¹

¹ *doctor of pedagogical Sciences, Professor of "Theory and methodology of training teachers of physical culture and sport" KazNPU named after Abai*
. (Almaty, Kazakhstan)

M. Aidarbekova²

² *senior laboratory assistant of the Department "Theory and methodology of training teachers of physical culture and sport" KazNPU named after Abai.*

(Almaty, Kazakhstan)

Z. Bekturova³

*³educational master of the Department "Theory and methodology of training teachers of physical culture and sport"
KazNPU named after Abai
(Almaty, Kazakhstan)*

PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF SPORTIVNOGO TOURISM IN KAZAKHSTAN

Abstract

This article discusses the development of the tourism industry in Kazakhstan. The relevance of this article consists in the fact that sports tourism has been and continues to be an integral part of life for the majority of the world's population, exerting a positive influence on the human body, maintaining the health and good physical shape. This work is devoted to consideration of the main features of the development, relevance, development of new directions, the centuries-old historical tradition and promising future activities of sports tourism in Kazakhstan.

Keywords: tourism, sports tourism, the infrastructure does, vacation, resort, tourist activity, types of tourism, investment.

1. Актуальность

Туризм в Казахстане начал развиваться совсем недавно, но имеет приоритетное направление. Все больше туристов из-за рубежа посещают Казахстан, поэтому строятся здесь первоклассные гостиницы, которые способны принять зарубежных гостей. «Сегодня наша страна обладает уникальной возможностью развивать все виды туризма – культурно-познавательный, оздоровительный, экологический, экстремальный, спортивный и другие, мы ежегодно принимаем более 4,5 миллионов иностранных граждан, рассчитываем из года в год на увеличение этой численности», - сказал Назарбаев на открытии 18 сессии генассамблеи Всемирной туристической организации.

Для спортивного туризма в Казахстане есть такие замечательные курортные зоны как «Медео» и «[Чимбулак](#)» которые не уступают курортам мирового значения. Курортная зона Чимбулак расположена в живописном месте на хребте Заилийского Алатау. Любители спорта могут отдыхать здесь круглый год, для этого здесь сделаны все условия.



Климат также благоприятствует отдыху в горах в курортной зоне Чимбулак, так как летом здесь плюс 20, а зимой минус 7. Чтобы попасть на [Чимбулак](#) нужно будет подняться к канатной дороге, которая находится в 800 метрах от катка «[Медео](#)». Поэтому вы никак не минуете знаменитый каток «Медео, гордость Казахстана. Здесь на катке «[Медео](#)» проходят всевозможные международные соревнования по зимним видам спорта. Про каток «Медео» говорят, что это «фабрика мировых рекордов» и это не случайно ведь на катке установлены холодильные установки, которым нет аналогов в мире. Сегодня каток «Медео» представляет собой современный спортивный комплекс, которому нет аналогов в мире.

Спортивный туризм в Казахстане набирает популярность и у альпинистов. Приезжают сюда и гости из-за рубежа, чтобы попробовать свои силы в горах Казахстана, ведь горы Казахстана — это идеальное место для развития альпинизма и туризма. Центральный Тянь-Шань является центром мирового альпинизма с наивысшей точкой Казахстана пиком Хан-Тенгри, гора считается одной из красивейших вершин Центрального Тянь-Шаня. Поражает своей необычной красотой гора во время заката, когда цвет ее становится багряно-красный такой цвет придает горе гранит, которым покрыта гора, и это представляет необычайно красивое зрелище. Покорить вершину Хан-Тенгри мечта любого альпиниста.



В разных частях Казахстана, есть горнолыжные курорты, которые рады принять туристов для активного отдыха в горах. «[Алтайские Альпы](#)» в Восточном Казахстане считаются одними из лучших в Казахстане. Здесь есть как лыжные склоны, так и склоны для сноубордистов. На горнолыжном курорте «Алтайские Альпы» предусмотрено и ночное катание. Ежегодно сюда приезжают любители и профессионалы горнолыжных спусков.

Так как за последнее время интерес к Казахстану возрос, увеличивается спектр туристических услуг. Местные туроператоры разрабатывают новые туристические маршруты в том числе и спортивного направления. Так интересными маршрутами для туристов будут Тургеньские водопады, озеро Иссык, [Чарын](#), Аксайское ущелье, [Большое Алматинское озеро](#) и многие другие. Пройти пешком к озеру Иссык — это значит пройти по тем местам, где был найден «Золотой человек», ставший символом казахской истории.



2. Развитие спортивного туризма

Главная особенность спортивного туризма заключается в том, что он, в отличие от большинства других видов спорта, не требует относительно больших материальных расходов, так как, во-первых, развивается в существующем окружающей среде и не требует значительных капиталовложений для подготовки и проведения туристско-спортивных массовых мероприятий и возведения специальных сооружений для их проведения, во-вторых, материально-техническое и организационное обеспечение указанных мероприятий в значительной степени осуществляется силами и средствами самих туристов, в-третьих, уже сложилась и действует общественная система подготовки и повышения кадров, которая с минимальными расходами со стороны государства может и в дальнейшем эффективно функционировать. Развитие новых направлений спортивного туризма экстремального, приключенческого, парусных и других путешествий, проведения комбинированных по видам туризма путешествий с использованием имеющихся природно-рекреационных, историко-культурных и кадровых ресурсов страны, не только создает условия для привлечения к активным занятиям спортивным туризмом населения Казахстана, а и оказывает стимулирующее влияние на развитие международного и зарубежного туризма, способствует общему развитию туристической отрасли Казахстана как потенциально высокорентабельной отрасли экономики и ее вхождению в мирового туристического рынка.

Спортивный туризм является одним из самых массовых видов спорта. Он имеет многовековую историю и традиции, которые содержат не только спортивную составляющую, но и особое мировосприятие любителей приключений, а также необычный образ жизни.

Виды спортивного туризма:

Альпинизм - покорение горных вершин и прохождение перевалов по определенным маршрутам;

Горный туризм - походы на высоте более 3000 м с преодолением локальных препятствий;

Пешеходный туризм - перемещения на равнинах и горной местности, на высоте менее 3000 м;

Водный туризм - сплавы по рекам на плотках, байдарках, каяках, рафтах, парусный туризм;

Автотуризм - ралли и другие гонки по маршрутам, содержащим категорированные препятствия;
Лыжный туризм - горнолыжные спуски, сноубординг, гонки на лыжах по пересеченной местности;
Велосипедный туризм - велопробеги различной сложности, командные состязания в велогонках.

В целях реализации государственной политики по привлечению инвестиций в туристскую индустрию, уполномоченным органом в сфере туризма и спорта создана рабочая комиссия по оценке и отбору наиболее актуальных инвестиционных проектов в сфере туризма, в состав которой входят представители АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына», АО «Банк развития Казахстана» и АО «Фонд развития предпринимательства «Даму». На сегодняшний день состоялось пять заседаний, в ходе которых было рассмотрено 34 проекта. Так, были одобрены и рекомендованы для дальнейшей реализации некоторые инвестиционные проекты. Спортивный туризм это самостоятельная и социально ориентированная сфера, образ жизни значительной прослойки общества; эффективное средство духовного и физического развития личности; воспитания бережного отношения к природе, взаимовоспитания и взаимоуважения между народами и нациями. Если развивать инфраструктуру под этот вид туризма, то можно значительно поднять уровень экономики и престижа нашей страны. В мировой практике развитие спортивный туризм представляет собой уникальное общественное явление. Феноменом этого массового спортивного движения является то, что он успешно может существовать в сложных экономических условиях сегодняшнего дня. Этому способствует интерес и доступность, в том числе и материальная, спортивного туризма для всех категорий и возрастных групп населения, а также пригодность большей части территории Казахстана для спортивно туристских мероприятий. Проведенный в 1986г. анализ туристских ресурсов республик, ранее входивших в состав СССР, показал, что территория Казахстана обладает огромными и востребованными ресурсами для спортивного туризма. Причем большая часть этих ресурсов содержит потенциал для развития, прежде всего горного и водного туризма. Сюда относятся части Центрального, Северного, Западного Тянь-Шаня, Алтая и Джунгарии, входящие в территорию Республики Казахстан. Казахстанские турфирмы пока еще слабо работают в области организации активных туристских путешествий по территории республики, как для отечественных, так и для иностранных клиентов. При этом казахстанские туристско-рекреационные ресурсы используются странами дальнего и ближнего зарубежья. Слабое использование в своей работе казахстанскими турфирмами активных путешествий имеет множество причин. В их числе явный недостаток интеллектуального и кадрового обеспечения данного направления призма. Ведь организация активных туристских путешествий требует серьезных научных разработок и высокой профессиональной подготовки проживающего персонала. В путешествиях с активными способами передвижения от выучки персонала зависит не только качество обслуживания, но и физическая безопасность туристов. Оптимальная организация активных путешествий невозможна без определенного уровня развития спортивного туризма. Учитывая, что Казахстан обладает уникальным природным потенциалом, у страны есть все возможности для развития различных видов туризма: спортивного, культурно-познавательного, экологического, экстремального, делового, оздоровительного и другие. Как отмечают международные эксперты в области туризма, состояние развития туристской отрасли в Казахстане за последние годы характеризуется его поступательным и устойчивым развитием. За рубежом Казахстан начинают рассматривать как одну из наиболее стабильных стран с уникальными туристскими возможностями.

Спортивная инфраструктура Казахстана на современном этапе развития туризма находится на стадии бурного роста. Но данный стремительный подъем обслуживающей сферы туризма удовлетворит потребности туристов только в недалеком будущем, в то время как в настоящее время, существующая инфраструктура не обеспечивает той степени удовлетворение всех запросов как отечественных, так и иностранных туристов. Развитие инфраструктуры спортивного туризма представляет собой комплексный подход к удовлетворению спроса, как на стратегические объекты жизнеобеспечения туристов, так и на отдельные объекты роскоши, которые создают добавленную стоимость туристских услуг. Решение инфраструктурных проблем, таких как: транспортное обеспечение, инженерное, надежное энергоснабжение, строительство новых отелей, санаториев и пансионатов, спортивных объектов, носит крупномасштабный характер, требующий значительных объемов финансирования. Для развития спортивного туризма необходимы не только финансовые, материальные средства, но и проявление государственной поддержки.

Инвестирование в развитие инфраструктуры спортивного да и в целом туризма должно предусматривать процессы масштабирования проектов по объему вложений средств бизнесом и государством на основе критерия доходности и сроков окупаемости; деятельность по обеспечению открытости системы путем размещения информации о существующих и разрабатываемых проектах в сети интернет на сайте министерства туризма и спорта Республики Казахстан. Необходимо отметить такой сдерживающий фактор развития туристской отрасли как недостаточное развитие инфраструктуры гостиничного бизнеса, а также ограниченность финансовых средств на строительство и реконструкцию основных фондов гостиничных предприятий. Следует обеспечить создание сети гостиниц категории туркласса, гостевых домов и кемпингов. Ключевой проблемой так же является подготовка кадров. Начало профессиональному образованию в сфере туризма в Казахстане было положено в 1992 г. В начале XXI в. в республике насчитывалось свыше трех десятков учреждений, выпускающих специалистов для индустрии туризма. Несмотря на заметные сдвиги в этой области, процесс формирования национальной системы профессиональной подготовки, переподготовки и повышения квалификации кадров в сфере туризма находится на начальной стадии. Поэтому для решения проблем активных видов туризма необходима система подготовки кадров, включающая туристские спецклассы общеобразовательных школ, выпускники которых могли бы получать на вузовских факультетах туризма ученые степени бакалавров, магистров, кандидатов и докторов наук.

Список использованной литературы:

1. www.mts.gov.kz
2. www.zakon.kz
3. Марчело Риси. Статистика международного туризма – 2008.
4. Вахитова Д. Развитие туристской инфраструктуры в регионах //Эксперт Казахстан. – 2008
5. www.ekocenter.kz
6. Бараблина Э.К. Управление развитием государственно – частного партнерства в сфере туризма. – М.: Академия, 2009.

УДК 373.1.02
МРНТИ: 373, 3

АБДУЛЛИНА Г. Т.¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН ДАМУЫ

Аңдатпа

Мақалада өскелең ұрпақты жан-жақты дамыту және оны бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеу, іс-әрекет процесінде әр түрлі қиыншылықтарды жеңу үшін шешімділік, өзін ұстай білу, батылдық, табандылық, сабырлылық, төзімділік сияқты ерік қасиеттері пайда болуын және адамның белгілі бір мақсатқа ұмтылуы мен белсенділігі баяндалады. Жеке адамның психикалық дамуы - бұл оның іс-әрекеті мен мінез-құлқындағы саналылығының өсіп жетілуі. Сананың дамуы мен адамның қоршаған ортаны жете түсінуін, яғни, оның табиғи, әлеуметтік ортаға көзқарасы мен қатынасын айтады. Сонымен қатар шетелдік және қазақстандық ғалымдардың тұжырымдарын негіздей отырып қарастырылады.

Түйін сөздер: даму, іскерлік, тәрбие, оқушы, дағды, таным, оқыту, сабақ.

АБДУЛЛИНА Г. Т. ¹

¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)

ОСОБЕННОСТИ И РАЗВИТИЕ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

Статья рассматривает проблему всестороннего развития и воспитания конкурентноспособной личности

молодого поколения, а также в процессе деятельности для преодоления различных трудностей проявления таких качеств личности как решительность, самообладание, смелость, настойчивость, терпение, выносливость и об устремлении и активности человека к определенной цели. Психическое развитие индивида - развитие и совершенствование сознательности в деятельности и поведении. Так же статья рассматривает эволюцию сознания и познания окружающей среды, его отношения к природной и социальной среде. В то же время, и основательные концепции зарубежных и казахстанских ученых по данной проблеме.

Ключевые слова: развитие, умение, воспитание, ученик, навыки, познание, обучение, урок.

ABDULLINA G.T.¹

¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

FEATURES AND DEVELOPMENT OF PRIMARY SCHOOL PUPILS

Abstract

This article discusses the problem of the problem of all-round development and education of the younger generation of competitive personality, as well as in the course of business in order to overcome various difficulties manifestations of personality traits like determination, perseverance, patience, endurance, and of the striving and human activity to a specific purpose. The mental development of the individual - the development and improvement of consciousness in activity and behavior. Also the article deals with of consciousness and knowledge of the environment and its relationship to the natural and social environment. At the same time the concept of foreign and Kazakh scientists on this issue.

Keywords: development, skill, education, student, skills, knowledge, education, lesson.

Кіріспе. Егемендігін алған елімізде жаңа ғасырдың ертеңгі күніне бағытталған бастауыш сынып білімінің рухани жаңаруының іргетасы қалануда. Осыған орай білім берудің озық дәстүрлері мен стандарттарын сақтай отырып әлемдік білім беру тәжірибесіне бағытталған стратегиялық курсын таңдады. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі орта білім мазмұнын жаңартуға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыруды бастады.

Даму идеясы - адамтану ғылымдар тарихының, соның ішінде педагогиканың ең басты идеяларының, педагогикалық категориялардың бірі. Даму идеясын тұңғыш ашқан ескі ірек философы Гераклит болды. Дамудың негізгі қайнар көзін, сипатын және бағытын ашатын диалектика заңдары болып табылады. Даму дегеніміз - қарама-қарсылықтардың, жаңа мен ескінің күресі. Даму процесі алуан түрлі қоршаған жағдайға байланысты эволюциялық жолмен жүреді. Даму күрделі жан-жақты процесс. «Даму» - индивидтің тұқым қуалау арқылы берілген және өмір барысында қалыптасқан қасиеттерінің сандық және сапалық өзгерістерге ұшырау процесі».

Адамның дамуы мен қалыптасуы жайында осы уақытқа дейін әр түрлі пікірлер мен теориялар әдебиеттерде орын алып келеді. Атақты грек философы Платон мен Аристотель адамның дамуын, алдын-ала тағдыр белгілеген тұқым қуалаушылық табиғатынан деп дәлелдеді.

Көптеген ғалымдар жеке адамның дамуында тұқым қуалаушылық факторын жетекші роль атқарады деп таниды. Америка психологы Эдуард Торандайк (1874-1949) баланың дамуын геналарға байланысты, бала геналардың ерекше батериясы, ондағы «гена саймандары» өзгермейді, егер баланың дене қасиеттерін, ақыл-ой ерекшеліктерін және қабілетін белгілейді, деп өз ойын дәлелдейді. Ол адам санасы да өзінің шыққан тегіне байланысты деп тұжырымдайды.

Америка философы, педагогы Джон Дьюи (1858-1925) Өзінің даму теориясын баладан туа пайда болған инстинкт және қабілеттермен дәлелдейді: Дьюидің пікірі бойынша адамда туысымен-ақ дайын талаптар мен қабілеттер және эмоциялар болады. Сондықтан Дьюи адам табиғатын тәрбие арқылы өзгерту мүмкін емес дейді. Австрия дәрігері Зигмунд Фрейд адам мінез-құлқының қозғаушы күштері оның биологиялық тегіне байланысты деп түсіндіреді.

Адамның жан-жақты дамуының әлеуметтік жағдайларға тәуелді екендігін XVI және XVIII ғ.ғ. алғашқы рет байқаған гуманистер социал-қиалшылдар Томас Мор және Томмазо Кампанелла. Мор жеке адамды дамытудың негізі-жалпыға бірдей және міндетті оқу, оқуды ана тілінде жүргізу, балаларға ғылымның әр түрлі салаларынан теориялық білім беру, оны еңбекпен ұштастыру деп өзінің бұл пікірін «Утопия» кітабында сипаттайды.

Зерттеу әдістері. Адам баласының дамуы, жарасымды қалыптасуы, оның бақытты өмір

сүруіне байланысты, тәрбие процесінде балалардың ақыл-ойының дамуы, қабілетін дамыту.

Оқыту процесінде оқушылардың ақыл-ойының дамуы, танымдық қабілетінің қалыптасуы, практикалық шеберлілігі мен дағдысы қабыптастыру. Оқыту процесін басқару үшін оның жүйесін, құрылымын, бөліктерін және заңдылықтарын, олардың өзара байланысын жете білу

Зерттеу нәтижелері. XIX ғасырдың басында қиялшыл социализмнің ілімін жасаушылар Ш.Фурье, Роберт Оуэн және Сен-Симон балаларды жан-жақты қабілетті дамыту, яғни, оларды біліммен қаруландыру, өмірге, еңбекке даярлау тәрбиеге байланысты деп түсінеді. Олар капиталистік қоғамды, ондағы тәрбие жүйесін батыл сынап, жеке адамның жан-жақты дамуына толық жағдай жасау үшін, халыққа білім және тәрбие арқылы таптық қоғамды ббiтшілiк жолмен жаңа қоғамға айналдыруды арман етеді.

Жеке адамды дамытудағы басты факторлардың бірі - тәрбие. Тәрбие балалардың жас және дербес ерекшеліктеріне, дайындығы мен даму дәрежесіне лайық іске асырылады. Тәрбие арқылы адамдардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру үшін, тәрбиеші тәрбиенің құралдары мен әдістерін және формаларын іздестіреді, оларды тиімді етіп пайдаланады. Демек, тәрбие алдын-ала жасалған арнаулы жоспар бойынша мақсатқа бағыттала және ұйымдастырыла жүргізіледі.

Джон Локк адамның көзқарастары мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы тәрбиенің шешуші ролін мойындай келіп, адам тәрбие арқылы жетіледі деген сыңар жақ қорытындыға келеді. Локк бойынша, бала жаны табиғатынан - ақ тақта сияқты тап-таза болады, сондықтан тәрбиеші нені қажет деп тапса, соны сол ақ тақтаға жазуы тиіс. Бұл жерде Локк тәрбиенің жолын аса дәріптеп, әлеуметтік орта мен тұқым қуалаушылық факторларының адамды дамытудағы ықпалын жете бағаламайды.

Нақты ойлау - бастауыш сынып жасындағы балаларға тән, абстракті ойлау - жоғарғы сынып жасындағы балаларға тән. Сөйтіп, оқушылардың ой-өрісі кеңиді.

Таным психикалық процестерінің (түйсік, қабылдау, зейін, ойлау, сөйлеу т.б.) дамуымен бірге оқушының психикалық қасиеттері де (қабілет, бейімділік, мінез) қалыптаса бастайды. Осыған байланысты ойлаудың қабылдағыштың, бақылағыштық, білуге құмарлық, тапқырлық, ізденімпаздық сияқты болымды жақтары да жетіле түседі.

Іс-әрекет процесінде әр түрлі қиыншылықтарды жеңу үшін жеке адамда шешімділік, өзін ұстай білу, батылдық, табандылық, төзімділік сияқты ерік қасиеттері пайда болады. Ал ерік дегеніміз - адамның белгілі бір мақсатқа ұмтылуы мен белсенділі қимылы.

Талқылау. Жеке адамның психикалық дамуы - бұл оның іс-әрекеті мен мінез-құлқындағы саналылығының өсіп жетілуі. Сананың дамуы мен адамның қоршаған ортаны жете түсінуін, яғни, оның табиғи, әлеуметтік ортаға көзқарасы мен қатынасын айтады. Ал сана дегеніміз - объективтік шындықты бейнелеуінің жоғарғы формасы .

Сана адамның іс-әрекеті барысында пайда болады. Еңбек және қоғамдық қатынастың нәтижесінде адам өзіне және өзінің әрекетіне қоршаған ортаға жете түсінеді. Оның сана-сезімі дамиды. Дамудың нәтижесінде адамның сыртқы көріністері байқалады. Оларға өзін-өзі бақылау мен бағалау, намыс, өз қадірін сезу, өздігінен жетілуге талаптану т.б. жатады.

Оқушы дамуына іс-әрекеттің ролі өте зор. Ол дамудың негізі. Іс-әрекеттің түрлері: ойын, оқу, қоғамдық пайдалы жұмыстар, көркемөнер, спорт, оқу және т.б. іс-әрекеттер.

Оқыту процесі терең, берік және дәл білім алу таным жолындағы оқушылардың қимылына байланысты. Оқыту процесі — бұл мұғаліммен оқушылардың мақсатқа бағытталған өзара әрекеттесуінің барысында шәкірттерге білім беру міндеттерін шешу. Оқыту процесі - тұтас педагогикалық процестің бір бөлігі.

Білім - адамзаттың жинақталған тәжірибесі, заттар мен құбылыстарды, табиғат заңдарын тану нәтижесі. Білімді жеке адамның тиімділігіне айналдыру үшін, оны ойлау операциясы - талдау, салыстыру, жіктеу және жинақтау қажет. Оқушы ойлау операциясына сүйеніп, өз білімін шындыққа айналдырады. Бұл дамытып оқытудың негізгі ережесі, яғни оқушылардың таным іс-әрекетін дамыту, оларды өз бетімен ізденуге, зерттей білуге және жаңа білімді еркін игеруге үйрету.

Іскерлік - алған білім негізінде оқушылардың практикалық әрекеті іске асырылады. Білімсіз қандай болса да іскерлік мүмкін емес. Мысалы, сауатты жазу үшін грамматикалық ережелерді білу керек.

Дағды - бұл қайта-қайта орындалатын практикалық әрекетке машықтандыру. Мысалы, тез оқу дағдысы - жүйелі түрде жаттығу нәтижесі.

Сонымен, оқу процесінде білімнің, іскерліктің және дағдының өзара байланысы, бірлігі оқушылардың таным қабілетінің (ойлау, зейін, ес, қиял т.б.) дамуына қиындық туғызады [3].

Оқыту екі жақты процесс, онда мұғалім мен оқушылардың ынтымақтастық іс-әрекеттері мен тәсілдеріне үйретеді. Бұл сабақ беру процесі. Оқушылар сабақта түрлі іс-әрекеттерінің барысында дамиды, олардың ғылыми көзқарастары қалыптасады. Бұл - оқу процесі. Оқу - бұл оқушылар іс-әрекеттерінің, яғни, объективтік әлемді танудың ерекше формасы.

Оқыту процесінің қозғаушы күштері оқытудың барысында қойылатын таным және практикалық міндеттер мен оқушылардың нақты білімі мен іскерлік дәрежесі және ақыл-ой дамуының арасындағы қайшылық. Егер қойылған міндеттерді шешуге оқушылардың шамасы келмесе, онда қайшылық оқытудың және дамудың қозғаушы күштері бола алмайды. Қайшылық қозғаушы күштері ретінде пайда болу үшін қажетті шарт, ол оқушылардың ықтимал мүмкіндіктеріне сәйкес келуі шарт.

Оқыту процесінің өзіне тән функциялары бар. Олар: оқытудың білім беру, тәрбиелілік, дамыту функциялары.

Жалпы білім беретін мектеп бағдарламасында тіл дамыту жұмысына арнайы орын берілген. Бағдарламада оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты тәрбиелік мәні бар жаттығу материалдары әр сынып оқушыларының жас ерекшелігіне қарай жалпы сөйлеу мәдениетін дамытып, олардың ой-өрісін жетілдіру мақсаты көзделген, сондай-ақ бағдарламада тіл дамыту жұмысын ауызша-жазбаша жаттығулар, шығарма, диктант сияқты жұмыс түрлері арқылы іске асыру міндеттелген.

Қазақ тілін оқытуға байланысты тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаты - дұрыс, сауатты жазып, оқушының ауызша және жазбаша ойын грамматикалық және стилистикалық жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуді үйрету.

«Тіл дамыту жұмысын негізінен, мынадай төрт бағытта жүргізіледі: бірі –мәдени, әдеби сөйлей білу нормаларына үйрету, яғни орфографиялық дағдыны меңгерте отырып, оқушыға мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру. Екіншіден, лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту, тілдің лексика және фразеология бөлімдерінен кеңірек білім беру көзделеді. Үшіншіден, жаңа сөздер үйрету, сөздерді үйрете отырып, жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгерту арқылы сөз бен сөздердің байланысын, сөйлем құратынын үйрету, сөйлемнің құрылысын білдіру арқылы синтаксистік лексикадан білім беру. Төртіншіден, оқушының ойын жазбаша дұрыс, сауатты жаза, әрі сөйлей білуге үйрету мақсат етіледі», - дейді Б.Құлмағанбетова.[4]

Осыған орай тәжірибе барысында білім, білік, дағдысын бақылау, бағалау бүгінгі күні басты нысана болып отырғаны және де бұл бұл түрдің оқушылардың кейін өзін-өзі бағалау дағдысының қалыптасуына жол ашып, білім, білік сапасын арттыратындығына көз жеткізіп те отыр. Сонымен қатар адамның ішкі мүмкіндіктерін дамытып, іске қосатын құралдарды тандай, пайдалана білу, оларды тиімді пайдалану нәтижеге еткізеді. Жоғарыда айтылған мәселелер ескерілген жағдайда бастауыш сынып оқушыларының білім, білік, дағдылары игерту арқылы өзін-өзі бағалау дағдысының қалыптасуына жол ашады.

Қорытынды. Тәрбие процесінде оқушы өзінің дамуына қажетті жағдайларды пайдалануы тиіс. Осыған орай, тәрбиеші тәрбие арқылы баланың түрлі іс-әрекеттерін тиімді етіп ұйымдастырады, оның дамып-жетілуіне қажетті материалдарды іріктеп алады, айналадағы табиғи және әлеуметтік ортаға көзқарасын дамытады.

Мысалы: Оқушы организмі мен жүйке жүйесінің даму негізінде, оның психикалық қызметінің (түйсік, қабылдау, ес, қиял, ойлау, тіл, зейін, сезім т.б.) дамуы жетіле түседі.

Оқушының әрбір даму кезеңінде жетекші іс-әрекеті болады. Мұндай іс-әрекет өзінің мақсаттары, мотивтері және орындалу тәсілдерімен сипатталады. Жетекші іс-әрекеті - өсуші индивидтің мұқтаждарын қанағаттандыру мен таным немесе психикалық процестерін қалыптастыруға бағытталған іс-әрекеті.

Таным іс-әрекеттерінің процесінде жаңа мотивтер туады, оқушының түсінігі мен ұғымы, білімі мен тәжірибесі артады, ойлау операциясы да (талдау, синтездеу, салыстыру, абстракциялау, жинақтау, классификация) жетіле түседі. Оқу мен тәрбие процесінде оқушы ойлау операциясы арқылы объективтік шындықтың құбылыстары мен заттарын анықтай білуге, адам баласының бай тәжірибесін үйреніп, үйренуге талаптанады. Әрине, оқушы өз бетінше жаңалық ашпайды, ол мұғалімнің, тәрбиешінің көмегімен беріледі, зерттелген ғылыми мәліметтерді бағдарлама, оқулық және басқа да әдебиеттер арқылы қабылдап, меңгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі.

2 Жарықбаев Қ. Жантану негіздері // Алматы, 2002. -270 б.

3 Қозыбаев С. Педагогика // Алматы, 1999 - 274 б

4 Бағдарламалар. Қазақ тілі. (2-4 сынып) // Алматы, 2003 ж.

УДК 37(091)
МРНТИ: 373.1.02

Г.Х. ЕРІМБЕТОВА¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ «МОСКВА ҮШІН ШАЙҚАС» ШЫҒАРМАСЫ – ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

Аңдатпа

Бұл мақалада Бауыржан Момышұлының «Москва үшін шайқас» шығармасындағы патриоттық идеялар туралы баяндалады. Тәуелсіздік алып, егемен ел болу жағдайында оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу көкейтесті мәселелердің біріне айналуға. Бүгінгі ұлт мектебінде патриоттық тәрбие берудің басты мақсаты – жеке тұлғаны халықтың ерлік мұраларына негіздеп жүргізілуінің маңызы зор.

Бауыржан Момышұлының «Москва үшін шайқас» шығармасына тән басты ерекшелік – кейіпкерлерінің ішкі әлеміне бойлай ену, сол әлемдегі сан қилы сезімдердің шарпысуын, солардың қайғы-қасіретін, қуаныштарын қаһармандарының сезім түйсігі арқылы дәл көрсете білу. Б.Момышұлының қаламынан туған шығармалардың теориялық мазмұндылығы мол екендігі ақиқат.

Түйін сөздер: Патриотизм, патриоттық тәрбие, жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру, Бауыржан Момышұлы, тұлға, Бауыржан Момышұлының шығармаларындағы патриоттық идеялар, ерлік, батырлық.

Г.Х.ЕРІМБЕТОВА¹

¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)

ПАТРИОТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ В ПРОИЗВЕДЕНИИ БАУЫРЖАНА МОМЫШУЛЫ «БИТВА ЗА МОСКВУ»

Аннотация

В данной статье рассматриваются патриотические идеи в произведении Бауыржана Момышұлы «Битва за Москву». В условиях Суверенитета государства патриотическое воспитание школьников становится одной из актуальных проблем. Цель патриотического воспитания нынешней национальной школы - основана на воспитании личности через героические поступки народа.

Специфическая особенность произведения Бауыржана Момышұлы «Битва за Москву» - это проникновение во внутренний мир персонажа, точная передача через ощущения, переживания, чувства, горести, радости того времени. Произведения Б.Момышұлы отличаются своей теоретической содержательностью.

Ключевые слова: Патриотизм, патриотическое воспитание, патриотическое воспитание старших школьников, Бауыржан Момышұлы, личность, патриотические идеи в произведениях Б.Момышұлы, героизм, смелость.

G.YERIMBETOVA¹

¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

«BATTLE FOR MOSCOW» BY BAURZHAN MOMYSHULY IS A PATRIOTIC EDUCATION BASE

Abstract

In this article the patriotic ideas of works of «Battle for Moscow» by Baurzhan Momyshuly are considered. One of the most important issues is to educate the children to be a patriotic in the independent country. Today the main purpose of patriotic education of the nation's school is the importance of individual courage of execution based on the heritage of the population.

The main peculiarities of «Battle for Moscow» by Baurzhan Momyshuly is to know exactly the entry along the main peculiarities of the inner world of the characters, many of feelings are changed in the world, suffering and joy through the hero's feelings. It is true that there are a lot of means of theoretical content of works of B. Momyshuly.

Key words: Patriotism, patriotic education, patriotic education of high school children, B. Momyshuly, personality, patriotic ideas in the works of Baurzhan Momyshuly, heroic, heroism.

Кіріспе. Патриоттық тәрбие мәселесі – адамзат тарихының өн бойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан жастардың бойында Отанға сүйіспеншілік қасиетті дарыту көкейкесті мәселелердің бірі.

Қазақ әдебиетінде әскери әдебиет тақырыбы о баста кеңінен дамымағаны, жазылған шығармалардың талап деңгейінен төмендеу шығып жатқаны белгілі. Елуінші жылдардан бастап осы олқылықтардың орнын толтыруға үлес қосқан жазушының бірі, әрі бірегейі - Бауыржан Момышұлы.

Бауыржан Момышұлы - даңқты қолбасшы, КСРО-ның жоғарғы әскери академиясының профессоры, ұлтын сүйген патриот болуымен қатар, қазақ халқының ұлттық рухын қорғауда қаламды қару еткен қайраткер жазушы. Бауыржан Момышұлы шығармаларында ұлттық рухтың жоғары болуына айрықша назар аударды. Осыған орай, бірнеше еңбектерін жарыққа шығарды. Мәселен, «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», «Жонарқа», «Төлеген Тоқтаров», «Бір түннің оқиғасы», «Генерал Панфилов», «Москва үшін шайқас», «Олар менің есімде», «Ел басына күн туса» атты туындылары дүниеге келді.

Оның шығармалары соғыс тақырыбына арналып оның «қаны сорғалаған» шындығын көркемдік шындыққа айналдырып, соғыстың әлемдік кесепатын, оның бүкіл халық, жеке адам тағдырына қатысын көрсетіп, соғыс кезіндегі адам психологиясының терең иірімдеріне бойлай алуымен құнды.

Соғыс адам өміріндегі ең бір дүр сілкіндірерлік, жан түршігерлік оқиға екендігін айта отырып, соғыс туралы өнер туындыларының ғұмыры аз болатындығын, олардың көркемдік жағы соғыс қимылдарының шындығынан мүлдем алыс жататындығына тоқталады. «Соғыс туралы жазу үшін – автордың өзі бұл мәселеде сауатты, білімді адам болу керек», - деп түйіндейді [1,15].

Зерттеу әдістері мен нәтижелері.

Бауыржан Момышұлының «Москва үшін шайқас» повесінде қатардағы солдаттан бастап, даңқты командирлердің, айбынды, айбарлы бейнелері шындық деңгейінде суреттеледі.

Бауыржан Момышұлы өзінің шығармаларында әскери патриоттық ойларын былай сипаттаған:

1. Солдат өміріне жауапкершілікпен және жауынгер тағдырына құрметпен қарау керектігі: «Кез келген шығынның орнын толтыруға болғанымен, бірақ адам шығынының орны толмайды. Әскери топтың басты күші мен негізгі байлығы — солдаттар. Сондықтан да басты назар өнерді, солдат кәсібін үйретуге, жауынгерді ұрыста аман сақтап қалуға аударылуға тиіс. Солдатқа, адамға менсінбей қараушылық түбінде жақсылыққа әкеліп соқтырмайды. Барлық кезде де солдаттың мұң-мұқтажына үн қатып отыру қажет, жазушылар қанша дегенмен рухани қару-жарақтарды негізгі жеткізіп берушілер болғандықтан, олар барлық уақытта өз шығармаларына сергек қарауға және бұл мәселеде халықтың алдында бүкіл жауапкершілікті өз мойнына алуға тиіс. Солдат мерт болса онда барлық байлықтан айырылғанымыз, солдатты аман сақтап қалу - міне ең басты мәселе осында. Әскердегі бұл байлықты жоғалтып алмас үшін - солдатты рухани да дене тәрбиесі жағынан да үйрету, оны жақсы жауынгер етіп тәрбиелеу керек, езі мерт болмай, жауын жоятын солдат кәсібіне үйрету қажет. Жеңіске жету үшін бізге рухани жағынан мықты, жоғары саналы кеңес адамы керек».

2. Әскери тәрбиешінің міндеті мен жауынгерге деген қарым-қатынасы туралы былай дейді: «Әскери қызметшілердің міндеті — әскерге шақырылған азаматтарға әскери өнерді, техниканы, ұрыс жүргізу айла-тәсілдерін, солдат кәсібін үйрету, сонымен қатар жалпы тәрбие беру жұмысын

да жүргізу. Бойында адамға тілерлік барлық абзал қасиеттері бар парасатты азаматты тәрбиелеу оңай іс емес. Бұл іс жақсы тәрбиешілерді ғана емес, сонымен қатар ондаған жылдар бойы тер төге еңбек етуді де талап етеді. Тәрбиелеу жұмысы көп сатылы, алуан қырлы әрі көп еңбек сіңіруді қажет етеді.

Әскери қызметшілердің ісі - әскерге шақырылған азаматтарды әскери өнерді, техниканы және ұрыс жүргізу айла-тәсілдерін, солдат кәсібін үйрету, сонымен бірге жалпы тәрбие беру жұмысын да жүргізу. Көбінесе аналар баласын жөргегінде жатқанда бүлдіріп алады. Бізге осындай жөргегінде жатып жөнді тәрбие алмаған адам кез келеді, ата-анасы 22 жыл бойы бұзып келген осындай адамды, мен екі жылдың ішінде қайтіп түзей алмақпын? Оның үстіне қырсыққандай командирлердің бәрі бірдей тәрбиеші бола алмайды.

3. Жауынгер тәрбиесіндегі басты кезеңдер: «Әскери тәрбие проблемасы - бұл жөргекте жатқан кезден бастап, найзаласқан қоян-қолтық айкаса дейінгі аралықта жүргізіле беретін тәрбие проблемасы болып табылады. Ата-ана тәрбиесі — мектеп жасына дейінгі тәрбиенің ең басты сатысына, кезеңіне саяды. Мектеп тәрбиесі, қоғамдық-жастар тәрбиесі — адамның қалыптасуындағы ең басты кезең. Адам қоғамдық тәрбиеге ақтық демі біткенше мұқтаж болады, қажет етеді. Ересек адамға тәрбие беруді жалғастырудың қажеті жоқ деушілік мүлдем қате».

4. Жауынгер тұлғасын былай сипаттайды: «Солдат — ересек адам, бірақ оның қоғамдық жағдайы солдатты төменгі рангіде болуға міндеттейді, ал армияда бұл ранг жасөспірімдерден кем емес қамқорлық қарым-қатынасты жасауды, қорғаншы болуды қажет етеді. Солдат жанының құнарсыз жерден нәр алуына жол беруге мүлдем болмайды. Майдандағы қазақ жауынгерлері өзінің туған тілінің, туған әдебиетінің, төл музыкасының сарқылмас қазынасынан тіпті болмашы, мардымсыз нәрсе болса да ала алмай отыруын мен қылмыс деп есептеймін.

5. Отбасы, мектеп және әскери тәрбиенің байланыстылығы жөнінде: «Бойында барлық абзал қасиеттері бар адамды тәрбиелеу ісі — бұл әскерге алынғанға дейінгі кезеңде жүргізілетін тәрбие жұмысы болуға тиіс. Қазақ халқы: «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер», - дейді. Егер бала жөргекте жатқан кезінен-ақ анасын тыңдамай, бес жасынан әкесімен тайталасып, тілін алмай, бұзақы болып өссе, онда өсе келе одан сөзсіз жаман адам, жаман солдат шығады. Мұндай жөргегінде ұрған адамды қайта тәрбиелеу, оның бойына жауынгерлік игі қасиеттерді дарыту командирдің ғана қиын да ауыр міндеті болмаса керек. Ұқыпсыз, жауапсыз ата-аналардың тәрбиелеп өсірген мұндай жүгенсіз балаларынан командирдің де жақсылық күтуі екі талай».

6. Жауынгер үшін отбасы тәрбиесінің дұрыс қалыптасуы жөнінде: «Балаға адамның, азаматтың бойындағы барлық жақсы, асыл қасиеттер ананың ақ сүтімен бірге берілуі қажет, сонда ғана одан жауынгер шықпақ. Сонда ғана әскер өз қатарына өнегелі азаматты, жақсы жауынгерді қабылдай алмақ, ал қазір біздер кейде азап шегіп, қайта тәрбиелеу жұмысына көп уақытымызды, күш-қуатымызды сарп етіп, жүйкемізді тоздырып келеміз. Әскерге дейін жақсы азаматты тәрбиелеп өсіруіміз қажет».

«Москва үшін шайқас» романы төрт бөлімнен құралып, әр бөлім тарауларға жіктелген. Бірін-бірі қайталамайтын қысқа-қысқа жазылған әр тарауда өз алдына бір оқиға қамтылғандықтан, оқырманын жалықтырмай, өзіне тартып, қызықтырып отырады. Жоғарыда аталған роман жайында жазушы Х.Бекхожин былай дейді: «Міне, біз Бауыржанның «Москва үшін шайқас» деген көлемді хикаясын оқып отырмыз. Жауынгер оқушыны алапат соғыстың алғашқы ауыр шағына еріксіз тартады. Тұла бойың тітіркенерлік соғыс әлеметі көз алдына жанды елес қағады. Неміс фашистерінің қанды қалың табырлары астанамыз Москваға құтырған аңдай анталаған кездердегі біздің әскери күштеріміздің жауынгерлік әлпетін, майдан әрекетін, қатерлі қорғаныстағы ерлер айбатын сол сұрапылды өзі басынан кешкен батыл жазушы аса нанымды, әскерді суреттеген».

Ұлы Отан соғысы жылдарында Бауыржан Момышұлы талай қазақ жазушыларына ренжіп, соғыс тақырыбына жазылған шығармаларына сын көзбен қарап, мазмұнының жүдеулілігіне көңілі толмаған кездері болған. Бұл жөнінде Бауыржан Момышұлы «Әдебиеттің басты мақсаты – ағарту, игілікті құлшыныстар мен сезімді ояту, жандандыру, адамның ар-ожданына, абыройына, ерік-жігеріне, парасатына ықпал ету, адам бойындағы басты сезім – парыз сезімін ұштап, тәрбиелеу», - деп айта келіп, шығармалардағы жазылған солдат бейнесінің де нәзіктігі мен оның ішкі мәдениеттілігі, адамгершілігі туралы да ойын қорытқан. «Олардың түсінігінше, солдат дегеніміз – жансыз, қатып-семіп қалған, тасжүрек, мейірімсіз «жан». Сондықтан да кейбір авторлардың шығармаларында жасалған солдат бейнесі шындыққа мүлдем сай келмейді» [1, 21] - деді.

Соғыс тақырыбына барған әрбір автор шама-шарқынша өз қаһармандарының жан дүниесіне үңіле білуге тырысты. Ал, Бауыржан Момышұлының шығармашылығына тән басты ерекшелік – кейіпкерлерінің ішкі әлеміне бойлай ену, сол әлемдегі сан қилы сезімдердің шарпысуын, солардың қайғы-қасіретін, қуаныштарын қаһармандарының сезім түйсігі арқылы дәл көрсете білу.

Талқылау.

«Москва үшін шайқас» романы төрт бөлімнен құралып, әр бөлім тарауларға жіктелген. Бірін-бірі қайталамайтын қысқа-қысқа жазылған әр тарауда өз алдына бір оқиға қамтылғандықтан, оқырманын жалықтырмай, өзіне тартып, қызықтырып отырады. Жоғарыда аталған роман жайында жазушы Х.Бекхожин былай дейді: «Міне, біз Бауыржанның «Москва үшін шайқас» деген көлемді хикаясын оқып отырмыз. Жауынгер оқушыны алапат соғыстың алғашқы ауыр шағына еріксіз тартады. Тұла бойың тітіркенерлік соғыс әлеметі көз алдына жанды елес қағады. Неміс фашистерінің қанды қалың табырлары астанамыз Москваға құтырған аңдай анталаған кездердегі біздің әскери күштеріміздің жауынгерлік әлпетін, майдан әрекетін, қатерлі қорғаныстағы ерлер айбатын сол сұрапылды өзі басынан кешкен батыл жазушы аса нанымды, әскерді суреттеген» [2, 3].

Бір ескеретін жайт, көркем шығармада суреттелетін оқиғаларға қатысы бар адамдардың есімдері өзгертілмей жанды кейіпкер ретінде алынған. Бұл образдар, олар қатысатын оқиғалардың шынайылығы мен сенімділігін арттырып және жазушының өз шығармасына қажетті тіректі өмір шындығынан алғандығының нақтылығын ұлғайта түседі. Романның бірінші бөлімі жау қоршауынан сытылып шыққан Бауыржан Момышұлы батальонының негізгі күшке қосылуға бара жатқанынан басталады. Сол сәттегі батальонның жазушы суреттеуіндегі көңіл-күйін ғалым Ж.Дәдебаев былай баяндайды: «Жау қоршауын бұзып шығып, өз тобына келіп қосылған батальонның еңсесі биік, шаршап-шалдыққанына қарамастан, сергек, салтанатты шерумен келеді. Жауынгерлер мен командирлер бір-бірін жете біліп, бір-біріне беріксеніп қарайды» [3, 106 б.].

Академик М.Қаратаев пікірі: «Москва үшін шайқас» – нағыз оптимистік және патриоттық кітап. Бұл көп ұлтты кеңес жауынгерлерінің Ұлы Отан соғысындағы ең бір қиын кезеңде, катігез жау сүйікті астанамызға төніп тұрған қатерлі кезде көрсеткен айрықша ерлігін, мойымас рухы мен қажымас қайратын, сол тұстағы олардың толғанған ойы мен сезімін көзге елестеткен көрнекті кітап.

Өрелі патетика, гуманизм, өмірден алынып, жүректе қорытылған шынайы шыншылдық, публицистикалық өткірлік, әңгімесінің нақтылығы, дәлдігі – кітаптың негізгі сипаты» [4, 345 б.].

Б.Момышұлының қаламынан туған шығармалардың теориялық мазмұндылығы мол екендігі ақиқат. Қалай дегенде де Бауыржан Момышұлының ел ұғымында толымды, жинақы тұтас бейнесі қалыптасқан. Бұл – соғыс қаһарманы ғана емес, онымен бірге жарқын да жалқы, қайта тумас азаматтың бейнесі. Қайыра айтсақ, қайталанбас тұлға [5, 225 б.]. Бауыржан Момышұлының қолбасшылық қабілетінің дамуына, соғыс ғылымын меңгеріп, әскери академияда дәріс беру басқышына көтерілуіне алдымен халқының тәлімі, оқыған әскери оқуы, одан кейін генерал И.В.Панфиловтың жеке басының үлгісі және әскери білігінің зор ықпалы болған. Әскери ұстаздарын (саралап отырған) пір тұтқан жазушы әскери тақырыптағы эпистолярлық жанрдағы шығармаларында және «Москва үшін шайқас», «Генерал Панфилов» атты шығармаларында И.В.Панфилов бейнесі жетекші орында суреттеледі. Майдангер-жазушы генерал бейнесін сомдауда тұлғаның танымдық қырын ашады. И.В.Панфиловтың бейнесін нағыз патриот деңгейінде көрсете білген. Оның азаматтық өрісі ақылгөйлігімен, парасаттылығымен, есеп жүргізу көрегенділігімен, табандылығымен, қайсарлығымен, мақсаттылығымен, сабырлығымен айқындалады.

Қорытынды.

«Сегіз қырлы бір сырлы», жан-жақты жетілген рухы биік, салауатты азамат тәрбиелеу - заман талабы. Баланың кісілік келбетінің қалыптасуы отбасы тәлім-тәрбиесімен және мектеп пен қоғамдық ұйымдардың тәрбие жұмысын дұрыс бағытта білуімен тығыз байланысты. Өйткені тамырын тереңге салмаған шыбықтың өсіп-өнбейтіні сияқты, өз халқының рухани негізінен нәр алмаған, алдыңғы ұрпақ өнегесінен үлгі алмаған бала әр жақты дамыған азамат болып өсе алмайды, ұрпақ пен ұрпақ арасындағы сабақтастық, тарихи тұлғалардың тұлғалық қасиеттері мен тәрбиелік мәні зор мұраларының жаңадан кісілік келбеті айқындалып, өмірлік бағыт-бағдары нақтыланып келе жатқан жоғары сынып оқушыларының эстетикалық талғамын, адамгершілігі мен отансүйгіштік санасын жетілдіруде мәні мен маңызы өте зор.

Тәуелсіздік алып, егемен ел болу жағдайында оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу көкейтесті мәселелердің біріне айналуға.

Осы тұста «Отан үшін отқа түс, күймейсің», «Жұрт дегенде жұмылып, ел дегенде езіліп қызмет

ет» деп, отансүйгіштік үлгіні жаңалай жаңғыртқан батыр Бауыржан Момышұлының шығармаларын пайдаланудың тиімділігі зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2004. -335 б.
2. Бекхожин Х. Ауыр шақтың айбынды лирикасы. //Қазақ әдебиеті. -1961. - 3 б. - қаңтар-1.
3. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. -3 б.
4. Қаратаев М. Шеберлік шынына. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1963. - 339-340 б.
5. Бауыржан батыр. Құрастырған Мырзахметов М. – Алматы: Жалын, 1991. -19 б.

УДК 37.013

МРНТИ 37.017.4

Г.А.КАЙБУЛЬДАЕВА¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация

Мақалада тұлға тәрбиелеу мен қалыптастырудағы өзекті мәселелер туралы айтылады. Қазіргі педагогика тәрбие үдерісі ұғымын тура ықпал жасау тұрғысынан емес, педагог пен тәрбиеленушінің әлеуметтік ықпалдасуы, олардың қарым-қатынасы тұрғысынан түсіндіреді. Мұғалім алдына қойған мақсат оқушы іс-әрекетінің жемісі ретінде көрініс береді. Бұл мақсаттар бала іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Кез-келген үдеріс соңғы нәтижеге жетуге бағытталған бірізді ұйымдастырылған әрекеттер жиынтығын білдіреді. Тәрбие үдерісінің басты нәтижесі – үйлесімді дамыған, қоғамдық белсенді тұлғаны қалыптастыру.

Түйін сөздер: тұлға тәрбиелеу, тұлғалық қасиеттер, баланың дара ерекшеліктері.

Г.Кайбулдаева¹

¹ к.п.н., доцент МКТУ имени К.А.Ясауи
(г. Туркестан, Казахстан)

Проблемы воспитания личности

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы воспитания и формирования личностных качеств учащихся. Современная педагогика исходит из того, что понятие процесса воспитания отражает не прямое воздействие, а социальное взаимодействие педагога и воспитуемого, их развивающихся отношений. Цели, которые ставит перед собой педагог, выступают как некоторый продукт деятельности ученика. Процесс достижения этих целей также реализуется через организацию деятельности ученика. Всякий процесс представляет собой совокупность закономерных и последовательных действий, направленных на достижение определенного результата. Главный результат воспитательного процесса – формирование гармонично развитой, общественно активной личности.

Ключевые слова: воспитание личности, личностные качества, индивидуальные особенности детей.

G. Kaibuldaeva¹

¹*Candidate of pedagogical sciences, Associate Professor of the K. Yasavi*
(Turkestan city, Kazakhstan)

Personality education problems

Abstract

In the article there are considered problems of education and formation of learners' personal qualities. Modern pedagogy comes from the fact that the concept of education process just does not reflect with direct impact, and social interaction between teachers and educability, their developing relationship. The objectives, set by a pedagogue, serve as some products of activities for a learner. The process of achieving the goals is also realized through the organization of

learner' activities. Every process is a combination of regular and consistent action to achieve a certain result. The main result of the educational process - the formation of a harmoniously developed, socially active person.

Keywords: individual's education, personality, individual characteristics of children.

Білім берудің ең негізгі өзекті мәселесі – адамды жан-жақты етіп тұлғаландыру. Сондықтан, бүгінгі білім берудің мақсаты мен мазмұны қазіргі заман талабына сай адам туралы концепция тұрғысынан анықталуы керек.

Ағылшын философы Френсис Бэкон «Біз қанша білсек, сонша нәрсе қолымыздан келеді. Сондықтан да білім – күш», - десе, шығыстың ұлы ғұламасы Әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», - деген. Демек, «оқыту сапасы туралы», «білім сапасы туралы», «білім беру сапасы туралы» ұрандар тәрбие мәселесі қаралмаған жағдайда өз мәнін жояды.

Біз білім берумен айналысып, адамның жан дүниесіне үңілуді, оның адамгершілігі, тәрбиелілігі туралы ұмытып кеттік. Академик К.М.Арынғазиннің «Бүгінгі күні жас ұрпақты біліммен және білім беру жүйесін оқытумен қамтамасыз ету жеткіліксіз. Оқыту тәрбиелейді, тәрбиелеуге, тәрбиелі болу үшін жағдай жасайды. Адам бұл мүмкіншілікті пайдалана алуы да, алмауы да мүмкін». «Оқушылардың білімге деген ерекше көзқарасын, тұлғаны әлемді, басқа да құндылықтарды сезінуге, ұғынуға тәрбиелеу және қабілеттеріне қарай шығармашылық әрекеттерін ұйымдастыру қажет» - деген пікір құнды.

Интеллектуалдық және идеологиялық көзсіздік қоғамды, адамды апат жолына, моральдық, адамгершілік, рухани дағдарысқа ұшыратып отыр. Тәрбиедегі кезек күттірмес мәселе – рухани құндылықтар қалыптастыру, адамның тұлғалық қасиеттерін гуманистік бағытта дамытуды көздеу. Гуманизм – адам өмірінің негізін құрайды, ойластырады, болжайды және адамзат құндылығын қалыптастырады.

Леккидің «Адам жолында екі түрлі, бір-біріне қарама-қарсы ағыстар бар. Бір ағыс – каталдыққа жетелесе, екіншісі – мейірімге талпынады» - деген пікірінде үлкен мән бар. Рухани бай адамның бойында ғана гуманистік қасиеттер болады. Рух – адам бойындағы күш, қуат. Ол қуат - барлық жақсы қасиеттермен бірге жасайтын игі істердің қайнар көзі. Тұлғаның рухани байлығындағы бастау - өз халқының рухани қазынасы. Жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға бүкіл халық өмірі ықпал етеді. Өмірдің толыққандылығы, ұрпақтардың адамға деген жақындығы мен жақсылығында, еңбексүйгіштігі мен қайырымдылығында.

Тәрбие саласындағы белгілі ғалым «Еркіндік педагогикасы» тұжырымдамасының және педагогикалық қолдау туралы идеяның авторы О. С.Газман білім берудегі тәрбие мәселесінің тоқыраудан шығуы үшін тұлғаға бағдарланған гуманистік педагогика идеясын ұстанды. Ол білім берудегі басты мақсат әлеуметтендіру емес, даралау дейді. Оның пікірінше, оқушы өзін басқалардың арасынан шығарып бөлек қарамайынша, өз өмірінің мағынасын өзін - өзі жете түсінбейінше, толыққанды білім алуы мүмкін емес. Өсіп келе жатқан ұрпаққа бұл мәселеде көмектесу, оған қолайлы жағдай туғызып, педагогикалық қолдау көрсету, педагогтың басты міндеті болуы тиіс. Балаға педагогикалық қолдау көрсету дегеннің мәніне үңілейік. Балаға педагогикалық қолдау көрсету, біріншіден, мұғалімнің кәсіби құзырлығын көтеру құралы, екіншіден, баланың рухани адамгершілігін, өзін - өзі дамытуын, оның денсаулығы мен оқуы және жеке бас ерекшелігімен байланысты мәселелерді шешуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар бұл мәселенің өзектілігінің артуы да кездейсоқтық емес, ол кейбір қайшылықтардан туындап отырған заман қажеттілігі.

Жеке тұлғаны барлық жағынан қалыптастыруда тәрбие салаларының міндеттерін жүзеге асыру, олардың бірлігі мен өзара байланысын қамтамасыз етудің маңызы зор. Себебі жеке тұлғаның қасиеттері жеке дара қалыптаспайды. Керісінше, олар әрдайым бір мезгілде, тұтастық принципіне сай құрылады. Сондықтан да тәрбие процесін жоспарлау, оның мазмұны мен әдістерін, сондай-ақ нәтижесін жүйелі есепке алу, бағалаудың бірлігін қамтамасыз ету, яғни тәрбие қызметінің барлық буындарының бірлігін, өзара байланысын қамтамасыз ету әсіресе мектептің осы бағыттағы жұмыстарының негізгі бір буыны болып есептелінеді.

Тәрбие берудің кешенділігін қамтамасыз ету барлық тәрбие беру мекемелерінің, соның ішінде мектептің де идеологиялық жұмысын осы міндетке сай ұйымдастыра жүргізудің де қызметі ерекше. Оқушылардың тәрбие процесін ұйымдастырудағы мұндай көзқарас қоғамның әрбір жеке тұлғаны жан-жақты үйлесімді дамыту мақсатына толық сай келеді.

Тәрбие жұмысының табысты болуы, көбінесе әрбір жеке тұлғаның жас шамасына сәйкес өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып жүргізуге байланысты. Әрбір жеке бала, ол өзінше бір өмір.

Оның түсінігі, сенімі, көзқарасы, ақыл ойының деңгейі бірдей емес, соған орай мінез-құлық ерекшеліктері мен адамгершілік қасиеттерінің сапасы да әртүрлі. Сондықтан да тәрбие процесінде балалардың дара ерекшеліктерін ескерудің маңызы зор. Тәрбиенің мазмұны мен амал-тәсілдері де осы принципке тәуелді.

Тұлға тәрбиелеуде тәрбие жұмысын нәтижелі жүргізудің тағы бір шарты, тәрбие мазмұны мен тәрбиелік әрекеттерді баланың жас шамасына сай біртіндеп жүйелі жүргізуді талап етеді. Тәрбие процесінде тәрбиешілер тарапынан болатын ықпалдағы жүйесіздік, тәрбие мақсатына жетуге кепілдік бермейді, керісінше онда әртүрлі кездейсоқтыққа тап болуға итермелейді.

Баланың түсінігіне, сана сезіміне орай тәрбие жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу, тәрбие салаларының тұтастығын қамтамасыз етуді қажет етеді. Өйткені тәрбие міндеттерін шешуде атқарылатын шаралардың бір-бірімен сабақтастығы болуы тиіс. Өткендегі тәрбиелік шаралардың мазмұны бүгінгі мен болашақта жоспарланған жұмыстармен үнемі сабақтас болуы, осы принциптің бірден-бір міндеті.

Кеңес педагогикасы оқушылар ұжымын ұйымдастыруды және тәрбиелеуді тұлғаны жан-жақты дамыту теориясы мен практикасының негізгі жетекші мәселелері ретінде қарастырады.

Дегенмен мектептегі оқу- тәрбие жұмыстары ұжымдық әрекетке негізделген. Ол ортақ мақсатқа бағытталған. Сондықтан мектеп жағдайында бала тәрбиесіне қатысты ұйымдастыру жұмыстары әрқашанда ұжымдық әрекетке негізделе бермек.

Жеке оқушымен жұмыстағы мақсат – оның тұлғалық дамуына педагогикалық тұрғыдан жағдай жасауды, оның жеке басының жан – жақты қалыптасуын және күш-жігерінің артуын қамтамасыз ету. Соған орай, оқушымен жеке жұмыстың мәні – оның тұлғасын әлеуметтендіру, оның өзінің жетілуі мен өзін - өзі тәрбиелеуге деген қажетсінуін тәрбиелеу. Оның нәтижесіне қол жеткізу, соған орай ұйымдастырылған тәрбие жұмысының әр түрлі формалары немесе әдістерін таңдауға ғана байланысты болмайды, керісінше оған оның өзін қатыстырумен жемісті болмақ. Мұғалім тарапынан ескерілетін жағдайлар:

1. Бала жанын жақсы түсіну. Яғни оның сезімін, көңіл – күйін, ықыласын, тілегін, қажеттілігін. Себебі, бала үшін барлық мәселе маңызды. Ол жас ерекшелігіне қарай қызба, тәжірибесі аз, ерік – жігері баяу және ақылға қарағанда сезімге берілуі, әсерленуі басым болып келеді. Мұндай жағдай, оның келешек өміріне күшті әсер етеді.

2. Баланың таңдау еркіндігін қолдау. Мұғалім белгілі бір әрекеттің нәтижесіне қол жеткізуде «тек өзімнің айтқаным ғана болады» деген көзқараста емес, керісінше баланың көзқарасымен санасып, оның таңдау еркін қолдап отыруы тиіс. Оған қандай да болмасын қысым көрсетуге, күштеуге болмайды. Мұғалімнің көзқарасына сай келмейтін шешім болса да, баланың пікірін сыйлау қажет.

3. Оқушының тұлғасын қалыптастыру және дамытуда оны әлеуметтік тұрғыдан қорғау. Адам баласы ақиқат өмірдің заңдылықтары негізінде қалыптасып дамиды. Ендеше, мұғалімнің бұл бағыттағы атқаратын қызметі – баланың дамуына және жеке тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік беретін жағдайды туғызу. Ол үшін, оның өмірден өз орнын табуға, дербестік қасиетін қалыптастыруға, қиын жағдайдан шығудың жолын таба білуге көмектесуі қажет. Олай дейтініміз, мектеп өмірінде әрбір оқушының тұрақты немесе қиын- қыстау кезеңі болады. Мұндай жағдайда оқушының жеке басын жетік білетін мұғалім ғана, оның дұрыс жолға түсуіне және өзін - өзі түсінуіне, өмірден өз жолын таңдай білуіне көмектесе алады. Ол үшін мұғалім баланың өзінің өмір сүру ортасын қалыптастыруы және оның тұлғалық сапасының қалыптасу процесіне жағымды ықпал ететін ортасын ынталандырып отыруы тиіс. Оған ата – аналар мен басқа да тәрбие мекемелерін қатыстыру шарт.

4. Мақсатты әлеуметтік қолдау көрсету. Бұл бағытта баланың өте күрделі, қиын- қыстау жағдайында тұрақты қолдау көрсетуді қажет етеді: көп балалы және табысы аз отбасына, мүгедек, жетім балаға, босқын немесе оралман отбасына т.с.с.

Өзара қарым – қатынас жасау мүмкіндігі мұғалім мен оқушының белгілі бір әрекет барысында бір – біріне ықпалы және ол тек танымдық кеңістікте ғана емес, сонымен бірге тұлғалық өрісте де қайта жаңғыруға нақтылы ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізі:

1. Шилова М.И. Учителю о воспитанности школьников. М., Педагогика, 1990.
2. Иванов И.П. Тәрбиелік шығармашылық істердің энциклопедиясы (аударма) Алматы, 1991.
3. Құдайбергенов Б. Құзырлылық табиғаты – тұлғаның өздік дамуында. Алматы.2006.

Г.Т.ТОККУЛОВА¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

Г.Д. БАБАНОВА²

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА БАУЛУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Мақала бастауыш сынып оқушыларын ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулудың педагогикалық шарттары туралы жазылған. Бастауыш сынып оқушыларын ғылыми-зерттеу жұмысына баулу әлі де қалыптасу кезеңінде екенін айта келе, оның қазіргі кезде ұйымдастырылу ерекшеліктері айтылды. Сонымен қатар оқушыларға ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысу үшін қажетті зерттеушілік дағдылары бөліп көрсетілді. Бұл зерттеу дағдыларының дамуы үшін әрине белгілі бір шарттар қалыптасуы керек. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру, оқушылардың мотивациясы, педагог тұлғасы- оқушылармен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың педагогикалық шарттары ретінде көрсетілді. Зерттеу жұмыстары оқушының шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруға, ақыл-парасаты мен сыни ойлауының дамуына, зерттеушілік шеберліктің, білімді өз бетінше алу және қолдана білу икемділігінің қалыптасуына ықпал етеді. Ғалымдардың ғылыми еңбектерін талдай келе, біз бастауыш сыныпта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады деп сеніммен айта аламыз, бірақ бұл жұмыс оқушының мүмкіншілігін ескерген түрде орындалуы керек.

Түйін сөздер: педагогикалық шарттар, зерттеушілік дағдылар, зерттеу, жас ерекшелік, мотивация

Г.Т.ТОККУЛОВА¹

¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясауи
(г. Туркестан, Казахстан)

Г.Д. БАБАНОВА²

²Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясауи
(г. Туркестан, Казахстан)

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ПРИВЛЕЧЕНИЕ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ В НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКУЮ РАБОТУ

Аннотация

В статье рассматриваются педагогические условия организации научно-исследовательских работ младших школьников. Привлечение младших школьников в научно-исследовательскую работу все еще находится в стадии формирования. Чтобы ученики могли выполнять научно-исследовательскую работу им необходимо овладеть исследовательскими навыками и для развития навыков, конечно, должны быть выполнены определенные условия. На основе анализа психолого-педагогической литературы нами были дополнены наработки исследователей и представлены собственные взгляды на условия формирования исследовательских умений младших школьников: учет возрастных и индивидуальных особенностей учащихся, мотивированность исследовательской деятельности, позиция педагога. В современном обществе востребованы такие качества личности как умение творчески мыслить, находить способы решения проблем. Эта задача решается посредством организации творческой деятельности, которой является учебно-исследовательская работа учащихся. Таким образом, анализируя научные труды мы с уверенностью можем сказать организация и привлечения младших школьников в научно-исследовательскую работу возможно при соблюдении педагогических условий организации.

Ключевые слова: педагогические условия, исследовательские навыки, исследования, возраст,

G.T.TOKKULOVA¹

¹ International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

G.B.BABANOVA²

² International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

PEDAGOGICAL CONDITIONS ATTRACTION OF YOUNG SCHOOLBOYS IN SCIENTIFIC RESEARCH

Abstract

The article deals with the pedagogical conditions of the organization of scientific research work of junior schoolchildren. The involvement of junior schoolchildren in research work is still in the stage of formation. In order for students to perform scientific and research work, they need to master the research skills and to develop skills, of course, certain conditions must be met. Based on the analysis of psycho-pedagogical literature, we supplemented the research findings of our researchers and presented our own views on the conditions for the formation of research skills of younger schoolchildren: taking into account the age and individual characteristics of students, the motivation of research activities, the position of the teacher. In modern society, such personality qualities as ability to think creatively, find ways to solve problems are in demand. This task is solved through the organization of creative activity, which is the teaching and research work of students. Thus, analyzing scientific works, we can confidently say that organizing and attracting younger schoolchildren into research work is possible if the pedagogical conditions of the organization are observed.

Key words: pedagogical conditions, research skills, research, age, motivation.

Кіріспе. Қазір қоғамға өзінің жеке басын және іс-әрекетін ұдайы жетілдіріп отыруға ұмтылатын бастамашыл және талапты мамандар қажет. Солар ғана жоғары түйсігімен, әлеуметтік-кәсіптік ұтқырлығын, білімін жаңартып отыруға ұмтылысымен, біліктілік пен дағдыларын ұштап отыруымен, жаңа қызмет салаларын меңгеруімен ерекшеленіп, өз қызметің жақсы атқара алады.

Әлемнің дамыған елдерінің бәрінде білі беру жүйесін реформалау барысында педагогикалық технологияларды дамытудағы бетбұрыс қажетті ақпаратты өз бетінше алып үйренуге, проблемаларды мүшелеп, олардың оңтайлы шешімін табу жолдарын іздестіруге, алған білімді сыни тұрғыдан талдай білуге және оларды барлық жаңа міндеттерді шешу үшін қолдануға бағытталған.

Дайын білімдерді меңгеру мен жинақтау-мақсат емес, адамның интеллектуалды дамуының көмекші құралдарының бірі ғана. Педагогикалық жүйелер қазіргі жағдайда оқытуды адамзат жасаған дайын білімдердің жиынтығын меңгеруге, соңғы жүзжылдықтың бастауындағы сияқты өркениет тәжірибесі көне ыдыстан жаңасына ауыстырып құюға құра алмайды. Қазіргі қоғамдағы білім берудің мақсаты –адамның интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыдан дамуы, бұл-адам, әйтеуір белгілі бір саяси, идеологиялық немесе кез-келген басқа бір машинаның ессіз тетігі болмасын деген сөз.

Көбісі адам өмірлік тәжірибе алғаннан кейін, білім мен біліктіліктің белгілі бір қоры жинақталғаннан кейін зерттеуші бола алады деп есептейді. Негізінде зерттеу үшін артық білім қоры қажет емес, зерттейтін адам өзі «білуі», «анықтауы», «түсінуі», «тұжырым жасауы» тиіс. Зерттеу қызметі тума қажеттілік болып саналады, оны іште тұншықтырмай, тек алға қарай дамыту қажет, бұл жағдайда қоршаған ортаның, ата-ана мен білім беру мекемелерінің алар орны ерекше.

Зерттеу әдісі. Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру үшін ерекше педагогикалық шарттар қажет екендігі педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде (Р.С.Альтшуллер, П.Я.Гальперин, В.В.Давыдов, Л.А.Казанцева, А.В.Леонтович, И.Я. Лернер, А.М.Матюшкин) айтылған.

Бастауыш сыныпта ғылыми-зерттеу қызметі әлі де қалыптасу кезеңінде болып, оның төмендегідей ерекшеліктерін көрсетуге болады:

- Ғылыми-зерттеу жұмысына баулу бастауыш сынып оқушыларына тән танымдық қызығушылыққа негізделеді;

- бастауыш сынып оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру барысында тек қана оқушылардың зерттеу жұмыстарына ғана емес оқушылардың тиісті зерттеу дағдыларын меңгеруіне де көңіл бөлінеді;

- Ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында қалыптасатын зерттеу дағдылары жалпы оқу дағдыларның құрамдас бөлігі болып, оқушылардың оқу белсенділіктерінің артуына өз септігін тигізеді;

- Ғылыми-зерттеу жұмыстарының тағы да бір ерекшелігі оның қатысушыларының саны көп болуы. Яғни, зерттеуге оқушы мен ғылыми жетекшіден басқа ата-аналарда қатысады. Себебі, олардың көмегінсіз жұмыс қиындай түседі.

Зерттеу нәтижесі. Сонымен бұл жоғарыда айтылған зерттеу дағдыларын қарастырып көрейік:

Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын талдай келе (В. И. Андреев, С.П. Арсенова, Г.А. Дзида, А.Г. Иодко, В.В. Успенский т.б.), оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары жайлы анықтамаларға сүйеніп, бастауыш сынып оқушыларының төмендегідей зерттеушілік дағдыларын бөліп көрсетуге болады:

- өз жұмысын ұйымдастыра алу дағдысы (ұйымдастырушылық)
- зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруға қажетті білім мен дағдылары (ізденушілік)
- ақпаратпен, текстпен жұмыс істей алу дағдысы (ақпараттық)
- өз жұмысын безендіру және ұсыну дағдысы
- өз жұмысын талдай алу, бағалау дағдысы (бағалаушылық)

Дегенмен оқушы бұл дағдыларды дем дегенде меңгере алмайды. Балаға әр уақытта да үлкендердің көмегі керек ол ата-ана, мұғалім немесе басқа балалар болуы мүмкін.

Біз бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларының екі түрін белгіледік. Біріншісі – әрекет процесінде баланың өзі белсенділік танытады. Ол толыққанды, тең құқылы, өз әрекеін өз еркімен құратын (оның мақсаттарын қояды, оған қол жеткізудің жолдары мен тәсілдерін іздейді т.б.) субъект ретінде танылады, яғни бұл бағыт оқушының өз қызығушылытары, қалауы мен еркін жүзеге асыратын ерікті тұлғасын қарастырады.

Зерттеу дағдысының екінші түрін ересектер ұйымдастырады. Ол жағдайдың басты элементтерін белгілеп көрсетіп, оқушыны белгілі бір әрекеттер алгоритміне үйретеді. Оқушы ересектер алдын ала жоспарлаған нәтижеге қол жеткізеді. Әрекеттің өзі қиналмай іздеу және драмасыз, алдын ала белгіленген параметрлерге сәйкес қалыптасады.

Зерттеу дағдысының екі түрі де оқушының интеллектуалды дамуында маңызды функцияларды атқарады. Алайда екінші жағдайда оқушының жаңа шешімдерді іздеу қабілеті өз бетімен дамымайды, ал онсыз оқушының шығармашылық дамуы мүмкін емес.

Мәселе мынада, оқушы меңгеру процесінде әлемді тану қабілеті арқылы жаңа білім, жаңа дағдыларды игереді. Оны өзінің жеке тәжірибесінің өз бойынан өткізеді. Оқыту мен шығармашылық қабілеттерін тиімді дамытудың табысты болуы оқушыларға өз мүмкіндіктерін жоғары көрсете білуі үшін қаншалықты қолайлы шарттар жасалуына байланысты. Зерттеушілік дағды кезінде кіші мектеп оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруда жағымды шарттарды құру маңыздылығы зор.

Бұл зерттеу дағдыларының дамуы үшін әрине белгілі бір шарттар қалыптасуы керек. Ғалымдардың ғылыми еңбектерін талдай келе біз бастауыш сыныпта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады деп сеніммен айта аламыз, бірақ бұл жұмыс оқушының мүмкіншілігін ескерген түрде орындалуы керек. Бізде баланың өз бетінше зерттеуі, ізденуі мүмкін емес деген пікір қалыптасқан. Дегенмен, біз жоғарыда айтқанымыздай зерттеу бұл баланың табиғи күйі ғана емес, сонымен қатар оның жеке дамуының құралы. Бастауыш сыныпта ғылыми-зерттеулердің мақсаты бұл үлкен ғылыми зерттеулердегідей бір жаңалық ашу емес, жұмысты орындау нәтижесінде зерттеу дағдыларын меңгеру екендігін тағы еске саламыз. Бастауыш мектептегі кез-келген тапсырма не сабақ болсын бұл Я.А.Коменский қалыптастырған талаптарға сай, яғни, қол жетімді, жеңіл сонымен қатар бала табиғатына сай болуы шарт. Оқушыларға берілетін тапсырмалар оқушы түсінетіндей, ал қолданылатын әдістер бастауыш сынып оқушыларының ең белсенді іс-әрекеті болып табылатын ойын элементтерін қамтуы тиіс.

Дегенмен, қазіргі білім беру тәжірибесінде кіші жастағы оқушылардың ғылыми- зерттеу жұмыстарын жүргізуде, өз бетінше ізденуіне көп қарама-қайшылықтар кездеседі:

Баланың қызығушылығына немесе зерттеушілік қабілеттеріне немқұрайлы қарау («Көп сұрақ қойма», «Қызыққұмар болма т.с.с»);

белгілі бір кезеңдерде зерттеу бастамасы және қызығушылығының көріністеріне теріс көзқарас қалыптастыру («отпен ойнама», «сен әлі кішкентайсың», «бұл қыздар/ұлдар үшін емес т.с.с.);

Зерттеу бойынша, жеке ситуациялық және уақытша тыйым салу (ыстық /суық ұстама, биік секірме);

Осыдан шыға отырып, кіші мектептегі жас ерекшелігі зерттеушілік дағдыларды дамытуға келетін жас деп білеміз. Егер оқушылар білімді өздері көріп, естіп немесе қолмен ұстап байқаса, олар жаңа білімдерді жақсырақ меңгереді. Сонымен қатар осы уақытта оқушы ойында еріксіз зейіннің де неғұрлым дамығанын есепке алу керек, сондықтан оларға ұсынылатын зерттеулер неғұрлым жарқын және есте қаларлық болуы тиіс. Осы орайда, мұғалімнің міндеті сабақта зерттеу элементтерін пайдалана отырып кіші мектеп оқушысының бойына табиғатпен қаланған зерттеушілік дағдысын дұрыс арнаға қарай бұру.

Сонымен, оқушылардың зерттеу дағдыларының қалыптасуы үшін қажетті шарттардың бірі бұл зерттеу жұмысы бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескеру керек. Яғни бұл: қабылдау, ойлау, есте сақтау, сөздік қоры зейін сияқты ерекшеліктерні ескерген түрде жұмыс ұйымдастырылуы керек.

Сонымен бірге оқушының жеке индивидуалды ерекшеліктерін де естен шығармаған жөн. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулуда оқушылардың қызығушылығын, мотивациясын ояту маңызды кезеңдердің бірі. Мотив бұл кез-келген жұмыстың бастауы. А.Н.Поддьяков келесі мотивациялық негіздерді бөліп көрсетеді: жаңа тәжірибе мен білімге қажеттілігі; нақты айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуімен байланысты практикалық себептері; пән бағытына байланысты білім беру себептері, танымдық немесе нақты практикалық мәселелерді шешуге және тәжірибе жинақтауға; бірсарынды іш пыстыратын оқу процесіне өзгешелік ендіру мотивы. Ол баланы барлық нәрсеге үйретуге болады, дегенмен ең бастысы қызығушылық керек дейді. Сонымен педагогикалық шарттың бірі бұл оқушылардағы мотивация болуы керек.

Сонымен қатар, оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырушы педагог тұлғасы да маңызды. Ол шығармашылық орта құра білуі, оқушыларға психологиялық жайлы орта қалыптастыра білуі және баламен бірге серіктес, бірге орындаушы қызметін атқаруы тиіс. Зерттеушілік оқыту бойынша маман Д. Треффингер мұғалімнің білуі тиіс негізгі ережелерді бөліп көрсетеді: оқушыға бұйрық бермеңіз, оған көмек беріңіз, оқушы өзі істей алатын жұмысты өзіңіз орындамаңыз, бақылаулы жүргізіп балалардың күшті және әлсіз жақтарын анықтаңыз, өз беттерінше белгілі бір проблемаларды шешуге мүмкіндік беріңіз, шығармашылық түрде жұмыс жасаңыз дейді.

Біздің ойымызша бұл ережелерді ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырушы әр бір мұғалімнің білуі шарт. Треффингер бекіткен бұл ережелер негізінде оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулудағы тағы бір шарт ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырушы педагог деп алуға мүмкіндік береді.

Сонымен, оқушылардағы зерттеушілік дағдылардың қалыптасуы үшін қажет педагогикалық шарттар:

1. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру. Қолданылатын тиісті әдістерді пайдалану, зерттеу барысында пайдаланылатын ұғымдардың баланың жасына сай келуі, қолданылатын әдіс-тәсілдердің қолжетімді болуы, тақырыптың баланың жас және жеке ерекшеліктеріне сай болуы. Әңгіме кіші мектеп жасындағы оқушылар туралы болғандықтан, олардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру туралы мәселенің рөлі зор. Зерттеушілік қабілетке үйрету балалар қабылдайтын деңгейде іске асырылуы, зерттеудің өзі қолдан келерлік, қызықты және пайдалы болуы тиіс.

2. Оқушылардың мотивациясы. Оқушылардың мотивациясын ояту бұл жұмыс барысында проблемалық жағдай тудыру, жаңа білімге деген қажеттілікті арттыру, оқушылардың қызығушылық деңгейін көтеру және адамның зерттеушілік әрекеттері туралы оның маңызы туралы ақпарат еру арқылы жүзеге асады. Оқушыларға өз жұмысының маңызын түсінуге, бағалауға үйрету керек.

3. Педагог тұлғасы. Шығармашылық және оған жататын зерттеушілік қабілеттерді жүзеге асыру үшін шығармашылық тұрғыдан жұмыс істейтін, шығармашылық, іскерлік жағдай құруға ұмтылатын және белгілі білім мен зерттеу қызметі бойынша сабақ жүргізу дайындығына ие мұғалім қажет.

Қорытынды. Мұғалім шығармашылық, жұмыс атмосферасының құрылуына ықпал етуі, зерттеу жұмысына деген қызығушылықты қолдауы тиіс. Мұны сабақта ғана емес, сабақтан тыс қызметте де ескеру және пайдалану қажет. Мұғалімнің міндеттерінің бірі–оқушылардың шығармашылық танымдарын ынталандыру, оларды шығармашылық ізденіске ұмтылдыру. Олардың қате жіберіп қоюдан, кері бағадан тартынудан қорықпауы маңызды. Мұғалімнің міндеті – оқушылардың ынта-ықыласын, ұмтылысын, шығармашылық идеяларын түмшаламай, оларды қолдау және бағыттау. «Сен дұрыс жасамадың», «Сен олай етпедің» деген пікірлер жұмыс істеу, одан әрі жалғастыру ынтасын тежейді. Әрбір оқушыға өз күшін сезіну, өзіне сену мүмкіндігін ұсыну қажет.

Сипатталған ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар оқу үдерісінде іске асырыла келе бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік бейімділіктерін дамыту мәселесін шешуге және білім алудың жаңа тәсілдерін меңгеруге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. 12 жылдық білім методологиясы. Оқу құралы. – Алматы, 2004.-20бет
2. Виноградова Л.П. Приобщение младших школьников к учебно- исследовательской деятельности в процессе развивающего обучения: Автореф. дис... канд.пед.наук.- Комсомольск-на -Амуре, 2004. -21 с.
3. Поддьяков А. Н. Развитие исследовательской инициативности в детском возрасте: Дис д-ра. Психол. Н.: М. - 2001.- 350 с.
4. Савенков А.И. Учебное исследование в начальной школе. //Начальная школа.-№12.-2000. -С.101-108

УДК 398; 801.8
МРНТИ 14.02.43

А.Е.ОРТАЕВА¹

¹ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

М.Б.ЖАЗДЫҚБАЕВА²

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН ЕРЕСЕК ТОПТАРҒА ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үдерістердің инновациялығы – мектеп жасына дейінгі балалардың тиімді дамуына себін тигізетін жаңа технологияларды мақсатты ендіруі, жеке тұлға ретіндегі дамуы мен өзін-өзі жетілдіру бағытында халық ауыз әдебиетін пайдалана отырып, баланың ой ұшқырлығын дамыту, тілінің анық шығуына, өзін-өзі жетілдіруіне, баланың белсенділігін жан-жақты ұйымдастыруға және өзіндік белсенділікке жетелеуге көмек көрсетуге үлес қосу. Халық ауыз әдебиетін оқытудың жаңа инновациялық құралдар арқылы пайдалану. Инновациялық құралдар арқылы оқытудың жаңа бағыт-бағдарын ұсыну. Танымдық–жобалық іс-әрекетінің технологиясы - бұл білім беру мазмұнының кез келген бағыты бойынша іздеу, зерттеу, практикалық тапсырмаларын шешу үшін белгілі бір жоспарлар, белгілі бір мақсаттары бар мақсаттылық іс-әрекеті. Жобалық іс-әрекет негізінде ересектер мен балалардың белгілі бір практикалық проблеманы бірлесе жұмыс істеу үдерісінде қол жеткізілетін іс-әрекеттің нәтижеге бағыттылығы туралы идея айтылды.

Түйін сөздер: Отбасы, оқыту, технология, инновация, әдіс, ата-ана, мақсаты, бірлестік

М.Б.ЖАЗДЫҚБАЕВА¹

¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясауи

(г. Туркестан, Казахстан)

А.Е.ОРТАЕВА²

²Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)

СПОСОБЫ УЧИТЬ СТАРШИХ ГРУПП, УСТНОГО НАРОДНОГО ТВОРЧЕСТВА

Аннотация

В данной статье рассматриваются— использование эффективных методов развития речи детей, развитие мышления, определения роли устного народного творчества в развитии ребенка. Все это становится возможным благодаря его активной позиции и творческой составляющей. Внедрение технологии обучения с использованием новых с детьми интерес к данной программе. Инновационные технологии в дошкольном образовании используются, в первую очередь, для решения актуальных проблем, для повышения качества предоставляемых услуг, для реализации возрастающих запросов родителей. Кроме этого, важное значение имеет и конкуренция, когда детские сады соревнуются друг с другом на звание самого современного ДООУ. Награда известна — большое количество желающих попасть именно в этот детский сад. Инновации могут проявляться не только в форме новых программ, но и в ряде других сфер, которые совместно обеспечивают гармоничную работу дошкольного учреждения. Это и управленческая деятельность, и работа с кадрами, и работа с родителями. Игровые технологии — вот фундамент всего дошкольного образования.

Ключевые слова: Семья, изучение, технология, инновация, метод, родитель, задача, сотрудничество, роль, развитие, беседа.

M.B.ZHAZDYKBAYEVA¹

¹International Kazakhstan-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkistan city, Kazakhstan)

A.E.ORTAEVA²

²International Kazakhstan-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkistan city, Kazakhstan)

METHODS VERBAL FOLK WORK, TO TEACH SENIOR GROUPS

Abstract

This article - one, use of effective methods development of speech of children, searches for the new ways of the development and formation of children. All this becomes possible due to his(its) active position and creative forming. Introduction new technology can be conditioned beside reasons. Innovation technologies in preschool formation are used, in the first place, for

decision of the actual problems, for increasing quality provided services, for realization increasing request of the parents. Except this, important importance has and competition, when kindergartens compete with each other on rank the most modern one. The Award known - a big amount of the interested persons to get in this kindergarten exactly. Innovation can reveal itself not only in the form of the new programs, but also in row of the other spheres, which together provide harmonious functioning(working) the preschool institution. This and management activity, and work with personnel(frames), and work with parent.

Keywords: Family, study, technology, innovation, method, parent, mission, partnership, role, development, conversation, observations, education, people.

Қысқашы. «Менің қорқатын үш дүнием бар. Ол-өз сәбиіме бесік жырын айтпайтын анадан, өз немерелеріме ертегі айта алмаған ата-әжеден, екі қазақтың бір-бірімен орысша сөйлесіп тұрғанынан қорқамын», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, біздің осы үш тың дүниелерді болдырмау жолын қарастыру басты мақсатымыз. Сол себепті де ұлттық құндылықтарды насихаттап, ауыз әдебиетімізді балалар бойына сіңдіру, ауыз әдебиетінің маржандарымен сусындату ең өзекті талқылауға тұрарлық мәселе деп қарауымыз керек. Халқымыз қашанда өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудің мәнін, оның қиындығы мен қуанышын, одан шығатын нәтижені біліп отырған. Осы тұрғыдан қарағанда, ауыз әдебиетіміздің тамаша үлгілері — бесік жырымыз, төрт түлік жырлары, өтірік өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, ертегілер, аңыз-әңгімелеріміздің әрқайсысының баланың ой-өрісін,

қиялын, дүниетанымын, тілін дамытуда тәлім-тәрбиесінде терең мән жатыр.

Қазіргі таңда баланың ата –анасымен, тәрбиешімен арада мейірімді эмоционалдық қарым-қатынас болмауының болашақтағы өміріне кері ықпалы ұшан теңіз екені баршамызға мәлім. Ана мен бала, бала мен тәрбиеші арасындағы берік те баянды байланыс дәл осы мектепке дейінгі жаста орнығады. Ал ондай байланыс орнықпаса, онда балдырғанның қарым-қатынас жасауға деген ұмтылысы мен қабілетін, қоршаған ортаға деген ықыласын дамыту өте қиынға түседі. Біздің қазіргі толассыз тіршілігімізге бейімділігімізге қарасақ, барлық балалар, үлкендер айтқандай, «іштен оқып туатын» сияқты. Басқаша айтқанда, шындығында, олар жөргегінде жатып-ақ білім ала бастайды. Ерте білім беру сәнге айналды және ол тым кең ауқымда тарай бастады. Балаға әрине білу керек, бірақ дәл оқулықтағыдай емес.

Баланың ата-анасымен, тәрбиешімен қоян-қолтық қарым-қатынас кезінде ғана білуге деген құштарлығы оянады. Тәрбиеші түсіндіреді, көрсетеді, қолдайды, қолпаштайды, жігерлендіреді, әрекет етуге талпындырады, ынталандырады. Тәрбиешінің ең басты міндеті –баланы білуге күштеп мәжбүрлеу емес, оның күнделікті балабақшадағы өмірін қызықты да, әсерлі ете отырып, білуге деген құштарлығын оятып, ауыз әдебиетіміздің түрлерімен жеке дара таныстыру. Тегінде, сәби шаққа қайта орала білетін, және дүниеге баланың көзімен қарай алатын тәрбиеші ғана балаға жақсы ұстаз бола алады. Ол баланың әр нәрсеге қызығушылығын түсініп қана қоймайды, сонымен бірге соған қатысты бірде-бір оқулықтан таба алмайтын пайдалы ақпараттарды жеткізеді. Анау не? Мынау не? Бұл ертегі неге бұлай аяқталады? Жұмбақтың жауабы қандай? Деген секіліді шым-шытырық сұрақтардың бәріне ерінбей жауап бере алады. Жауап беру өз алдына, ең бастысы –барлық айтылған ертегілерді, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды іспен бекіте отыру керек, яғни балдырғанға өз көзімен көріп, өз қолымен ұстап, өз құлағымен естіп байқауына мүмкіндік жасау аса тиімді. Сондықтан да тәрбиешімен бірге жасалған әрбір іс-әрекет –бала үшін ең тамаша «оқулық».

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н. Назарбаевтың жинағында былай деп жазылған: «Бес арысымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім. Қазақстанда тұратын әрбір адам осы елдің перзенті ретінде сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сезінбейінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды.... ». Осы қағиданы оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда басты мақсат етіп алдыға қойса, сонда президентіміз алдыға қойған бәсекелестікке сай елдің қатарына кіруге еңбек ететін ХХІ ғасырдың азаматын тәрбиелей аламыз. Жан-жақты жарасымды дамыған, көркіне ақылы сай , адамгершілігі мол жігіттің сұлтаны, асыл ару тәрбиелеу –халық арманы. Осы орайда қазақ балабақшаларының басты мақсаты: нағыз ел қамын, жер қамын ойлайтын ер азамат тәрбиелеу. Бала тәрбиелегенде әрбір тәрбиеші ең алдымен өз тәжірибесін, екінші ұлт тәрбиесін қолдану керектігін Мағжан Жұмабаев айтып кеткен... Қазақта «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген қанатты сөз бар.

Ұлттық мәдениет халықтың ежелден келе жатқан өзіне тән өнері, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі есебінде жетілетіні белгілі. Қазақ халқы –сөз қадірін біліп, қасиетті сөздерді қастарлеп, аузынан тастамай, өнеге ретінде өлең жолдарымен өрнектеп, терең мағыналы сөздермен зерлеп келе жатқан халық. Мақал-мәтелдерді үздіксіз пайдаланып, үлгі етіп, ұрпақ тәрбиесіне пайдалану дәстүрге айналған. Жас ұрпақты жағымды мінез-құлыққа үйретуде мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні зор. «Ең асыл тәрбие –сөзбен тәрбиелеу» деп ақын Мұхтар Шаханов айтқан. Сөз құдіреті біздің ел үшін бағасыз қазына. Мақал-мәтелдерді оқыту, насихат ету –егеменді елдің ертеңі үшін керекті шарт. Халықтың ойлаған арманына алға қойған мақсатына жету үшін білім, еңбек, қатаң тәртіп керек екенін мақал-мәтелдерден байқаймыз. Өнерпаздық дәстүрін қыз балаларға іс, өнер үйрету, ер балаларды еңбекке баулу әрекетімен жалғастырып тәрбиелеп отырған. Жастарға үлгілі-өнегелі іс-әрекеттерді үйретіп, ойлау жүйесін дамытып, ақыл-ой тәрбиесін іске асырады. Мақал-мәтелдерде тілдің адам өміріндегі маңызы туралы көп айтылған. Шешендік өнерге құрмет ертеден басталған. Ой шындығының сөз арқылы бейнелеуі, сөз арқылы көрініс табуы мақал-мәтелдегі мол дүние.

Зерттеу әдістері. Жалпы мектепке дейінгі мекемелерде балалардың ой-өрісін, санасына туған тіліне халқына деген сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімін ұялатып, қиялдарын қанаттандыру, ұлттық рухты бойларына сіңіру ана тілі мен Отанына, тарихы мен мәдениетіне деген сезімдерін қалыптастыруда қазақ халқының ауыз әдебиетінің орны ерекше. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан халқымыздың ауыз әдебиеті –мектепке дейінгі жастағы балалардың ой өрістерін дамытуға, қиялын шарықтатуға, тіл байлығын молайтуға тигізетін пайдасы ұшан теңіз. Халық ауыз әдебиеті – халық шежіресі. М. Горький «Халық ауыз әдебиетін білмейінше, еңбекші халықтың нағыз тарихын

білу мүмкін емес» деген. Ауыз әдебиеті де жазба әдебиеті де көркем туынды. Сәбилердің ой-өрісін дамытуға, қиялын шарықтатып, тіл байлығын молайтуға ауыз әдебиеті үлгілері –ертегілер, жұмбақ, жаңылтпаштардың, халық ойындарының тигізетін пайдасы ұшан-теңіз. Әрине, ауыз әдебиеті үлгілерімен балаларды таныстыру үшін алдымен оқытылатын материалдың көлемін, мазмұнын анықтап алу керек. Ертегінің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшелігі бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады. Оқиғаның желісінің басталуы, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Әсіресе адам өміріне байланысты іс-әрекет өткір сықақ-мысқылмен беріліп, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді. Бала жағымсыз кейпкердің жексұрын әрекетінен бой тартып алып жақсылыққа құмартады. Ертегінің әр жақты сырын қызықты, тартымды, бала снысына лайықтай жеткізу айтушының шынайы шеберлігіне тікелей байланысты.

Халық ауыз әдебиетінің мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудегі бағыттары:

- Денсаулық
- Еңбек пен мамандық
- Өнер
- Имандылық пен адамгершілік
- Парияттық
- Эстетикалық
- Табиғатқа деген сүйіспеншілік

Сөз – тәрбиешінің еңбек құралы. Баланың ой – өрісін кеңейту, ақыл – ойын дамыту, мінез – құлқын, еркін тәрбиелеудің бірі – тәрбиешінің сөзі арқылы іске асады. Өзімізді қоршаған өмір тіршілігімен бөбектерді таныстырып, білім беруде баланың нені қай дәрежеде ұққанын, нені есіне сақтағанын байқау, жалпы құралмен: ойыншықпен түрлі затпен, оқу құралымен, суретпен көрсетіп балаға үйретуде тәрбиешінің әбден төселген, сөйлеу дағдысы, сөйлеу мәнерінің қалыптасқан үлгісі болады. Сөйлеу мәнерінің қалыптасқан үлгісі - тілдік тәсілдер мен сөз шеберлігін дәл орнымен қолдану деген сөз.

Мектеп жасына дейінгі бала тілді үлкендерден үйренеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қоры, сөйлеу мәнері, сөз сарыны соларға еліктеу арқылы қалыптасады. Сондықтан тәрбиешінің сөздік қоры бай, тілі орамды, стилі жатық, дыбыстау мәдениеті өрісті де өрелі болғаны абзал. Қызықты әңгіме, ертегі, өлең, тақпақтарды мақамдап айту- халық шығармашылығын ұрпақтан – ұрпаққа жеткізудің дәстүрлі тәсілі болып келді.

Тәрбиенің біртұтас өзіндік жүйесінің қалыптасуына ықпал етуші басты себеп қазақ халқының балажандылығы, балаға деген ерекше махаббаты, ілтипаты болса керек. Халықтың осындай ерен қасиетіне кезінде тамсанып, таңданбаған этнограф, фольклорист, зерттеушілер кемде-кем екені белгілі. Егер Шиле: «Қазақтың өз әйеліне немесе балаларына қол жұмсағанын біреу-міреу көрді ме екен. Олар әсіресе балаларға мейірімді» - десе, А.Диваев «Қазақтардың арасындағы тіпті аз уақыт болғандардың өзі олардың балажан екенін байқатады» - деп көрсетеді. Зерттеуші ғалымдардың сөздерінде үлкен шындық жатыр. Ежелден «Бала - адамның бауыр еті, көз нұры», «Алты жасар бала атқа мінсе, Алпыстағы шал алдынан шығып атын ұстар» деп қазақтар өз өмірлерінде баланың алатын орны ерекше екенін атап көрсеткен. Бір баласы бардың бір ру елде малы бар.

Зерттеу нәтижелері. Балабақшадағы балаға берілетін бүгінгі тәрбиенің ең өзек алатын жері – ол ата-бабадан қалған асыл мұра. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеп, тілдерін дамыту мақсатында халық ауыз әдебиетінің асыл-мұралары – жұмбақтар, ғажайып ертегілер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, тәрбие әліппесі, аңыз әңгімелер, жырларды қолданудың маңызы зор тиімді тәсіл екені белгілі. Халық ауыз әдебиетінің бір саласы- ойын өлеңдері.Тілі шығып, сөйлей бастағаннан,кәмелетке толып, есейген шағына дейін баланың жасына лайықты сан- түрлі ойын ойналған және олардың басым көпшілігі өлең-тақпақтармен бірге жасап,толықтырылып отырған. Алқашқыда балалар үлкендердің көмегімен,кейін біртіндеп тәртібін өзгерте келе,сөздерін өздері шығарып, айта бастаған.Бұл ретте баланың білегін,алақанын,саусақтарын ұстап,түрлі қимылдар жасап,арасында қытықтап отырудың мәні зор. Оларға «саусақ санау», «Бес саусақ», «Қуырмаш» т.б жатады.

Жаңылтпаш-қазақ халқының ауыз әдебиетінің түріне жатады. Оның атқарар қызметі аз емес. Олар көбіне баланың ұғымын, түсінігін, дүниетанымын кеңейте түседі. Жаңылтпаштар баланың тілін ұштай түсіп, оның кекештенбей, тұтықпай, еркін, жатық, асықпай, қысылмай көмектеседі. Қазіргі кезде толғандыратын мәселелердің ең негізгісі -еліміздің болашағы. Еліміздің өркен жайып кеңге

сермеуі үшін басты мәселе жас ұрпақтың білімді де тәрбиелі болып жетілуі екені белгілі. Балабақша -келешек ел басқарар, жер суына иелік етер, ел-халқын гүлдентер, мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампаз жандарды шыңдап өмірдің ең басты сатысын қалайтын киелі ұя. «Ауылына қарап, азаматын таны» дейді халық даналығы. Жас ұрпақтың иман жүзді білімдар азамат болып өсуі, ең алдымен ата-анасы, одан соң білім алар алтын ұясы және қоршаған ортасына байланысты. Балабақша-бұл бала тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан балабақша-баланы тұлға етіп қалыптастырудың алғашықы баспалдағы. Елбасымыздың жолдауында: «Ұлттық бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» деген. Баланы, жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайынтайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ. Қазіргі балабақша жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл тәрбиеші болуын қажет етеді.

«Еліміздің ертеңі - бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры-ұстаздың қолында» деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай қазіргі мектеп тәрбиешілердің алдында тұрған басты міндет-егеменді еліміздің тірегі-білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Ұлы педагог К.Д.Ушинский «...қызығушылық туғызбайтын оқыту бірте-бірте оқушының білімге деген құштарлығын жояды, ал тек қызығушылыққа негізделген оқу оқушының еркін күш-жігерін тәрбиелемесе мәнін жоғалтады» деген екен. Осы қағидаға сүйене отырып, оқыту үрдісінде жаңа технология элементтерін қолдануды ұсынамыз.

XXI ғасыр – қатаң бәсеке ғасыры. Еліміздің білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бүгінгі күні қазақ халқының ұлттық мәдениетінің қайта өркендеу жағдайында жеткіншек ұрпақты ұлттық дәстүрлерде тәрбиелеудің заңды объективті қажеттігі туды. Қай заманда болсын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатындығы белгілі. Егеменді Қазақстан Республикасының болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын, оның ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу — қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары мынадай:

1. Олар оқытудағы тақырып шеңберіндегі немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.
2. Білімге бір-бірінен үлкен арақашықтықта орналасқан әр түрлі мектепке дейінгі мекемелерде отырып қол жеткізуге болады.
3. Оқытудың жүйесінің көп деңгейлі жетілдіруі олардың таралымдалуы мен оқу сапасын арттырады.
4. Бала өз бетінше немесе өзге балалармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.
5. Баланың танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері артады.

Талқылау. Осылайша оқыту құралдарының бірі – электрондық оқулық. Ол балаларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тесттік бақылауға арналған программалық құрал. Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында бала екі жақты білім алады: біріншісі –жаңа технологиямен жіті танысса, екіншісі – бейнежазба, электронды кітаптардағы суреттер, аудиожазбалар арқылы есте сақтаулары екі есе жақсы жүреді. Электронды оқулық арқылы бала көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Осылайша жас ұрпақты оқытуда инновацияны пайдаланудың –шығармашылық жетістігіне қол жеткіземіз. Енді балабақшадағы жаңа технологияларды пайдаланудың тиімді жақтарына тоқталып өтсек. Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселелердің бірі –жан-жақты дамыған, өнегелі, рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін біз не істеуіміз керек? Бізден берілетін тәрбиенің нәтижесі отбасымен балабақша тығыз байланыста болса ғана, мағыналы болып жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Осының негізінде біз тек баланы ғана емес, ата-ананы да жұмыстандырып, бірге тәрбиелеуіміз керек. Қазіргі білім беру үрдісі өзгерді, саналы білім беруде жаңа көзқарастар пайда болды, және біздің алдымызға жаңа міндеттер жүктеп отыр. Осы

міндеттердің бірі – білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп отыру және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгеру. Ал технологиялық білім дегеніміз –білім, біліктілік, интеллектуалдық кәсіптік әдіс-тәсілдерді қолдану. Жаңа технология бойынша білімді үнемі бүгінгі жас ұрпақ тәрбиеленушілерге меңгертіп отырсақ, балалардың жаңаша көзқарас үрдісі дамиды. Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан басталады. Бала құзіреттілігінің белсенді дамуы да балабақшадан бастау алады. Бұл бастаманың негізгі міндеті балаларды заман талабына сай, әлемді шынайы қабылдауға дайындау. Болашақта балалар өз жолында кездескен қиыншылықтарды жеңуге, шешім қабылдауы тиіс. Ендеше баланың ойлау қабілетін жан-жақты дамыту мен шығармашылық ізденіс дағдыларын үйренейік, үйретейік. Өйткені оқыту технологиясы педагогикалық үрдістің сапасын жетілдіруді талап етеді.

Қиял дүниесінен туған ғажайып оқиғалы ертегілер, батырлық жырлар, өмір тәжірибесінің қысқаша қорытындысы – мақал-мәтелдер, ойға түрткі салатын сыр сандықты жұмбақтар, қиыннан қиыстырылған тақпақ – жаңылтпаштар - бәрі де балабақшада кеңінен пайдаланатын дүниелер. Бұлар балаларды елін сүюге, батылдыққа, адамгершілікке үйретеді. Балабақша бағдарламасында ауыз әдебиет үлгілері үйретуге баса назар аударылған. Онда оқылған ертегі, әңгіме мазмұнын жүйелі байланыстырып, әңгімелеп беруге үйрету, ертегі мазмұнында кездесетін кейіпкерлердің іс - әрекетіне сай образды сөздер мен диалогтарды, кейбір өлең шумақтарды бұлжытпай жатқа айта білуге, екі адамның диалогында кездесетін сұрақ, қорқыныш, талап тілектерді білдіретін сөздерге дауыс екпінін дұрыс қойып, мәнерлі айта білуге тәрбиелеу болып табылады. Жұмбақтар баланы байқағыштыққа, тапқырлыққа баулып, ой - қиялын ұштастыруға көп әсер етеді. Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс та, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімдейтін жанр – жаңылтпаш. Балалар жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді. Бала тілін дамытуда, ой-өрісін кеңейтуде халық ауыз әдебиетін балабақшада пайдаланудың маңызы зор.

Қазақтың мақал-мәтелдері болсын, жұмбақ-жаңылтпаштары болсын – бәрі де балаларды Отанын сүюге, ерлікке, елін қорғауға үндейтіні белгілі. Балалар бақшасының тәрбиеленушілерін ауыз әдебиетінің үлгілерімен таныстырып, олардың өмірін байыта түсу тәрбиешілердің міндеті болып саналады. Қазақ фольклорындағы ертеден келе жатқан көне жанрлардың бірі - ертегілер. Оның осы дәуірге дейін жетуі ертекшілермен тығыз байланысты. Халық арасында үлкен беделге ие болған ертекшілер ертегіні шебер орындаған, жаңадан ертегілік сюжетті тудырып, толықтырып отырған. Ертегіден халқымыздың ертеңге деген сенімі мен арман-тілегін, қиялын, даналығын, ғасырлық өмір тәжірибесін көреміз. Ертегінің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшелігі бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, оқиға желісінің басталуы, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Кейіпкерлер арасындағы қайшылықтар өрістей келе, әділдік үстемдік құрып, зұлымдық жеңіліс табумен аяқталып отырады. Әсіресе, адам өміріне байланысты іс-әрекеттер өткір сықақ-мысқылмен беріліп, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді. Балалар жағымсыз кейіпкердің жаман әрекеттерінен жиренеді. Қазақ ертегілері мазмұнына байланысты 4-ке бөлінеді. Қиял- ғажайып ертегілер. Олар қиялға, фантазияға құрылады. Өмірде болмайтын нәрселер туралы айтылады. (Алтын сақа, Ер Төстік). Қиял- ғажайып ертегілер екіге бөлінеді : қазақ ертегілері, сырттан келген ертегілер. Хайуанаттар туралы ертегілер. Олардың кейіпкерлері үй жануарлары, құстар мен аңдар болып келеді. Халық жануарлардың мінездері, қылықтары арқылы адам бойындағы жақсы мен жаманды танып білген. «Аю түлкі және арыстан», «Күшік пен мысық». Тұрмыс- салт ертегілері . Тұрмыс- салт ертегілері қойшы, малшы, бақташылардың тұрмысы бейнеленген. Бұл ертегіде өмірде болатын оқиғалар мен болмайтын оқиғалар араласып отырады. «Арыстан мен кісі», «Аю, түлкі және қойшы». Шыншыл ертегілер. Шыншыл ертегілердің қаһармандары қиялдан туған бейнелер емес, қарапайым еңбек адамы (Алдар көсе, Дүмше молда). Ертегінің қай түрін алсақ та, ол баланың ой-қиял ұшқырлығын күшейтеді, мінез-кұлқын,

ерік-жігерін

қалыптастырады.

Мектепалды балалардың сөйлеуін, ой-өрісін дамытуда, көзқарасын, тәлім-тәрбиесін қалыптастыруда мақал-мәтелдердің алатын орны ерекше. Мақал-мәтелдер балаларға терең ой салып, көркем сөйлеуге жаттықтырып, сөздік қорын дамытады. Мектеп жасына дейінгі балаларға осы аталғандардың бастапқы екі түрі оқытылады. Ертегілер балалардың жас ерекшелігіне сай жоспарланады. Кіші топтарда (3 - 4 жас) ауызша әңгімелеп беру тәсілі қолданылады. Ересектер тобында (5 - 6 жас) оқығанды тыңдату мен әңгімелеп беру қатар жүргізіледі. Мұндағы мақсат – ертегіні әңгімелеуге үйрете отырып, оқылған ертегіні шыдамдылықпен тыңдай

білуге үйрету болып табылады. Мақал-мәтелдер – халық даналығының қазына байлығы. Мақал – мәтелдер өмір шындығының көрінісі, халықтың кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиеті, өмір сүру әрекетінің ережесі. Олар ғасырлар бойы қалыптасып, сол халықпен мәңгі бақи бірге жасап, біте қайнасып кеткен дүние. Сондықтан да оны жұртшылық жадына сақтап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынасында пайдаланады. Мақал – мәтелдердің тақырыптары әр алуан. Ол халықтың әлеуметтік, шаруашылық, рухани өмірін түгел қамтиды. Мақал – мәтелдерде халықтың тарихы, ой – арманы, мақсат – мүддесі, дүниеге деген көзқарасы айқын сезіледі. Құлақтан құлаққа сіңіп, ауыздан ауызға жеткен мақал – мәтелдер тілдің көркем бір үлгісі, халық шығармашылығының жетістігі. «Сөздің көркі – мақал» деп халық бекер айтпаса керек. Халықтық шығармалар ішінде жұмбақтар үлкен рөл атқарады. Жұмбақтар баланы байқағыштыққа, тапқырлыққа баулып, ой - қиялын ұштастыруға көп әсер етеді. Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс та, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімдейтін жанр – жаңылтпаш. Балалар жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді.

Қорытынды. Қорытындылай келе, бала тілін дамытуда, ой - өрісін кеңейтуде халық ауыз әдебиетін балабақшада пайдаланудың маңызы зор. Ауыз әдебиетімізде халқымыздың түсінік, пайымы, тәлім-тәрбиесі бар. Осыдан үлгі өнеге алып, ата-бабамыздың аманаттап кеткен асыл қазынасын жоғалтпай, мына жаһандану заманында құндылығын арттыра берейік. Халық ауыз әдебиетінің ең ескі түрі –жұмбақ. Жұмбақтар балаларға олардың дүниетану қабілетін дамыту, тапқырлыққа баулу мақсатында қолданылады. Жұмбақ баланың білімін тиянақтау үшін бақылау кезінде, бейнелеу сабақтарында қоршаған ортамен таныстыру, оқу іс- әрекеттерінде жиі қолданылады. Мысалы балалар айналадағы өмірді бақылау арқылы таниды. Сондықтан, бақылау кезеңі нәтижелі, мазмұнді өтуіне мән береміз. Қыс уақытында серуенге шығар кезде, қардың суық болатынын, алақанына салып ұстасаң, еритініне де көңіл бөлеміз. Балалар қолға ұстасам ериді, себебі қол жылы, жылылықтан қар ериді деп. Балалар бірнеше нәтижеден соң, өздері қар жайлы айтып әңгімелейді. Келесі серуенде балаларға «Қыста ғана болады, ұстасаң қолың тонады», деген жұмбақты жасырып өздеріне айтқызып, шешуін тауып айтуларын ұсынамыз.

Халық ауыз әдебиетінің бала тілін дамытуда халық арасында кеңінен дамыған қимыл ойындарында алатын орындары ерекше. Ойында тапқырлық, шапшандық, батылдық қасиетімен, ойынмен балалар тәрбиесіндегі алатын орнын жақсы білген халқымыз «Ақ серке, көк серке», «Қуыр, қуыр, қуырмаш», «Тәй-тәй», «Соқыр теке» ойындарын ойлап тапқан, ойындарда ауыз әдебиетінің үлгілері кеңінен пайдаланып, баланың тілінің дамуына сөйлемді байланыстыра сөйлеуге үйретеді. Сонымен, баланың тілінің бай, сөздік қоры мол, көркем, бейнелі сөздерден байланыстыра сөйлем құрастыра білуге, мәдениетті сөйлей және, сұрақта толық жауап беруге халық ауыз әдебиетінің берер маңызы өте мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты, 2014ж. газет мақала*
2. *Әдібай Табылдиев, Халық тағылымы, -Алматы, «Қазақ университеті» 1992ж, 3-4бет журнал мақала*
3. *Отбасында баланы мектепке дайындау, -Алматы, 2000ж 3-10бет журнал мақала*
4. *Балабақшадағы оқыту, А.П.Усова, Орысша үшінші басылымнан аударылды, - Алматы «Мектеп» 1987ж. кітап*
5. *Әдібай Табылдиев, Тәрбие өрнектері, -Алматы; «Мектеп» 1989ж. кітап*
6. *Ғ.Дукенбаева, Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу; -Алматы, «Рауан» 1992ж .кітап.*

УДК 796.332
МРНТИ: 796.853.23

Р.Б.КАДЫРБЕКОВ¹

¹*Абай атындағы ҚазҰПУ магистр оқытушы
(Алматы қаласы, Қазақстан)*

Қ.ДОСАНОВ²

*²Абай атындағы ҚазҰПУ ДМСПДТӘ каф-ң 3 курс студенті
(Алматы қаласы, Қазақстан)*

ФУТБОЛШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫН ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ПРОЦЕСІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ.

Аңдатпа

Бұл мақалада футболшылардың дене дайындығы және оның түрлері, яғни футболшылардың жалпы дене дайындығы және арнайы дене дайындығын арттыруға арналған арнайы жаттығулар құрлымы туралы баяндалады. Футболшыларды дайындау барысындағы маңызды элементтер, атап айтқанда, дене қуаты дайындығы, жылдамдық, күш, төзімділік, ептілік, икемділік сияқты дене дайындығының бөлімдері және де осы бөлімдерге арналған жаттығу жасау барысындағы футболшылардың жас ерекшелігін, жыныс ерекшелігін, дене дайындығының деңгейін, жеке физиологиялық және психологиялық ерекшелігін ескеру маңыздылығы туралы баяндалады. Дене дайындығы бөлімдерінің ерекшеліктерін ескере отырып, футболшыларға жаттығу жасату тиімділігін арттыру және жүктемелерді жеткілікті мөлшерде беру маңыздылығы приоритетті (басым) болып табылады.

Түйін сөздер: дене дайындығы, оқу-жаттығу процесі, жалпы дене дайындығы, арнайы дене дайындығы, футбол ойыны.

Кадырбеков Р.Б.¹

*¹магистр преподаватель КазНПУ им. Абая
(г.Алматы Казахстан)*

Досанов К.Б.²

*²студент 3 курс КазНПУ им.Абая
(г.Алматы Казахстан)*

ОРГАНИЗАЦИЯ ФИЗИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ ФУТБОЛИСТОВ В УЧЕБНО- ТРЕНИРОВОЧНОМ ПРОЦЕССЕ

Аннотация

В данной статье рассмотрены специальные упражнения для улучшения физических качеств футболистов и видов физических качеств, таких как общая физическая подготовка и специальная физическая подготовка включающих в себя разные направления физических качеств. На основе проведенного исследования выявлено, что в процессе подготовки футболистов нужно уделять особое внимание на важные элементы физической подготовки, такие как скорость, сила, выносливость, ловкость, гибкость и в процессе тренировок на развитие физических качеств нужно учитывать возрастные особенности, уровень физической подготовки, личные физиологические и психологические особенности футболистов. Приоритетным в подготовке является учет особенностей физических качеств для улучшения эффективности в процессе тренировки.

Ключевые слова: физические качества, учебно-тренировочный процесс, общая физическая подготовка, специальная физическая подготовка, футбольная игра.

R.Kadyrbekov¹

¹ Master Teacher Kazakh National Pedagogical University named Abai.
(Almaty, Kazakhstan)

K. Dossanov²

² 3 rd year student of Kazakh National Pedagogical University named Abai.
(Almaty, Kazakhstan)

ORGANIZATION OF PHYSICAL TRAINING OF FOOTBALLERS IN THE EDUCATIONAL-TRAINING PROCESS

Abstract

In this article, exercise for physical qualities of players and types of physical qualities such as General physical special physical preparation and training which includes different areas of physical qualities. On the basis of the study revealed that in the process of training players need to pay special attention to the important elements of physical fitness, such as speed, strength, endurance, agility, flexibility, and in the process of training on development of physical qualities you need to take into account age peculiarities, level of physical fitness, personal physiological and psychological characteristics of players. Priority in training is the incorporation of features of the physical qualities to improve efficiency in the training process.

Key words: physical qualities, training process, physical General preparation, special physical preparation, football game. Бүгінгі таңда егеменді және тәуелсіз мемлекетіміздің басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауындағы «Бұқаралық спортты дамыту және салауатты өмір салтын ынталандыру» мәселесін алдымызға басты мақсаттардың бірі етіп қоя отырып, оны іске асыру жолында әрбір азаматтың қоршаған ортаны, ауаны таза ұстап, дене тәрбиесі және спортпен шұғылдануға бағытталады. Президентіміздің «Қазақстан Республикасындағы бұқаралық спортты шұғыл түрде дамыту» туралы қаулысын жүзеге асырумен қатар, елімізді, жерімізді, экономикалық-әлеуметтік жағдайларымызды, халқымызды, мәдениетімізді бүкіл әлемге танымал ететін спорт өнерін қолға алу, оны дамыту, жетілдіру халқымыздың денсаулық деңгейін нығайту – дене тәрбиесі және спорт саласындағы қызмет етіп жүрген әрбір азаматымыздың басты міндеті болып саналады. Елбасымыздың спорттың дамуы үшін жасап жатқан осынау іс-әрекеттерінен кейін қазақ футболының даму деңгейінің төмендігін көріп күрсінесіз. Зерттеу барысында футболшылардың дене дайындығы деңгейін анықтау мен дене дайындығының деңгейін жақсартуға арналған жаттығулардың тиімділігін саралау негізге алынды.

Зерттеу процесіне «ЦСКА» футбол клубының 11 жас шамасындағы футболшыларының 1 ай бойғы оқу-жаттығу процесі бақыланып, бапкердің дене қасиеттеріне арналған жаттығу жоспарының тиімділігі анықталды. Зерттеуге қатысушылардың алғашқы аптадағы физикалық дайындығы мен зерттеудің соңғы аптасындағы физикалық дайындығы салыстырылды. Оқу-жаттығу жоспарының тиімділігі «ЦСКА» футбол клубының бапкерлері арасында талқыланып, оқу - жаттығу жоспарының футболшылардың дене дайындығы деңгейіне әсері туралы өз пікірлерін білдірді.

Осы мақала, футбол ойынының біздің көзімізге түсе бермейтін тұстарды толық ашып көрсету мақсатында орындалды. 90 минут бойы алаңда тартысты ойын көрсетіп, допқа таласып, соққылар жасап, қарсыластарына қарсы түрлі қимылдар мен әдіс-тәсілдер жасаудың бәрі дене дайындығына тірелетіні сөзсіз. Зерттеу барысында футболшылардың дене дайындығы және дене дайындығының түрлерін анықтау мен дене дайындығын жақсартуға арналған жаттығуларды көрсету басты мақсат болып көрсетіліп отыр.

Оқу - жаттығу процесін жоспарлау және жоспарлау түрлері.

Футболшының дамыту және команданы жаттықтыру үй тұрғызу өнерімен бірдей болып келеді. Алға қойылған мақсатты орындау үшін жаттықтырушылар алдын-ала жасақталған жылдық оқу-жаттығу жоспарына сүйене отырып, өзінің іс-әрекетін ұйымдастырады.

Оқу-жаттығуды жоспарлау – алға қойылған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бөлімдерінің толық жүзеге асырылуы үшін жасалатын іс – шара деген мағынаны білдіреді.

Осыған сүйене келе, команданың жаттығу жоспарын жоспарлау, жарыс кезінде футболшылардың дене дайындығы, жекелеген шеберлігі, психологиялық шеберлігі қарсылас команданың футболшыларынан басым болуы үшін және жаттықтырушының футболшылардың дағдысының деңгейін көтеруге арналған жоспары деген тұжырымға келеміз. Бұл міндет барлық

жаттықтырушыларға бірдей екенін атап өткен жөн.

Жаттығу жоспарын жоспарлаудың тиімді тұстары.

Бірінші, футболшылардың мүмкіншіліктерін толық зерттеуден кейін, футболшының әлсіз тұстарын жақсарту мәселесін шешу арналған жаттығулар жүйесін ойлап табу.

Екінші, футболшының дене қасиетіне жүктемені керекті деңгейде алуы.

Үшінші, жұмыс кезінде импровизацияға жол берілмеуі.

Оқу-жаттығу процесін мөлшерлі түрде жоспарлау.

Футболшылардың оқу - жаттығу жоспарын жасау барысында олардың жас шамасы, дене дайындығы деңгейі, жарыс күнтізбесі мен түріне байланысты жасалады. Жеке спорт түрлеріне қарағанда, футбол ойынының жаттығу жоспарын жасау қиынға соғады. Өйткені футболшылардың бірнеше жарысқа қатысу мүмкіндіктері бар. Мысалыға, 16 жас шамасындағы «Кеңдала» футбол командасы Алматы қаласының «Үміт» лигасында және Талғар ауданының футбол чемпионатында бірдей қатысады. Осы жарыстарды ескере отырып жаттықтырушы жаттығу жоспарын түбегейлі өзгертуі тиіс болады. Яғни, жаттықтырушы жаттығу жоспарына демалыстары қосу арқылы немесе жаттығулар саны мен жүктемесін азайтуға тиіс болады.

Оқу-жаттығу процесін мөлшерлі жоспарлау кезінде бірнеше жайт ескеріледі. Футбол ойыны маусымдық ойын болғандықтан, оны жоспарлау кезінде негізінен жылдық дайындық жоспары жасалынады. Жылдық дайындық жоспары 4 макроциклден тұрады. Ал макроцикл болса 6 мезоциклден, ал мезоцикл 4 микроциклден тұрады.

Микроцикл дегеніміз – 3 күннен 1 аптаға дейін созылатын жаттығулар кешенін орындалуын атаймыз. Ал, мезоцикл 1-2 аптадан 5-6 аптаға, ал макроцикл 5-6 аптадан жарты жылға шейін орындалатын жаттығулар кешенін құрайды.

«ЦСКА» футбол клубының футболшыларына 1 мезоцикл ішіндегі дене дайындығын бақылау нәтижелері

08.11.2016 – 09.12.2016 жыл аралығында Алматы қаласының «ЦСКА» футбол клубының 11 жас шамасындағы футболшылардың 1 мезоцикл уақытындағы оқу - жаттығу процесіне бақылау жүргізілді. Бақылау жүргізу барысында футболшылардың мезоциклдың алғашқы микроцикліндегі нәтижелері мен соңғы микроциклдағы нәтижелермен салыстыру жүргізіліп жаттығу жұмысының тиімділігі анықталып, «ЦСКА» футбол клубының бапкерлері арасында жаттығудың тиімділігі және оқу-жаттығу процесінің бөлімдеріндегі жүктемелер көлемі талқыға салынды.

Оқу-жаттығу процесіне 14 футболшы қатысты. Алғашқы жаттығу күні футболшылар жалпы дене дайындығының деңгейінен тест тапсырды. Оқу-жаттығу процесінің бірінші күнінде футболшылардан дене дайындығы деңгейін тексеру үшін тест алынды (қосымшадағы 1-кесте). Оқу-жаттығу процесінің соңында бапкерлер жиналысы өткізіліп, футболшылардың дене дайындығы деңгейі және алдағы дене дайындығының деңгейін көтеруге арналған 1 айлық (мезоцикл) жоспар құрастырылды. Жалпы және арнайы дене дайындығынан бөлек, ақыл ой дайындығы да жоспарға енгізілді (қосымшадағы 2-кесте).

Алғашқы аптада футболшылар 4 рет жаттығу жасап, «CARGO» футбол командасымен жолдастық кездесу өткізді. Командалар 2:2 есебімен тең түсті. «ЦСКА» командасынан Шамиев Ш. ерекше көзге түсіп жанкүйерлер ілтипатына ие болды.

Оқу жаттығу процесінің екінші аптасында футболшылар 3 рет жаттығу жасап, «Талғар кубогы» жарысына қатысты. Жарыс нәтижесі бойынша «ЦСКА» футбол командасы 1 орынға ие болды. «ЦСКА» футбол клубының шабуылшысы Голядкин М. жарыста 6 гол соғып, «үздік шабуылшы» номинациясын жеңіп алды.

Оқу-жаттығу процесінің үшінші аптасында 5 рет жаттығу жұмыстарын жасады. Жаттығу жүктемелерінің көлемі артып, жаттығу жасау барысында допты бақылауға және пас берудегі комбинациялық ойынды ұйымдастыруға басты назар аударылды. Ал ақыл-ой дайындығы кезеңін команда ішіндегі қарым-қатынасты жақсартуға, футболшылардың өзіне күшіне деген сенімділігін арттыру мақсатында жұмыс атқарылды.

Оқу-жаттығу процесінің соңғы аптасында футболшылардың дене дайындығы деңгейін анықтауға қорытынды тест алынып, нәтижелер сарапқа салынды (қосымшадағы 3-кесте). Футболшыларға командалық және жеке бағалаулар жасалып, оқу-жаттығу жоспарының тиімділігі талқыланды. Талдау барысында, 1 айлық оқу-жаттығу процесі кезінде бапкерлер Шамиев Ш., Голядкин М., Нұрлан М. сынды футболшылардың еңбекқорлығы аталып, жаттығу барысындағы

тапсырманы мүлтіксіз орындағандығы жайында айтылды. Жаттығулардың құрылымы мен нәтижелігін жаттықтырушылар жоғары бағалап алдағы жұмыстарында интенсивті түрде өтетін мезоциклдік оқу жаттығу жоспарын өз программаларына енгізіп, футболшыларды шыңдау мақсатында қолданатындығын айтып жаттықтырушылар кеңесін аяқтады.

1 – кесте. «ЦСКА» футбол клубының 08 11 2016ж. – 09 11 2016ж. аралығындағы оқу-жаттығу процессінің жоспары

Уақыт	Техникалық дайындық	Тактикалық дайындық	Жалпы дене дайындығы	Ақыл ой дайындығы
1 апта	➤ Техникалық жаттығулар кешені: ➤ Допты алып жүру; ➤ Дриблинг; ➤ Жұппен немесе 3 ойыншымен ен допты жерге түсірмей тебу; ➤ Алыс қашықтыққа пас беру (алыс қашықтыққа пас беру, допты алып жүру немесе алыс қашықтыққа пас беру, екінші пасты орындау кезектілігі)	➤ Сан жағынан басымдылыққа ие команданың допты ұстауы мақсатындағы екі жақты ойын; ➤ Қақпаға соққы жасау міндетімен 1х1 ойыны; ➤ 1-3-2-3 тактикасымен екі жақты ойын; ➤ Комбинациялық ойынды ұйымдастыру:	➤ Төзімділік; ➤ Жылдамдық ➤ Жүгіру жаттығулары (базалық); ➤ Доппен жасалатын координациялық жаттығулар (жалғыз немесе жұптасып); ➤ Иілгіштік пен созылу; ➤ Күш (бұлшық етті дамыту, дененің жоғарғы бөлігін дамыту);	➤ Әр ойыншымен жеке әңгіме жүргізу; ➤ Алдыңғы оқу-жаттығу процессін бағалау;
2 апта	➤ Жұппен немесе 3 ойыншымен допты жерге түсірмей тебу; ➤ Теннисбол; ➤ Алыс қашықтыққа пас беру	➤ Аз құрамдағы ойындар 6х6, 4х4, 3х3 - Қосымша ойыншыларды қосу (бейтарап ойыншылар);	➤ Жылдамдық жаттығулар кешені; - Реактивті жылдамдықты дамыту; ➤ Доппен жасалатын координациялық жаттығулар (жалғыз немесе	➤ Мезоцикл кезіндегі гигиена мен диетаны сақтау; ➤ Жігерлілік, агрессия, табандылықты дамыту;

	(алыс қашықтыққа пас беру, допты алып жүру немесе алыс қашықтыққа пас беру, екінші пасты орындау кезектілігі)	➤ Комбинациялық ойынды ұйымдастыру:	жұптасып); ➤ Қозғалмалылық пен иілгіштік:	
3 апта	➤ Жұппен немесе 3 ойыншымен допты жерге түсірмей тебу; ➤ Гандбол(голда баспен салу арқылы); ➤ Алыс қашықтыққа пас беру (алыс қашықтыққа пас беру, допты алып жүру немесе алыс қашықтыққа пас беру, екінші пасты орындау кезектілігі);	➤ Допты алаңның бір бөлігінен екінші бөлігіне ауыстыру мен допты өз иелігінде сақтау; ➤ Қапталдан шабуылдау әдістерне негізделген жаттығу; ➤ 5х5 құрамындағы ойындар; ➤ Комбинациялық ойынды ұйымдастыру:	Жыдамдық: - Жүгіру жаттығулары; (базалық) - Жылдамдық жаттығулар кешені(Қапталдан келген допты тоқтатып, қақпаға соққы жасау); ➤ Доппен жасалатын координациялық жаттығулар (жалғыз немесе жұптасып); ➤ Күш (дененің жоғарғы бөлігін дамыту); ➤ Қозғалмалылық пен иілгіштік:	➤ Жаттығулардан рахат алуыны ықпал ету; ➤ Футболшының өзіне деген сенімділігін арттыру; ➤ Ойынның ережелерін түсіндіру:
4 апта	Қақпа алдындағы ойын (қапталдан көтерілген допты қақпаға баспен бағыттау); Тест алу;	➤ Допты алаңның бір бөлігінен екінші бөлігіне ауыстыру мен допты өз иелігінде сақтау; ➤ Стандартты жағдайларды орындау; ➤ Екі жақты ойын;	➤ Төзімділік (бағытты жиі ауыстырып отыру мақсатымен дщопты алып жүру) ➤ Күш (аяқ күшін нығайту) ➤ Қозғалмалылық пен иілгіштік:	Мезоциклдік бағалау: А) команданы Б) жеке ойыншыны
		➤	➤	

2- кесте. «ЦСКА» футбол клубының футболшыларының жалпы дене дайындығының қорытынды тестілеу нәтижесі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Адамбеков К.И. Педагогические основы физического воспитания учащихся. Автореф. дисс. на соискание ученой степени доктора пед. наук Алматы. АГУ им.Абая, 1995, - 40 бет.
2. Арестов Ю.М., Годик М.А. Подготовка футболистов высших разрядов. - М., ГЦОЛИФК, 1980.
3. В.М. Зациорский Спортшының дене сапасы. М., ДТ және С. 1966ж.
4. Голомазов С.В. Футбол: теоретические основы совершенствования точности действия с мячом / С.В. Голомазов, В. Г. Чирва. — М. : СпортАкадемПресс, 1998. -99 бет.
5. Годик М.А. «Физическая подготовка футболистов» 2006

6. Қ.І. Адамбеков, Қ.Д. Ордабаев, С.Ғ.Нұржанов. Футбол ойынының ілімі мен тәсілдемелік негізі. Алматы, -1997. -234 бет.

№	Аты – жөні	30метрге жүгіру (сек)	Орыннан ұзындыққа секіру (см)	400 м-ге жүгіру	Теннис добын лақтыру	Уақытты есепке алмай суда жүзу(м)	Уақытты есепке алмай кросс жүгіру (м)
1.	Азизов Р.	5.2	199	83	37	50	1500
2.	Айтақынов А.	5	207	85	41	50	1500
3.	Әшірбек И.	5.5	202	87	41	50	1500
4.	Барах М.	5.6	196	89	42	50	1500
5.	Вермиллер И.	5	206	88	38	50	1500
6.	Голядкин М.	4.8	219	83	36	50	1500
7.	Дереглазов Р.	5.3	203	85	37	50	1500
8.	Краснов И.	5.7	192	85	40	50	1500
9.	Манас Д.	5.2	204	84	40	50	1500
10.	Нұрлан М.	5	210	84	38	50	1500
11.	Танабай Ә.	5.3	207	86	36	50	1500
12.	Чернов А.	5.1	200	86	40	50	1500
13.	Чернышев Е.	5.3	198	84	39	50	1500
14.	Шамиев Ш.	5	213	83	39	50	1500

УДК 378
МРНТИ 14.35.24

Ж.С.ШАЛАБАЕВА¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ОҚУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйіндеме

Бұл мақалада бастауыш сыныптан бастап дарындылықты немесе ерекше қабілеттілікті балалық шақтан универсалдық тұрғыдан қарастырғанымыз туралы айтылған. Ал, уақыт өте келе, тұлғаның есеюімен бұл

қабілет өзінің арнаулы қырларын көрсетеді, пәндік дәрежеге, мазмұнға ие болады. Дарынды балалармен оқу жұмыстарын жүргізудің өзіндік ерекшеліктері айтылады.

Дарындылық - адам бойындағы тума қасиет деп есептеледі. Әлбетте, дарындылықтың тұқым қуалайтындығы, ұрпақтан ұрпаққа берілетіндігі сөзсіз. Ендеше, Жаңа дәуір табалдырығында тұрған адамзат баласы өзінің даму сатысында интеллектуалдық қабілетке барынша иек артуда. Интеллектуалдық ақыл-ой иесі дегенде біз талантты адамдарды айтамыз. Мұндай дарын иелері қоғамның үлкен байлығы және алға жылжытар күші. Бастауыш мектепте оқыту жұмысын ұйымдастыруда дарынды балалармен жұмыс жүргізудің мәселелерін жан-жақты анықтап, жолдарын қарастыру көрсетілген.

Түйін сөздер: Дарындылық, креативтілік, тұлға, даралық, психикалық қасиеттер, қабілет, талант.

Ж.С.ШАЛАБАЕВА¹

¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)

НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ СПЕЦИФИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ОБУЧЕНИЯ ОДАРЕННЫХ ДЕТЕЙ

Аннотация

В этой статье говорится о рассмотрении одаренности и особых способностях детей раннего возраста с универсальной стадии. А с течением времени, когда личность начинает взрослеть и эти способности обретают специальные предметные аспекты. Здесь говорится об особенностях проведения работы с одаренными детьми.

Одаренность считается наследственной способностью, передаваемая из поколения в поколение. Одаренность развивается через талант.

Талант – это способность, требующая от личности выполнения действий с особым творческим усердием. Человечество, стоящее в преддверии Нового времени своего развития, надеется на интеллектуальные способности. Интеллектуальные люди – это талантливые люди. Таким людям богатство и двужущая сила общества.

Здесь показаны различные способы организации работы обучения одаренных детей в начальных классах.

Ключевые слова: Одаренных, креативность, человек, индивидуальность, психические качества, способности, талант.

Zh.S.SHALABAEVA¹

¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkistan city, Kazakhstan)

INITIAL CLASSES SPECIFIC FEATURES OF THE ORGANIZATION OF TEACHING GIFTED CHILDREN

Abstract

In this article, talents of children in yearly life in the primary school or specific abilities of children are examined by universal view. And, over time, the ability of persons will be shown, in terms of subject level, like a goals of life. Also special teaching methods of gifted children are considered.

Talent is accepted like human's birth characters. Indeed, The talent's transmitted from generation to generation by gene. Therefore, in modern world, people have to rely on to the stage of development of its intellectual capacity. We refer talented people when we talking about intellectual mind. Such a talented people are great wealth of society and power to move forward. Also in this article identified main ways of working with gifted children and the special organization of elementary education for them.

Keywords: Gifted, creativity, person, individuality, mental qualities, abilities, talent.

Кіріспе. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолдауы-2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын, 2020 жылға қарай Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. 2020 жылға қарай Қазақстандағы біліммен 100 пайыз қамту жоспарлануда. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде

жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеруге, заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды., деген болатын.

Қазіргі өзгермелі өмірде әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу үдерісі күн өткен сайын үдей түсуде. Білім беру философиясы мен амалдарына, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейлеріне қойылатын талаптар да өзгеруде. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы.

Қазіргі мұғалім оқушылардың білім алу үдерісін ұйымдастырушы ғана емес, олардың танымдық-практикалық әрекеттерін, өзара қатынасын реттеуші әрі олардың өмірлік кеңістікте кез-келген жағдайға бейімделуіне қажет негіздерді қалаушы. Мұндай жаңа міндеттерді мұғалімнің кәсіби санасының өзгеруінсіз, кәсіби құзыреттілігінің өсуінсіз дәстүрлі психологиямен, әдістермен, біліктілік арттыру жүйесімен шешу мүмкін емес. Қоғам-жаңалыққа жаны құмар, жаңаша ойлайтын, өзгермелі өмірге икемделіп қана қоймай, оны жағымды жаққа өзгертуге белсенді қатысатын мұғалімдерға мұқтаж болып тұр. Ал оқытудың дәстүрлі жүйесі ғасырлар бойы халыққа жақсы қызмет атқарып келеді. Бірақ өскелең ұрпақты бұл қанағаттандыра алмайды, оны жаңа өзгерістерге икемдеуге келмейді. Сондықтан оқытуды жақсарту үшін қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту маңызды болып табылады. Оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияны игерген, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, шебер, ойшыл мұғалім болуы қажет..

Зерттеу әдістері: Болашақтың бүгінгіден нұрлы болуна ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң мотивациясы мен іскерлігін: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

Егеменді еліміз тәуелсіз мемлекет мәртебесін алып, қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы іске асыру барысында, осы тұста өз жеткіншегін жан-жақты жетілген, парасатты азамат етіп тәрбиелеу, тиісті мамандық беру кез-келген мемлекеттің естен шығармайтын негізгі мақсаттарының бірі. Қазіргі кезде орын алып отырған қиыншылықтарды, келеңсіздіктерді жеңетін де, жаңаша жол табатын да, нарықтық қатынастардың дұрыс бағытын анықтайтын да тек іскер, білгір мамандар болатындығына дау жоқ.

Дарындылар, қабілеттілер аса жоғары бағаланған. Н.Ожеговтың сөздігінде дарындылық «табиғаттан берілетін ерекше қабілет» деп түсіндіріледі. Адами ойлау, ізденімпаздық - табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйы. Бұл қабілет барлық адам бойынан табылары сөзсіз. Дегенмен, табиғат оны бәріне бірдей етіп бөлмей, біреуге көптеу, біреуге аздау, ал үшіншілеріне мүлдем жарытпай тарататыны да анық. Дарындылықты генетикалық нәрсе деп қарастырған. Оны белгілі бір даму сатысының соңғы нәтижесі деп түсіндіреді. Адам қабілеттерінің табиғаты осы күнге дейінгі ғалымдар арасында қызған ой-пікір таласын тудырады. Дарындылықты немесе ерекше қабілеттілікті балалық шақтан универсалдық тұрғыдан қарастырған жөн. Ал, уақыт өте келе, тұлғаның есеюімен бұл қабілет өзінің арнаулы қырларын көрсетеді, пәндік дәрежеге, мазмұнға ие болады.

«Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі жай айтыла салған жоқ. «Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлкеттік қолдау және дамыту туралы» қарастырылып келеді. Осы жылдар ішінде Қазақстанда дарынды балаларды анықтау және дамыту, олардың әлеуеттік мүмкіндіктерін іске асыру үшін арнайы жағдайлар жасауда қиыншылықтар көптеп кездеседі.

Н.С.Лейтестің пікірінше: «Өспелі дарындылық шартты түрде белгілі бір әрекетке бағыттай алады».

Л.С.Выготскийдің анықтамасы: «Жеке тұлғалардың өзімен бірге әлеуметтік коэффициенті

болады. Бұл жағдайда ешқандай тұлға жеке болмайды. Оның құрамында азғантай болса да жасырын бірлік болады».

Талантты, дарынды балаларды арнайы оқыту немесе бағдарламалар тиімділігін арттыру дарынды балалар үшін жасалған жүйелі оқу жұмыстарын ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері болып табылады. Нәтижесінде дәстүрлі оқыту үрдісінде қолдануға болады.

Дж. Ризуллин: «Дарындылар үшін көптеген арнайы бағдарламалар түйіні болып табылатын еңбектерді қабылдау барлық оқушыларды дамыту мақсатында оқу үрдісіне қосылуы маңызды», - деп тұжырым жасаған.

Дарындылық – іс-әрекетті нәтижелі орындауды қамтамасыз ететін қасиеттердің өзіндік сапалы жиынтығы.

Креативтілік – жасау - адамның шығармашылық дарын деңгейі, шығармашылық қабілет.

Психикалық қасиеттер - бір адамды екінші адамнан ажыратуға негіз болатын ең маңызды, ең тұрлаулы ерекшеліктер. Бұған әрбір адамның мінезі мен темпераменті, қабілеті мен дүниетанымы, сенімі мен талғамы, қызығуы жатады.

Біз балаға «қабілетті» деген мінездеме береміз. Қабілет – жеке адамның оқшауланып тұратын құрлымы емес. Ол адамның тұтас психикалық қалпындағы басқа қасиеттерімен табиғи бірлікте болады.

Ол әр алуан түрлі қабілет. Мектепте оқушыларға түрлі жұмыстар жүктелгенде де олардың кейбіреулерінің ұйымдастырғыштық, екінші біреуінің музыкалық, ал үшіншісінің суретшілік қабілеті еске алынып, бұған ерекше мән беріліп отырады. Бұл мысалдар әр адамның әрекеттің бір түріне жарамдылығын көрсететін дара ерекшелігі болатынын байқатады.

Талант - бір әрекетті шығармашылықпен орындау мүмкіншілігін қамтамасыз ететін қабілеттердің ерекше қиысып келуі.

Жалпы адамның өзгеше қасиеттері ана құрсағында пайда болады. Анатомиялық нышан - баланың ата-анасына ұқсап тууы. Физиологиялық нышан - жүйке жүйесінің кейбір анализаторының ерекшеленуі. Анализатордың ерекшелігі қабілеттің көрінуіне себін тигізеді. Егер адамның туысында нышан болып, ол тәрбиеленбесе, оның қабілеті дамымайды. Қолайлырақ жағдай туса, қиыннан қиыстырып мәселе шешуде ізденімпаз болып шыға келеді. Осы нышанның ықпалымен қалыптасқан қабілеттің түрін дарындылық деп атайды. Дарынды балалар мектеп бағдарламасын жылдам меңгереді. Зеректік, байқағыштық қасиеттері жоғары болады. Олардың көпшілігі өз уақыттарын шығармашылық жұмысқа арнайды. Сурет салады, ән айтады, би билейді, өлең жазады т.б.

Адам жалпы өмірге табиғи өзіндік ерекше қасиеттерімен келеді. Оқыту мен тәрбиелеу баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытады. Неғұрлым баланың таланты мен қабілетін дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, өзіндік ерекшеліктері ескерілсе соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді, талантын, құштарлығын дұрыс жеткілікті бағалау қажет. Мұғалім оқу жұмысын ұйымдастыруда басшылыққа алуы, оның қасиетін тани көре білуі қажет. Ал баланы дұрыс тани, көре алмасаңыз, жеткілікті бағаламасаңыз, оның өзгелер сияқты болып қалып қоюына жол бересіз.

Сондықтан, қазіргі кезеңде мектептің негізгі жұмыстарын баланың дамуы мен қалыптасуына, олардың белсенділіктерін, жауапкершіліктерін арттыруға, мұғалімдердің шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыруға, озат тәжірибені жинақтауға, ғылыми негізде білімді тәжірибемен ұштастыру қажеттілігі балалардың оқу жұмысында өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың жан – жақты болуы дарынды балалардың таланттарын аша түсуге көмектеседі.

Зерттеу нәтижелері: Жалпы білім беретін орта мектептерде оқушыларға білім берудің тиімді жолдарын іздестіру, жаңа технологиясын ойластыру қазіргі заманның көкейкесті мәселесіне айналған.

Сол мәселелерді шешудің бірден-бір жолы педагог қауымның іс-тәжірибесін жарыққа шығару.

Елбасымыз «Заманымыз - мәдениет заманы, ал мәдениетке білім жеткізеді. Білім алудың ішінде ең төтесі - жақсы мектеп, білімді мұғалім», - дегені.

Дарынды балалармен жұмыс жүргізудің әлемдік тәжірибелері, ғылыми бағыттары ескеріліп, негізгі төмендегі идеялар басшылыққа алынады:

- дарынды балаларды әлеуметтік және құқықтық қорғаудың ізгілігі мен бұқаралығы;
- дарынды балаларды іріктеу және олармен жұмыс істеуде биологиялық және әлеуметтік

факторларды ескеру;

- дарынды балалармен үздіксіз, жүйелі жұмыс жүргізу;
- дарынды балаларды іріктеу үшін диагноетикалық әдістердің жиынтығын қолдану;
- жеке тұлғаның дарындылық деңгейінің қалыптасуына орай оқу мен оларды одан әрі жетілдіруде арнайы жасақталған бағдарламалардың сәйкестігі;
- дарынды балалар мен оқытатын мұғалімдерді арнайы дайындау;
- инновациялық технологиялар мен әдістерді пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту;

- дарынды балалармен жұмыс істейтін жеке бағдарламалар дайындау. Дарынды оқушылардың білімге деген талпынысы басқа оқушылардан өзгеше болып келеді. Дарынды оқушылар білім мазмұнын тез әрі терең түсініп, оған талдау жасай біледі. Дарынды оқушылармен жұмыс істеу үшін психолог мұғалімдер, сынып жетекшілері, тәрбиешілер арнайы дайындықтан өтуі қажет.

Дарынды балаларға арналған бағдарламада мынадай ерекшеліктер бар:

- қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттар;
- жүйелі бағдарламада (кезеңдермен);
- мектептің жалпы бағдарламаны толықтыратын бөлшегі;
- бағдарлама жеке-жеке және үзіліссіз жүргізіледі.

Әр жерден окта-текте кездесіп қалатын дарынды балаларды ұстаздық қырағылықпен көре біліп, оны арнаулы оқу орындарында оқытып-тәрбиелеу үлкен жауапкершілікті қажет ететін іс. Үйде де, түзде де дарынды баламен жұмыс жүргізетін тәлімгердің жан-жақты білімді, әсіресе, бала жанын жазбай танитын сезімтал мұғалім психолог болуы керек.

Ертеңгі күннің бүгінгіден гөрі нұрлырақ болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш тек білімде ғана. Демек, қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты.

Дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудағы басты міндет-балалардың қабілеттері мен таланттарын жан-жақты аша түсу үшін дарындылықтың ерекшеліктерін анықтау мен айқындау болып табылады.

Дарынды балаларды анықтау – баланың дамуын талдаумен байланысты ұзақ үдеріс. Дарындылықты қандай да бір әдіспен анықтау мүмкін емес. Дарынды баланы тәрбие беру мен оқыту барысында біртіндеп, сатылап анықтау қажет.

Бүгінгі таңда қоғамдық қатынастардың саяси, әлеуметтік-экономикалық салаларындағы жағдайы түбірінен өзгерді. Соған орай жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу жұмыстарын қайта құру қажеттігі туды. Ұлттың болашағы -ұрпағында болса, ұрпақ тәрбиесі ұстаз қолында. Ал ұстаз мұраты - жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеу. Толыққанды азамат тәрбиелеу үшін ақыл-ой тәрбиесі, имандылық, еңбек, эстетикалық, тілдік қатынас, дене тәрбиесі, сонымен қатар экологиялық, экономикалық, патриоттық тәрбие берілуі тиіс. Демек, оқу-тәрбие ісінің тиімді болуы үшін ғылыми педагогика мен халық педагогикасын қатар қолдану қажеттігі айқындала түседі. Осы орайда ұлтымыздың асыл перзенті Мағжан Жұмабаевтың мына сөздері еске оралады: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып келе жатқан тақта жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуы тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті». Бала бойына, ең алдымен, тәлімді тәрбие сіңірмей, білім берем деу бекер әурешілік.

Сондықтан әр мұғалімнің дарындылықты анықтау, дамыту, зерттеуде өз көзқарастары қалыптасқан.

Қазіргі кездегі білім берудегі мақсат-жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, балалардың оқуға деген ынтасын күшейту, өз дербестігін дамыту.

Теориялық білімді көбінесе балалармен жұмыс көп ізденпаздық талдау етеді. Осы мақсатты алға қоя отырып, дарынды балалармен жұмыс жүргізетін жандардан төмендегідей бағыттарға бөлуге болады.



Бағыттарды негізге ала отырып, дарынды оқушыларға пән бойынша теориялық білімді терең меңгертуге болады. Сонымен қатар талдау жұмыстарын көбірек жүргізу қажет.

Мұғалім - елдің болашағын көркейтіп, рухани биікке көтеретін, жас ұрпақты тәрбиелейтін жауапкершілігі мол киелі мамандық. Ондай мамандық иесі әрқашанда өресі биік болып, сөйлеген сөзінен, ойлайтын ойынан ілтипаттылығы мен парасаттылығы, біліктілікке ұштасқан ізденімпаз, елжанды, адамгершілігі жоғары жайсаң адам болу керектігі анықталады.

Талқылау: Білім беру саласында оқыту үдерісінің мәні зор. Оқыту үдерісін ұйымдастыруда мұғалім мен оқушылар ұжымы бір жағынан оқыту объектісі, екінші жағынан оқыту субъектісі болады. Оқыту объектісі дейтініміз оқушылар жаңа білімді қабылдаушы, ретінде яғни мұғалімнен дайын ақпарат – хабарды алады. Ал. Субъект дейтініміз ақпарат-хабарды алуға оқушы практикалық жолмен жетеді, яғни жаттығулар, есептер, лабораториялық жұмыстар арқылы ережелерді өздері қорытады. Мысалы, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас арқылы ақпарат алмасуы, ынта, мақсаттық немесе бірлестік іс-әрекеті болуды қажет етеді. Сонда ғана оқыту үдерісі нәтижелі болмақ.

Ұстаздыққа өмірін бағыштаған азамат мұғалімдік іс-әрекет жоғары және асқан бейімдікті талап ететіндігін бі сәт естен шығармаған жөн. «Мұғалімдік – мағынасы білім беру болып табылатын мамандық қана емес, тағдырына адамның тұлғасын жасау, адамда адамдықты бекітетін өте жоғары борыш. Өмірдің дамып, ұдайы өзгертін шындығы мұғалімнен өз ісіне бар күшін тұрақты жұмылдыруды, белгілі қажырлықты, асқан жауапкершілікті талап етеді. Н.К.Крупская «Мұғалім, ең алдымен, өзі негіздерін оқытатын пәнді, сол ғылымды білуі қажет. Ол ғылымның нағыз мәні, қазіргі күйі, оның дамуының басты кезеңдерін, басқа ғылымдармен байланысы түсінуі керек», деп жазған болатын. Мұғалімге ең басты қойылатын талап іргелі ғылыми пәндерден білімін үнемі толықтырып отыру.

Қазіргі заман талабына сай шығармашылық қабілеттің дамуына бағытталған білім дегеніміз- аз уақыт ішінде мол идея қорын алу емес, керсінше жеке тұлғаның толық дамуын қамтамасыз ететін іс. Оқытудың өзекті мәселесі-оқушының жеке шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ендіше жаңа ғасыр мектебінің алдында тұрған міндет-дарынды балармен жүйелі жұмыс болып табылады.

Білім жүйесіндегі жүйесіндегі

Дарынды баланы
анықтау

Қабілетін дамыту

Дарындылығын
дамыту

өзекті мәселе. Дарындылық – адамның өзіндік қабілеті мен қасиеті, шығармашылық жұмыс арқылы қалыптасатын қасиет. Психолог мамандар дарындылықтың төмендегідей түрлерін анықтаған.

Көркемдік

Спорттық

Академиялық

Шығармашылық

Дарындылықтың
түрлері

Интеллектуалдық

Дарындылықтың дамуын зерттеуде оқушылардың мүмкіндіктері мен ақыл-ой дамуы жоғары деңгейде анықталатын жалпы дарындылықтың және нақты іс-әрекет түрінде байқалатынын арнайы дарындылықтың анықталуы өте маңызды.

Дарындылықтың сақталуы мен дамуы – бұл шығармашылық әлеуетті жүзеге асырудағы қоғамдық дамудың да, жеке тағдырдың да мәселесі.

Дарынды балалармен жұмыс жасаудың мәні неде?

Ерекше дарынды балаларды айқындауда келесі жағдайлар туындайды:

- әр тұлғаның дамуына әсер ету;
- мүмкін болған жағдайда дербес жетістіктерді ертерек жоғары деңгейге жеткізу;
- дарындылық ресурсының қызметін жүктеу арқылы қоғамдық дамуға ықпал ету;
- мұғалімнің дарынды балалармен оқу жұмысын ынталы ұйымдасытруымен.

Мұғалім мен ата-ананың балаға қойған талабы бір жерден шығуы аса маңызды тәрбиелеу ретінде қарастырады. Мұғалім дарынды балалардың уақытын үнемі бақылауда ұстауы қажет.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, еліміздің өркениетті елдер қатарынан орын алып, дамудың жоғарғы сатысына көтерілуі үшін ең алдымен келер ұрпаққа оң тәрбие, терең білім берілуі керек. Ал, білімнің қайнар көзі мектептен басталса, оның кәусарынан сусындатуда ұстаз еңбегінің рөлі ерекше.

Сонымен дарындылық - туа біткен қабілет деп айтып өттік. Дарынды балалардың ақыл-ойы жоғары дәрежеде дамиды.

Дарынды балалардың, ең алдымен есте сақтау қабілеттері жоғары болады. Сол себепті олар бір оқығанын жаттап алып және мүдірмей айтып береді. Тіл байлықтары да ерекше дамиды, өте аңғарғыштығымен ерекшеленеді.

Дарынды балалар мектепте осындай қасиеттерімен ерекшеленіп алға шығады. Оны мұғалім бірден байқайды. Бірақ мұндай оқушылардың өзге оқушылармен достасуы қиындау болады. Көбіне оларда өзгенің сөзін бөліп, өз әңгімесін айтып кетуі орын алады. Ал, бұл өзгелерге ұнамайды, сондықтан олар достарынан алыстай бастайды.

Дарынды балалар берілген тапсырманы орындауға бар күш-жігерін салады, оны бәрінен артық орындауға тырысады және еңбегінің жоғары бағаланғанын қалайды. Сондықтан мұғалімдер олардың еңбектерін бағалап, мадақтап отыру керек. Оның одан әрі өсуіне жағдай жасап, жол ашу керек.

Дарынды балалардың милары ерекше дамыған, қабілетті, энергиясы мол болады. Сондықтан дарынды балаларды дамыту үшін ұстазға көп еңбектенуге тура келеді. Оларға ненің әсері көп болса, сол жағын ұнатуы мүмкін. Бұл жағынан қарағанда дарынды балаларға мұғалімдердің әсері де мол болмақ.

Дарынды балалар математика, қазақ тілі мен ана тіліне қабілетті, музыка мен сурет салуға, спортқа ерекше бейімділік көрсете алады. Дарынды балалармен жұмыс істейтін мұғалімдер мынадай талаптарды есте ұстағаны дұрыс:

- Сабақтарын әртүрлі әдіс-тәсілдермен өткізе білу.
- Пәнін жақсы білу, баланы жалықтырмау.
- Шығармашылықпен жұмыс істеу.
- Өзіндік көзқарасын үнемі айту.
- Өзілді түсіне және қолдана білу.

Адам бойында өзі туралы ой көбіне өзгелердің көзқарасы арқылы қалыптасады. Сол себепті әркім өзі туралы жақсы ойда болуы, өзінің ұжымда керек адам екенін сезіне білуі қажет. Көпшілік алдындағы жауапкершілігін жақсы сезінуі тиіс, әсіресе бұл мұғалімдерге тиіс. Мұғалімнің басты мақсаты - оқушының дарындылығын тани білу, оның дарынын көрсетуіне, қабілетін дамытуына көмектесу, олардан көшбасшысын тәрбиелеу.

Қазақта: «Әке - балаға сыншы» деген мақал бар. Мысалы, Шоқанның ерекше қабілетін, Абайдың басқа балалардан өзгеше екендігін аңғарған олардың әкелері болатын. Сонымен қатар, болайын деп тұрған бала екен, көзінің оты бар бала екен деп қазақтың билері, ақсақалдары дарынды балаларға батасын беріп, оларды ерте таныған.

Қазір ел егемендігін алып, еңсесі биіктеп тұрған кезде дарынды азаматтардың ел экономикасын көтеруде, мәдени-рухани өсуіміз үшін ролі зор болмақ. Осы ретте Елбасы Н.Ә.Назарбаев дарынды

жастарды қолдауға ерекше көңіл бөліп отыр. Бұл күнде жас таланттарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары жасалды.

«XXI ғасыр көшбасшысы», «Ақбота» интеллектуалдық марафонының өткізіліп тұруы - жас дарындардың дамуына үлкен үлес қосып, оларды қолдап отыр деп ойлаймыз. Қазіргі кезеңде елімізде көптеген дарынды балаларға арналған мектептер ашылууда. Соның айғағы ретінде осы Түркістан қаласында ашылған дарынды балаларға арналған мектепті айтуға болады. Алайда бұл мектептер дарынды балаларды тек қана 6-7 сыныптан бастап қана қабылдай алады. Біздің ұсынысымыз, неге осы мектептерге дарынды балаларды қабылдауды бастауыш сыныптардан бастамасқа. Болашақта бұл мәселе қолға алынады деген үміттеміз.

Жалпы білім беретін мектептерде оқушының ой-өрісін, рухани өсуін, өмірге бейімділігін, дарынымен адамгершілігін тәрбиелей отырып халқын, салтын, дәстүрін, жерін, ғылым мен өнерді сүйетін ұрпақ тәрбиелесек, ел ертеңі, ұлт болашағы, ұлттық бәсекелестікке қабілетті ұрпақ дегеніміз осы емеспе.

Қайсы қоғам, Қай елде, Қай кезде де

Өзгермейтін саф алтын - дарын ғана,- деген екен озық ойлы ақынымыз Қадір Мырза Әли. Өзгермейтін сая алтынымыз қабілетті, дарынды балаларымызды тани біліп, тәрбиелеп, білім, адамгершілік шыңына жеткізу-барша ұжымымыздың қасиетті міндеті. Алла сол биіктен көрінуге жазсын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы – **2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ** 17.01.2014ж.

2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол

3 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР МЖМБС 1.4.002-2012)».

4 Тілеулесова А.Ш. «Оқушылардың шығармашылық дарындылығын дамыту жағдайлары мен мүмкіндіктері» Бастауыш мектеп. № 5-6, 2014

5 Ниязбаева Г.К. Дарынды балалармен жұмыс. Педагогика және оқушы психологиясы №1, 2014ж. 18б.

6 Амирова А.С. Дидактика Алматы, 2013

7 Бекберова К.Д. Оқушылардың шығармашылық дарындылығын дамыту. Педагогика және оқушы психологиясы №2, 2015

8 Нұрпеисова М.Б. Бастауыш сыныпта дарынды оқушыларды дамыта оқытудың тиімділігі Бастауыш мектеп №3-4, 2014

УДК 796.82 (015)

МРНТИ 77.03.03

Спортшыларды табиғи таулы мекендерде жарысқа дайындау

Э.К Ахметова¹

¹*п.э.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ
(Алматы қаласы, Қазақстан)*

А.Ж Серіков²

²*Дене шынықтыру және спорт мамандығының 2-курс магистранты,
Абай атындағы ҚазҰПУ
(Алматы қаласы, Қазақстан)*

Аңдатпа

Бұл мақалада спортшылардың таулы мекендегі, спорттық дайындығы үдерісінде, спорт жетістіктерінің жүйелі өсуін қамтамасыз ету үшін, ең алдымен, белгілі бір күш және жүктемелердің ұзақтығы бойынша ағзаның бейімделу қабілетімен байланысты, жаттықтыру талаптарын ұдайы арттыру қағидасы маңызды мағынаға ие. Сондықтан ағзаның негізгі атқарымдық жүйелерін жетілдіру үшін жаттықтыру ықпалының көлемі мен ұзақтығын ұдайы өзгертіп отыру қажет.

Тірек сөздер: Таулы мекен, бейімделу, спорт, жүктемелер, нәтижелері, гипоксияға, ағза, оттегі.

Подготовка спортсменов в горной местности в соревнованиях

Э. Ахметова¹

¹ к.п.н., доцент КазНПУ имени Абая
(г.Алматы, Казахстан)

А.Ж. Сериков²

²физической культуры и спорта студент 2-го курса,
КазНПУ имени абая
(г.Алматы, Казахстан)

Аннотация

В этой статье в горных местах, в спортсменов, в процессе спортивной подготовки, для обеспечения системного роста спортивных достижений, в первую очередь, способностью к адаптации организма и определенные усилия по продолжительности нагрузок, тренировок, имеет большое значение для постоянного повышения требований правила. Поэтому тренировка основных функциональных систем организма, продолжительности необходимо для совершенствования и влияния на объем ротации постоянно.

Ключевые слова: Горная, адаптация, спорт, нагрузки, результаты, к гипоксии, организм, кислород.

In the competitions, the training of athletes in mountainous terrain natural

E. Akhmetova¹

¹candidate of pedagogical sciences, associate Professor KazNPU named after Abai
(Almaty, Kazakhstan)

A. Serikov²

²2nd course master of KazNPU named after Abai
(Almaty, Kazakhstan)

Abstract

In this article, in mountainous areas, in athletes, in a sport training process to ensure the systematic growth of sporting achievements in the first place, the ability to adaptation and efforts for the duration of the loads, training is essential for continuous improvement of the requirements of the rule. Therefore, the training of basic functional systems of the body, the duration required for improvement and influence on the amount of rotation constantly.

Reference words: Mining, adaptation, sports, training, results, to hypoxia, organism, oxygen.

Қысқашы. Орта таулы аймақтарды пайдалана отырып, барлық спорт түрлерінен дәлелденгендей спортшылардың жоғары тиімді дене күш дайындығын, функционалдық мүмкіндіктерін және спорттық нәтижелерін жоғарылатуға мүмкіндік беретіні белгілі. Сонымен қатар, зертханалық зерттеулермен байланысты палуандардың физикалық жұмыс қабілеті мен функционалдық мүмкіндіктерін, таулы аймақты пайдалана отырып жылдамдық, күш даярлығы және төзімділік қасиеттерін тест жүзінде, жүктемелердің деңгейі көрсетіледі. Спортшылардың таулы аймақтағы оқу жаттығу мақсаты: дене қабілетін, күшін, жылдамдығын, төзімділігін арттыру және бұл оқу жаттығуы процесі 2-3 аптаға созылады, бұл спорт түрлеріне және спортшылардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Мамандардың жылдық оқу жаттығу жоспарында, жоғарғы дәрежелі спортшыларды таулы аймақта теңіз деңгейінен 1800-2400 метр биіктікті қолданып оқу жаттығу процесін өткізіп отырады. Және аласа тау жағдайында 3500-4000 метр биіктікте спортшылардың қимыл-қозғалысының динамикалық кеңістік уақытша құрылымының бірден бұзылуына әкеліп соғады. Бұл жағдайда жұмыс істеу қабілеті, қимыл-қозғалысы және вегетативтік қызметтердің мақсатқа сәйкес үйлесуінің бұзылуына әкеледі. Алайда, таудағы дайындық құрылымының тиімділігі дәлелденген, сол себепті мамандар орта таулы аймақтарды пайдаланады. Аэробтық мүмкіндіктерді арттыру 3000 метр жоғары биіктікте жүзеге асырылады, ал бұдан бұрын қол жеткізген басқа қасиеттерді дамыту немесе сақтау - бұдан да төмен биіктіктерде жүзеге асырылады. Қазіргі кезде теңіз деңгейінен 1000-1500 метр биіктікте спортшыларды жаттықтырудың тиімділігі туралы мәселе жөнінде арнайы әдебиеттер қазірше ешнәрсе айтпайды. Бұл деңгейдегі тау жағдайында спортшылардың белсенді демалысы мен қайта қалпына келтіру, жаттықтыру деңгейін сақтау үшін тиімді болғанымен спортшылардың ағзасына жаңа атқарымдық деңгейге ауыстыру үшін жеткілікті ынталандыру болып табылмайды. Жоғары білікті грек-рим стиліндегі балуандар дайындауға қатысты соңғы жылдары басылымдардан шығарылған ғылыми және әдістемелік әдебиеттерді талдаудың

нәтижесінде мынадай қорытындыға келуге болады, яғни, қазіргі таңда осы мәселеге байланысты идеялардың жоқтығы, сонымен қатар дайындық жүйесін жетілдіруге бағытталған терең және жан-жақты зерттеулердің аз екендігі анықтықталуда. Бұл мәселе тек дайындық кезеңіндегі жаттығулардың көлемі мен интенсивтілігі, әдістері мен құралдардың оптимизациялануына ғана қатысты емес, сонымен қатар тікелей макроциклдағы жарыстарға дайындау кезеңіне де қатысты. Әлі күнге дейін көптеген зерттеушілердің назарына, жоғары практикалық білікті грек-рим стиліндегі балуандар резервін анықтау жөніндегі теориялық және сұрақтар ілікпеуде, сонымен қатар олардың моделдік сипаттамалары жасалынбаған.

Спортшыларды 1800-2400 метр биіктікте спорттық жаттығу барысына алдын ала қалыпты демалыс үлкен мағынаға ие: бұрын болып өткен оқу жаттығулары мен жарыс жүктемелерінен соң, спортшының ағзалық және психикалық мүмкіндіктерін толық қалпына келтірген жағдайда ғана, таудағы дайындықты бастаған жөн. Егер спортшының ағзасы толық қалпына келтірілмеген жағдайда, таудағы дайындық басталса, гипоксияға бейімделу үдерісі айтарлықтай баяулайды, сондықтан тауға көшудің алдында 5-7 күндік қайта қалпына келтіру микрокезеңдері жоспарланады.

Үш апталық дайындық:

1-ші апта – тау жағдайында ауа-райына үйренісу және екінші апта бойына ең жоғары деңгейдегі қол жетерлік жүктемелермен жаттығу үшін алғышарттар жасау қажет (ұзақ қашықтықтаға жүгіру, зіл темірлермен жұмыс істеу және жоғары биіктіктерге серуендеу).

2-ші апта – спортшылардың дене қасиеттерінің артуына мүмкіндік беретін жаңа әдістермен жұмыс жасап, бұдан да жоғары деңгейге ауысуына себепші болатын, (ұзақ қашықтыққа жүгіру, зіл темірлермен жұмыс, қарсыласпен жұмыс, қысқа қашықты жылдамдыққа жүгіру, тартылу, секіру, итеру) жұмыстар көлемін орындау.

3-ші апта – бейімделудің қол жеткізген деңгейін әрі қарай дамыту және тұрақтандыруға бағытталған ең жоғары деңгейдегі жүктемелермен жаттықтыру (қарсыласпен жұмыс, тас лақтыру, жылдамдыққа қысқа қашықты кедергілермен жүгіру, уақытқа жүгіру, суда уақытқа жүзу, жоғары биіктікке көтерілу және тастармаен жұмыс).

Жұмыстың күнделікті көлемі: 3-4 сағаттан 5-6 сағатқа дейін;

Жүктеменің жалпы көлемі: 80 сағаттан 90 сағатқа дейін бөлінеді:

1-ші апта 20-24 сағат, екінші және үшінші апта – 28-36 сағаттан.

Таудағы жаттықтырудың тиімділігі спортшылар жазықтыққа қайта оралған соң көрінеді.

Грек-рим күресі спортшыларының таулы аймақтағы оқу жаттығу кезеңіндегі дене күші және арнайы дене дайындығына берілетін жүктемелердің уақыты мен көлемі;

Мик рати кл	Таудағы күндік акклим атизаци ясы	Жүкте мелер дің көлемі , мин	Берілетін жүктемел ер		Дене күш дайындық, белсенділігі						Арнайы дене дайындық, белсенділігі					
					3-4		5-6		7-8		3-4		5-6		7-8	
			ДК Д	АД Д	ми н	%	ми н	%	ми н	%	м и н	%	м и н	%	м и н	%
1	1-5	420	71, 4	28, 6	150	50	150	50			6 0	50	60	50		
2	6-8	241	44, 0	56, 0			90	84, 9	16	1 5 ,	6 0	44 ,4	75	55, 6		

									9						
3	9-12	141	36, 2	63, 8			30	58, 8	21	4 1 , 2	6 0	66 ,7	30	32, 3	
4	13-15	315	66, 7	33, 3	120	57, 1	90	42, 9			6 0	57 ,1			45 42, 9
5	16-18	345	69, 6	30, 4	120	50	120	50			6 0	57 ,1			45 42, 9

Кесте бойынша грек-рим күресі балуандарының таулы аймақтағы оқу-жаттығу процессі барлығы 1462 минутты құрады. Ал дене күш дайындығы мен арнайы дене дайындығының пайыздық көрсеткіші 62%- ДКД құраса 38%- АДД құрады.

Әсіресе, көп жылдық спорт дайындығы үдерісінде, спорт жетістіктерінің жүйелі өсуін қамтамасыз ету үшін, ең алдымен, белгілі бір күш және жүктемелердің ұзақтығы бойынша ағзаның бейімделу қабілетімен байланысты, жаттықтыру талаптарын ұдайы арттыру қағидасы маңызды мағынаға ие. Сондықтан ағзаның негізгі атқарымдық жүйелерін жетілдіру үшін жаттықтыру ықпалының көлемі мен ұзақтығын ұдайы өзгертіп отыру қажет. Жаттықтыру жүктемелерінің көлемі мен қарқындылығын үздіксіз арттыру, ағзаның негізгі жүйелерінің қызмет ету деңгейін арттыруға себепші болды, бұл өз кезегінде қарбалас тәндік жұмыстан кейін олардың қайтадан қалпына келтіру мерзімінің қысқаруына әкеледі.

Алайда, спортшылардың жаңа атқарымдық деңгейін іске асыру, жаттықтыру жүктемелерінің көлемі мен қарқындылығын арттырудан туындайтын мәселе, ал егерде шамадан тыс жүктемелерді арттырған жағдайда, тірек-қимыл аппаратының жеке буындарының істен шығуы жиі кездесіп отыруы қалыпты жағдайға айналады.

Бапкерлермен мен ғалымдардың алдында, жаттықтыру жүктемелерін әрі қарай айтарлықтай арттырусыз, спортшылардың ағзасында жоғары қимыл іс-әрекеттерін және тірек-қимыл аппараттарының қажетті деңгейінде және сол дәрежені қандай жағдайда сақтауға болады деген сұрақ тұр. Спорттық күресте, төзімділік - спортшының ең басты тәндік қасиеттерінің бірі болып табылады. Спорт жетістіктерін шектейтін, негізгі себепкер шарттардың бірі – ағзаның оттегі режимі, сондықтан ғалымдардың күші спорттық жұмысқа қабілеттілікті арттыруға себепші болатын, гипоксиялық жаттықтырудың жаңа әдістерін іздеуге бағытталған. Жоғары білікті грек-рим стиліндегі балуандар дайындауға қатысты соңғы жылдары басылымдардан шығарылған ғылыми және әдістемелік әдебиеттерді талдаудың нәтижесінде мынадай қорытындыға келуге болады, яғни, қазіргі таңда осы мәселеге байланысты идеялардың жоқтығы, сонымен қатар дайындық жүйесін жетілдіруге бағытталған терең және жан-жақты зерттеулердің аз екендігі анықтықталуда. Бұл мәселе тек дайындық кезеңіндегі жаттығулардың көлемі мен интенсивтілігі, әдістері мен құралдардың оптимизациялануына ғана қатысты емес, сонымен қатар тікелей макроциклдағы жарыстарға дайындау кезеңіне де қатысты. Әлі күнге дейін көптеген зерттеушілердің назарына, жоғары білікті грек-рим стиліндегі балуандар резервін анықтау жөніндегі теориялық және практикалық сұрақтар ілікпеуде, сонымен қатар олардың моделдік сипаттамалары жасалынбаған.

Пайдаанылған әдебиеттер тізімі:

1.Платонов В.Н. Современная спортивная тренировка. - Киев: Здоровья 1980. - 334с.

- 2.Третьякова Н.В. Нормирование тренировочных нагрузок в условиях среднегорья у спортсменов высокой квалификации // Тез.докл. Международной научной экосоциальным условиям конференции "Адаптация организма к природным и среды " - Бишкек 1998. - Часть 1. - с. 144-1457
- 3.Телюк С.И. Соотношение средств специальной физической подготовки борцов высших разрядов в соревновательном периоде: Автореф. дис. ... канд. пед. наук: 130004/. В надзаг.: ВНИИ физической культуры. - М., 1984. - 24 с.
- 4.Зациорский В.М. Основы спортивной метрологии. - М.: Физкультура и спорт, 1979. - 120 с.
- 5.Навиков А.А. Научно-методические проблемы спортивных единоборств // Теория и практика физической культуры, 1999, №9. - с. 50-56

УДК:796.063
МРНТИ 77.01.80

Құқық негізінің дене мәдениеті және спорттағы маңызы

А.М.Сыдық¹

¹ Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау кафедрасының I курс магистранты
(Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа

Бұл мақалада дене мәдениеті және спорт саласындағы құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ дене мәдениеті спортын құқықтық тұрғыда дамытып, жетілдіру мәселелері қарастырылған. Дене мәдениеті және спорт саласындағы құқықтық негіздері мәселелерін кешенді түрде зерделеу қазіргі кезде зерттеу жұмысының көкейкесті талабы болып отыр.

Дене мәдениеті және спорты – адамдардың дене қуатын жетілдіруге қолданылатын мемлекеттің, қоғамның материалдық және рухани байлығын құрайтын, халықтың жалпы мәдениетінің бір саласы.

Түйін сөздер: құқықтық реформа, дене мәдениеті, спорт, сауықтыру, қолданбалы дене мәдениеті және жеке басылық дене мәдениеті.

Закон базового значения физической культуры и спорта

А.М.Сыдық¹

¹ магистрант 1 года обучения кафедры Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта КазНПУ имени Абая
(Алматы, Казахстан)

Аннотация

В статье рассматривается важность формирования правовой культуры в сфере обеспечения физической культуры и спорта, а также спорта, физической культуры правовое развитие и совершенствование. Комплексное изучение актуальных вопросов в сфере физической культуры и спорта правовые основы исследовательской работы в настоящее время требование.

Физической культуры и спорта – совершенствование физической мощности, применяемые лиц, государства, общества, духовных и материальных ценностей, составляющих отрасль общей культуры населения.

Ключевые слова: правовая реформа, физической культуры, спорта, оздоровления, физической культуры и прикладной физической культуры, в личных.

The law of basic importance of physical culture and sports

A.Sydyk¹

¹Master of 1 year of the Department of Theory and Methods of Training of Teachers of Physical Culture and Sport of KazNPU named after Abay
(Almaty, Kazakhstan)

Abstract

The article discusses the importance of juridical culture formation in the sphere of physical culture and sport, as well as sport, physical culture, legal development and improvement. A comprehensive study of current issues in the sphere of physical culture and sports legal bases currently research requirement.

Physical culture and sports-improvements in physical power applied persons, State, society, spiritual and material values that comprise the industry total culture of the population.

Key words: legal reform, physical culture, sports, recreation, physical training and applied physical culture, personal.

Бүгінде Қазақстанның даму кезеңінде қоғам өмірінің барлық саласындағы терең өзгерістерімен сипатталады. Осыған орай қазіргі заман адамға: өз іс-әрекетіне жауапты болу, әлеуметтік өзгерістер жағдайына тез бейімделе отырып, байыпты шешім қабылдай білу және т.с.с. жаңа талаптар қоюымен ерекшеленуде. Сондай елеулі өзгерістердің бірі – демократиялық-құқықтық мемлекет құру міндетін шешу.

Мемлекеттік саяси-құқықтық қайта құрудың маңызды құрамдас бөлігі – адамның құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеруге тікелей тәуелді. Өйткені, құқықтық мемлекетке азаматтардың жоғары саяси және құқықтық білімділігі, құқық бұзушылыққа қарсы тұра білу қабілеттілігі мен дайындығы тән. Сондықтан да республикамыздың қоғамдық-саяси және экономикалық өміріндегі қазіргі жүзеге асырылып жатқан түбегейлі өзгерістердің бірі – құқықтық реформа. Ол еліміздің әрбір азаматынан құқықтық сауаттылықты талап етеді. Егеменді, өркениетті елдің бүгінгі мен ертеңі өрге бастыра жас жеткіншектер екені белгілі. Болашақтың тізгінін ұстайтын олардың алдағы атқарар іс-әрекетінің түп-тамыры бүгінгі күнмен тығыз байланысты. Құқықтық білім негіздерінің қажеттілігі жастардың өмірге қадам басып, қоғамда өз құқығын иеленуімен және оның алдында жауапкершілік туған сәтінде кездесетін қиындықтарымен айқындалады. Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет ретінде дамуы әрбір азамат бойына құқықтық құндылықтарды сіңіріп, құқықтық сананы қалыптастырудан көрініс береді. Өркениетті қоғам үшін қымбат қазына – адам, адамның бостандығы мен өмірі десек, бүгінгі жас ұрпақтың осы қымбат қазынаны бағалай білуі аса маңызды. Сол себептен құқық негіздерінің маңыздылығын нақтылау да осыдан басталады. Оны қалыптастыру үшін жүйелі де мазмұнды тәрбие қажет. Осыған орай, құқықтық тәрбиенің мақсаты – оқушыны мемлекет заңдары мен қоғамда өмір сүру ережелерін құрметтеуге, қоғам заңдылықтарын бұзуға төзбеушілікке, қоғамдық тәртіпті сақтауға тәрбиелеу болып табылады. Тұлғаның аталған сапалары болашақ қоғам азаматының құқықтық мәдениетінің мәнін құрайды. Құқықтық мәдениет қамтамасыз етілмеген жерде шынайы бостандық пен жеке тұлғаның қауіпсіздігі, азаматтық белсенділіктің болуы мүмкін емес. «Өркениетті қоғамда құқықтық мәдениет әр адамның жалпы мәдениетінің қажетті бөлшегі, әрбір лауазымды адамға қойылар кәсіби талап болып табылады. Тиісті құқық тәртібін орнықтырмайынша, біздің экономиканы реформалауымыз, қоғам өмірінде демократиялық қалыпты өлшемдерді бекітуіміз неғайбыл» деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың пікірі қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығына аса назар аудартады.

Аталған міндеттерді шешудің мектептен басталуы мен нормативтік қамтамасыз етілуі заңды құбылыс. Осы орайда, Қазақстан Республикасы

Президентінің 1995 жылғы 21 маусымда «Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқытуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысы қабылданды. Қаулыда төмендегідей мақсаттар көрсетілген:

1) адамның жоғары азаматтығын, оның жалпы құқықтық мәдениетін және әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру;

2) таңдап алынған еңбек әрекетіне дайындық үрдісінде жастардың жүйелі құқықтық білім алуын қамтамасыз ету;

3) құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесін шешу. Көрсетілген мақсаттарды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылы 13 мамырда қаулысы шығып, республика мектептерінде құқық пәнін оқытуды ұйымдастыру бойынша нақты шаралар қолға алынды.

Соның бірі мемлекеттік білім беру стандартында құқық пәнінің мақсат, міндеттерінің нақтылануы деп білеміз. Атап айтсақ, «Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздерімен, мемлекеттің азаматтық, еңбек, әкімшілік, отбасы, қылмыстық кодекстерінің негізгі қағидаларымен, олардан басқа да кейбір заң актілері мен халықаралық деңгейдегі заңдармен жастарды мектеп қабырғасында таныстыру, олардың құқықтық сауатты, әділетсіздікке төзбейтін, заңды құрметтейтін, құқықтық мемлекетті құруға даярлауға ықпал ету» деп анық көрсетілген. Ал құқықтық білім

негіздерінің базистік оқу жоспарындағы алатын орнына қатысты аталған құжатта: «Құқықтану курсы бастауыш мектепте оқыту және негізгі мектепте жүйелі түрде жүргізу мәселесі әлі толық шешімін тапқан жоқ. Негізгі мектептің табалдырығын аттаған оқушылар құқықтану тобын құрайтын білімдерді өздерінің жас ерекшеліктеріне сай, қажетті деңгейде меңгере бастауы керек.

Құқықтық білімдер – бұл буында оқытылатын негізгі пәндердің бірі болып табылады. Негізгі мектепті бітірушілер Қазақстан Республикасы Конституциясының, республика аумағында әрекет ететін өзге де заңдардың – білім, еңбек, мәдени және тарихи ескерткіштерді қорғау, әлеуметтік қамтамасыз ету, тіл туралы заң, сайлау туралы, отбасы, тұрғын үй, азаматтық, қылмыстық кодекстерден жастар өмірі мен қызметіне қатысты қағидаларды меңгеруі тиіс», - деп тұжырымдалған. Сондай-ақ, осы мақсатта мемлекеттік деңгейде басқа да маңызды шаралар жүзеге асырылды. Солардың бірі жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруды іске асыруды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету болды. Мәселен:

- 1989 жылы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы Бала құқықтары туралы Конвенцияны қабылдады. 1994 жылы Қазақстан Республикасы Конвенцияны ратификациялады.

- 2002 жылы 8 тамызда ҚР «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы қабылданды.

- 2004 жылы 7 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы қабылданды.

- 2004 жылы 9 шілдеде «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2007 жылғы 28 ақпандағы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруды ерекше атап өтті.

2002ж. 8 тамызда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңының балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру қағидасының басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттеуде мәні зор.

Қарастырып отырған мәселеміз құқық негіздеріне байланысты болғандықтан ғасырлар бойына адамдар бір-біріне зиян келтірмес үшін мінез-құлық ережелерін ойлап тауып, оны жетілдірумен болғандығына мән бере келе, осындай ізденістің соңы, ең жетілген қорытындысы ретінде құқық өмірге келді. Оның пайда болу тарихына тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Зерттеушілердің пікірінше, құқық мемлекетпен бірге пайда болған. Құқықтың пайда болуының бірнеше негіздері бар: әлеуметтік негізі - адамдар мінез-құлық мен психологиясындағы өзгерістерге байланысты. Адам өз мінез-құлығының түрін таңдай алатын деңгейге жетті. Бірақ бұл, өз кезегінде әр түрлі мүдделердің қақтығысын туғызатын қауіпті бостандық болып шықты. Адамдар енді өз мінез-құлықтарын бір-біріне сәйкестендірудің анағұрлым ыңғайлы жолдарын іздестіре бастады. Нәтижесінде, адамды өзіне жетерлік бостандық аймағымен қамтамасыз ететін, осы аймақтан шығып, басқа адамдармен және қоғаммен қарым-қатынасқа түсерде қандай ережелерді ұстануы қажеттігін айқындайтын мағынадағы құқық өмірге келді. Бірақ аталған мақсатты шешуде адамдар моральдық діни нормалар мен дәстүрлерге сүйене алмады. Себебі, ол жеке адамның бостандық аймағын қамтамасыз етуге қабілетсіз еді.

Экономикалық негізі - бірте-бірте өнеркәсіп пен сауда айналымының өсуі алынған өнімді жеке иелену тәжірибесін дүниеге әкелді, яғни жеке меншік пайда болды. Жеке меншіктің қатынастарды реттеудің ең икемді құралы ретінде құқық дүниеге келді. Өйткені моральдық, діни нормалар мен дәстүр өз табиғатында жеке меншіктің қатынастардан аулақ болды. Саяси негізі - қоғамдық қатынастардың дамуы өмірге мемлекет, әлеуметтік топтар және т.б. адамдардың ұйымдасу құрылымдарын әкелді. Нақты басқару жүйесі бар мемлекет бір қалыпты жүйеге түсірілген мінез-құлық ережелерін бекітті. Құқықтың саяси негізі осылайша қаланды. Мораль, дін, не дәстүр ережелері өздерін сақтау үшін күш қолдануды қажет етпейтін, тіпті олар көптеген жағдайларда күш қолдануға қарсы болды. Сондықтан олар мемлекетке құқық сияқты тірек бола алмады [10, 336]. Сонымен, «құқық» терминінің мәніне келейік. Ол заң ғылымында, күнделікті өмірде және қызмет бабында қолданылады. Кең мағыналы ұғым болғандықтан, құқықтың мәні туралы әрбір адамның

кандай да бір пікірі қалыптасатыны сөзсіз. Заң ғылымында «құқық» термині бірнеше мағынада қолданылады: - біріншіден, құқық – ресми түрде танылған жеке және заңды тұлғалардың заңға сүйене отырып, әрекет жасау мүмкіндігі. Мысалы, азаматтардың еңбек ету бостандығы, білім алу, меншік иесі болу, кәсіпкерлікпен шұғылдану құқығы. Бұл субъективтік мағынада қолданылуы деп түсінеміз. - екіншіден, құқық дегеніміз құқық нормаларының жүйеге келтірілген жиынтығы. Бұл объективтік мағынадағы құқық, себебі олардың жасалуы жеке адамның еркіне байланысты емес. - үшіншіден, құқық термині оқу пәнін білдіретін ұғым ретінде қолданылады. Құқық пәндері түрлі салаларға бөлінеді: конституциялық құқық, әкімшілік құқық, еңбек құқығы, отбасы құқығы, азаматтық құқық, қылмыстық құқық, қаржылық құқық т.б. - төртіншіден, «құқық» термині тұлғалық құқық пен объективтік құқықтың жиынтығы ретінде де қолданылады. Осыған байланысты «құқық жүйесі» деген түсінік бар. Мысалы, қазіргі жағдайда елімізде Қазақстанның құқық жүйесі қалыптасуда [11, 936].

Ғалымдар Ғ.Сапарғалиев, Б.Ғ.Шынтемірова, Т.Т.Шайхиев, Т.Білдебаевтардың [12, 406] еңбектерінде «құқық» ұғымын мемлекетте қолданылатын барлық құқықтық нормалардың: құқықтық ғұрыптардың, әділеттілік үлгілердің, мемлекеттің құқықтық ережелерінің жиынтығы деп түсіндірсе, философ Т.Ғабитовтың ой-пікіріне сүйенсек, [13, 336]. ақыл-ойдың мақсаты – ақиқат және құқық философиясы да құқық туралы ақиқатты іздеумен айналысады. Бастапқыда «құқық философиясы» термині (сонымен бірге құқық философиясының концепциясы да) заң ғылымында пайда болды. Оның авторы, құқықтың тарихи мектебінің негізін қалаушы, неміс заңгері Г.Гуго болып табылады.

Жоғарыда айтылған пікірлерге сүйене келе, «құқық - мемлекет бекітіп, жүзеге асырылуын қадағалайтын, жалпыға міндетті тәртіп ережелерінің жиынтығы және қоғам өмірінде тұлғалардың заңға сүйеніп әрекет етуінің көрсеткіші» деген анықтамаға сүйенеміз.

Құқық негіздерінің дене мәдениеті және спортпен өзара қатынасының пайда болу мәселелеріне, оның әлеуметтік тәжірибе жинақтауға қалай әсер ететіндігін, сол тәжірибені көп ұлтты спорттық ортада пайдаланғанда қандай нәтиже беретіндігін білу әлеуметтік және спорт педагогикасы жөніндегі ғылыми әдебиеттерде кеңінен талқылай отырып, дене мәдениеті студенттерінің жеке приоритетті қабілеттерін жетілдіруге, өзін-өзі тәрбиелеу және өзіне-өзі білім беру қызметтерін дамытуға, оларды азамат, интеллект маман ретінде қалыптастыруға бағытталған біздің мемлекетіміздің заңды құжаттарымен нақтыланып, рәсімделген.

Денсаулығы мықты, дене сапалары, дене бітімі қалыптасқан адам ғана өз қимыл-әрекетін өмірлік маңызды міндеттерді шешуде шығармашылық бағыт ұстана отырып, белсенді өмір сүруге қабілетті болады. Дене мәдениеті білім мен тәрбие беру саласының басты міндеттерінің бірі бола отырып, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне себепші болады.

Жалпы алғанда дене мәдениеті – адамдардың дене қуатын жетілдіруге қолданылатын мемлекеттің, қоғамның материалдық және рухани байлығын құрайтын, халықтың жалпы мәдениетінің бір саласы. Соның ішінде материалдық байлықтар - спорт сарайлары, стадиондар, бассейндер, спорт залдары, түрлі спорттық ғимараттар, құрал жабдықтар. Ал, рухани байлықтар - дене тәрбиесі мен спорт саласындағы арнаулы білім, ғылыми зерттеулер, озық тәжірибелер, әдістемелер, идеялар екені белгілі.

Сондай-ақ, спорт дегеніміз - әр түрлі жаттығулардың көмегімен жоғары жетістіктерге қол жеткізуге бағытталған өнер түрі. Ол адамның психикасының, дене қуатының жетілуін қамтамасыз етеді. Спорттық әрекеттің негізгі мақсаты, спорттың бір түрінен биік жетістіктерге жету, сол арқылы адамның қабілетін, жақсы қасиеттерін дамыту деп көрсетеді.

Дене мәдениетінің бағыттары; негізгі дене мәдениеті, спорт, сауықтыру, қолданбалы дене мәдениеті және жеке басылық дене мәдениеті.

Негізгі дене мәдениетінің міндеттері - біріншіден адамдардың өмірге керек қимылының шеберлігі мен дағдысын қалыптастыруы, дене қуаты қасиеттерінің деңгейін дамытуы, екіншіден осы жинақтаған қасиеттерді (базаны, негізді) адамдардың қалап алған мамандықтарына (кәсіптік, спорттық т.б.) қолдануы. Негізгі дене мәдениеті жалпы білім беретін мектептерде, колледждерде, жоғарғы оқу орындарында, оқу - тәрбие мекемелерінде дене тәрбиесі сабақтары, әртүрлі жаттықтыру түрлерінде жүргізіледі.

Қолданбалы дене мәдениеті кәсіптік және әскери деп екіге бөлінеді. Ол өмірге, келешек мамандыққа өте қажет кешенді қимыл - әрекеттерді игеру, дене тәрбиесі арқылы өз мамандықтарын (әскери де, азаматтық та) жақсы меңгеру, терең түсінуге бағытталады.

Сауықтыру дене мәдениеті – емдік және денсаулық нығайту дене мәдениеті деп бөлінеді. Емдік дене мәдениетінің мақсаты адам ағзасы мүшелерінің ауырып, уақытша жоғалтып алған қызметтік мүмкіншіліктерін дене жаттығулары арқылы қалпына келтіру. Денсаулық нығайту дене мәдениеті – денсаулықты нығайтуға, жаттығушылар ағзасының жұмыс істеу қабылетін арттыруға қызмет етеді. Сабақ арасында, жұмыста (сергіту сәттері, өндірістік гимнастика, дене жаттығулары) күнделікті тұрмыста (танертеңгі бой жазу, өз бетімен жаттықтыру сабақтары, серуендеу, саяхат, жорық т.б.) қолданылады.

2014 жылғы 3 шілдеде Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Заңды қабылдау мақсаттары мыналар болып табылады: - дене шынықтыру және спорт саласындағы базалық құқықтық құжатты жетілдіру; - дене шынықтыру мен спорттың орнықты жүйесін және аталған салада тиімді мемлекеттік басқаруды құру; - спортта допингтік құралдарды және (немесе) әдістерді пайдалануға қарсы іс-қимылдың құқықтық тетіктерін жасау; - дене шынықтыру және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін жүйелендіру; - спорт саласындағы ескірген, тиімділігі төмен құқық нормаларын ауыстыру; - осы саланы құқықтық реттеудегі олқылықтарды толықтыру. Заң дене шынықтыру және спорт саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, бұқаралық спортты дамытудың құқықтық тәсілдері мен тетіктерін айқындайды. Әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарлар: - бұқаралық дене шынықтыруды, әуесқой және кәсіпқой спортты дамытуға ықпал ету; - спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жүйесін жетілдіру; - қоғамда дене шынықтыру-спорттық бұқаралық қозғалысты дамыту; - спортшыларды ынталандыру шараларын арттыру жастардың спортпен шұғылдануына және жоғары спорттық жетістіктерге қол жеткізуіне ықпал ететін болады; - спортты дамытуға қойылатын қазіргі заманғы талаптар дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтардың санының артуына, жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізуіне, жоғары дәрежелі спортшылардың әлеуметтік кепіліне ықпал ететін болды. Заң теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға әкелмейді.

Осы Заң Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спорт саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, бұқаралық дене шынықтыру, әуесқой және кәсіпқой спорт қызметін қамтамасыз етудің және оларды дамытудың құқықтық, ұйымдық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Назарбаев Н.Ә. Азаматтардың құқықтары мен еркіндігін қорғау – мемлекетімізді нығайтудың маңызды мәселесі. //Егемен Қазақстан. - 2000, сәуір-21.

2 ҚР Президентінің 1995ж 21 маусымдағы «Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқытуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» №2347 қаулысы.- Астана, 1995.

3 ҚР Үкіметінің 1996ж 13 мамырдағы «Қазақстан Республикасында құқықтық жаппай білім алудың 1996-98 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы туралы» қаулысы.- Астана, 1996.

3 Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Среднее общее образование. Основные положения. – Астана, 2006.– 76 с.

4 Бала құқықтары туралы Конвенция. 1989ж, 20 қарашада БҰҰ қабылдаған. -Алматы, 1995.

5 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002ж 8 тамыздағы №345 Заңы //Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы.-2002, №17.-154 құжат.

6 «ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2004ж 7 шілдедегі Заңы /Егемен Қазақстан. - 2004, шілде-14.- №176.

7 «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңы.

8 «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». ҚР Президенті Н. Назарбаевтың 2007ж 28 ақпандағы Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. -2007, наурыз-1. - №55

9 Ішкі істер органдары қызметтерінің материалдары /Өкімшілік полиция комитеті/ Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыздықтың және панасыз қалудың алдын алу жөніндегі 2008-2009 жылдарға арналған жоспарын іске асыру бойынша ақпарат (Ақпараттар ҚР Ішкі істер министрлігінің сайтынан (www.mvd.kz) алынды)

10 Маханбетова А.Ә. Оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру. -Алматы: Қазақпарат, 2009.- 128 б.

11 Шынтемірова Б.Ғ., Шайхиев Т.Т. Құқық теориясының негіздері. Мектеп оқушыларына арналған оқу құралы. – Алматы: Білім, 1999. – 104 б.

12 Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері: Оқулық /Құрастырған Е.Баянов. – Алматы, 2003. – 692 б.

13 Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері. – Алматы: Атамұра, 1998. – 168 б.

14 Ғабитов Т. Философия. Оқулық. – Алматы: Юрид. лит., 2003.

15 Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ.